СЕНБІ
№80 (4328)
22.07.2023

AIQYN апта

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ПРЕЗИДЕНТ МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады.

Мемлекет басшысына Парламенттің төменгі палатасының VIII шақырылымының I сессиясы аясындағы қызметі туралы мәлімет берілді. Сессия басталғаннан бері мәжілісмендердің қарауында болған 82 заң жобасының 20-на депутаттар бастамашылық жасады. Олардың ішінде Заңсыз иемденілген активтерді қайтару, Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама, Семей ядролық қауіпсіздік аймағы, сұйытылған газ айналымы, электрлі самокаттардың қозғалысын реттеу туралы және басқа да заңдар бар.

Мәжіліс спикері конституциялық реформаның қорытындысы бойынша Палатаның жұмыс форматына енгізілген өзгерістер жөнінде айтты. Мәжілістің 6 партиялық фракциядан, сондай-ақ бір мандатты депутаттардан жасақталуы заң шығару жұмысының ашықтығын арттырып, сайлаушылармен кері байланысты күшейтті. Олар Үкімет мүшелеріне жолдаған депутаттық сауалдарында азаматтардың өзекті мәселелерін көбірек көтере бастады.

Өткен сессия барысында алғаш рет жылумен қамтамасыз ету саласындағы басқаруға қатысты Жоғары аудиторлық палатаның есебі тыңдалды және аталған салада кешенді проблемалар бар екені анықталды.

Депутаттар қоғамдағы, соның ішінде өңірлерге жасаған сапарлары кезінде жинақтаған проблемалар бойынша жауапты министрліктер басшылығының алдына бірқатар нақты мәселе қойды. Жылу электр орталықтарын және жылумен қамтамасыз ету желілерін жаңғыртуға ерекше назар аударылды.

Қазіргі таңда мәжілісмендер өңірлерде халықпен кездесулер өткізіп жатыр. Сапар барысында Мәжілістің келесі сессиясында қаралатын Су, Бюджет, Салық және Қала құрылысы кодекстерінің жобалары бойынша талқылаулар ұйымдастырылып, ұсыныстар жинақталады.

Сонымен қатар Ерлан Қошанов парламенттік дипломатия аясында атқарылған жұмыстардың қорытындысы туралы айтты. Сессия басталғаннан бері Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Түркия, Өзбекстан парламенттерінің басшыларымен және басқа да елдердің заң шығарушы органдарының өкілдерімен кездесулер өткізілген.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Мысыр Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Әбдел Фаттах Ас-Сисиді және Мысыр Араб Республикасының барша халқын ұлттық мейрамы – Революция күнімен құттықтады. Мемлекет басшысы Қазақстан мен Мысыр арасындағы дәстүрлі достық қатынастар мен берік ынтымақтастық халықтарымыздың игілігі жолында одан әрі нығая беретініне сенім білдірді.

Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА, Мәжіліс депутаты:

ЖАҢА ЗАҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ БӘСЕКЕНІ АРТТЫРАДЫ

Заман талабына сай еңбек нарығы да өзгеріске ұшырап келеді. Қазір білікті маманның көрсеткіші – оның дипломы емес, қарым-қабілеті. Шетелде біліктілікті сертификаттау – бұрыннан бар үрдіс. Жақында Мемлекет басшысы «Кәсіптік біліктілік туралы» Заңға қол қойды.

4 ▸▸

АҢЫЗБЕН АСТАСҚАН ЖОЛБАРЫСҚАМАЛ

Қасиетті Әулиеата өңірі – аңыз-әпсаналарға бай мекен. Мұнда есте жоқ ескі заманнан сыр шертетін тарихи орын көп. Міне, сондай аңызбен астасқан аймақтың бірі – Жуалы ауданындағы Жолбарысқамал бекінісі.

16 ▸▸

«ҚАРМАҒЫМДЫ ҚАП, БАЛЫҚ...»

11 БЕТ

ҚҰМ ҚҰРСАУЫНДАҒЫ АУЫЛДАР

12 БЕТ

ЖЕТЕЙІН ДЕСЕМ ЖЕТЕ АЛМАЙ...

Қазақстандықтар үшін жыл он екі ай жолаушылар пойызына билет алу мұң. Халық қасқалдақтың қанындай қат болған билеттерді санаулы уақыт қалғанда жекеменшік кассалардан екі есе бағаға сатып алуға мәжбүр. Жолаушылардан бұрын алыпсатарлар санаулы сағаттың ішінде 45 күн бұрын шығатын билетті де алдын ала үптеп кетеді. Алайда құзыретті мекемелер жолаушылар тасымалындағы жүгенсіздікті жөнге салып, жекеменшік кассалардағы делдалдардың қолындағы билетті бақылауға алуға құзыры жүрмейтіндерін айтады. Себебі қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарса...

6 ▸▸

КВАНТ БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ МЕ?

Соңғы уақытта кванттық физика, кванттық байланыс, кванттық секіріс сынды терминдер жиі айтылып келеді. 1922 жылы дат ғалымы физик Нильс Бор атом құрылысының кванттық теориясын жасап, физика саласындағы Нобель сыйлығын алғаннан бастап бұл ұғым сәнге айнала бастады десек те болардай. Квант туралы көптеген ғылыми теория жазылып, неше түрлі әдеби шығармалар туды, жүздеген көркем фильм түсірілді. Әсіресе, Голливуд ұжымы бұл тақырыпты кеңінен қаузап, ғылыми-фантастикалық киноларды жауыннан кейінгі саңырауқұлақша қаптатты. «Матрица», «Интерстеллар», «Дежавю», «Люси», «Гаттака» («Планета Ка-Пэкс»), «Куб 2: Гиперкуб», «Бұлт атласы», «Мандела эффектісі» секілді фильмдер – осының айғағы. Сонымен, квант дегеніміз не?

10 ▸▸



www.aikyn.kz
e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ШАЛА ТУҒАН ШАҚАЛАҚТЫ ҚҰТҚАРДЫ

Алматылық неонатологтар 980 грамм болып туған шақалақтың өмірін аман алып қалды. Нәресте жүктіліктің 29-аптасында дүниеге келген.

Анасына Алматы қаласының №2 қалалық перинаталдық орталығында кесарь тілігі жасалды.

«Бала 23 күн бойы өздігінен дем ала алмады, себебі өкпесі жетілмеген, сонымен қатар оған пневмония, жедел респираторлық дистресс-синдромы, өкпе ателектазы, 2-дәрежелі қарыншаішілік қан кету, некротикалық энтероколит, церебральды депрессия синдромы, қозғалыс белсенділігі, диффузды бұлшықет гипотензиясы, шартсыз рефлекстердің тежелуі, өте қысқа ояну кезеңдері, ми ишемиясы, ДВС-синдромы диагнозы қойылған», – деп хабарлады Алматы қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы.

Бөлім меңгерушісінің міндетін атқарушы Жұлдыз Ахметқалиева жаңа туған нәрестеде тромбоздың бұзылуымен сипатталатын және тромбозбен де, қан кетумен де қатар жүретін күрделі патологиялық процесс болғанын айтты.

«23 күн бойы нәресте механикалық желдетуде жатты. Жағдайды тұрақтандырған соң біз оны аппараттан алып, тағы үш күн жансақтау бөлімінде бақыладық. Содан кейін ол реанимация бөлмесіне ауыстырылды. Онда 7 күн жатып, кейін анасымен бірге болу үшін палатаға ауыстырылды. Қазір баланың салмағы 2300 грамм», – деді Жұлдыз Ахметқалиева.

Сондай-ақ реанимацияда дәрігерлер сәбидің көру, есту қабілетін сақтау үшін күресіп, біртіндеп өздігімен тамақтануға және асқазан-ішек жолдарының қалыпты жұмысына көшірген.



33 МЫҢ СТУДЕНТ ЖАТАҚХАНАҒА МҰҚТАЖ

Алматыда студенттер жатақханасына деген қажеттілік 33 мың орыннан асады. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің ректорлармен және инвесторлармен кездесуінде айтылды.

Кездесуде жоғары оқу орындарының жаңа оқу жылына дайындығы және студенттерді баспанамен қамтамасыз етуге байланысты мәселелері талқыланды. Студенттік жатақханаларда орын тапшылығы мәселесін шешуге, қолданыстағы жатақханаларды жаңғыртуға және студенттердің жайлылығын арттыру үшін жаңа технологияларды енгізуге ерекше назар аударылды. Сондай-ақ жаңа студенттік жатақханалардың құрылысындағы ілгерілеушілік қарастырылып, Алматыда студенттік жатақханалардың құрылысы бойынша жобаларды іске асырумен айналысатын жобалық кеңсенің жұмысы туралы ақпарат ұсынылды.

«Көріп отырғанымыздай, бүгінгі таңда Алматы ЖОО-ларында оқуға ниет білдірушілер көбейіп келеді. Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының деректері бойынша жатақханаға қажеттілік 32 718 төсек-орынды құрап отыр. Бұл – жаңа қабылдауды есепке алмағандағы болжам. Осыған байланысты былтырғы тәжірибені және осы мәселе бойынша тәуекелдерді ескере отырып, жан-жақты шаралар қабылдау қажет. Жоғары оқу орындарының басшыларына 15 тамызға дейін барлық жоспарланған жөндеу жұмыстарын аяқтауды, сондай-ақ корпустарда, жатақханаларда, асханаларда және санитариялық тораптарда толық дезинфекциялау жұмыстарын жүргізуді тапсырамын», – деді министр.

ЖАЛҒАН АНЫҚТАМАМЕН ЖАРҒА ЖЫҚТЫ

Астанада стоматолог-дәрігер, медицина ғылымдарының кандидаты Жеміс Айдарбекова өз басынан өтіп жатқан жағдайға байланысты Мемлекет басшысынан араша сұрады.

Оның айтуынша, бұрынғы күйеуі Мәскеу қаласындағы №4 П.Б.Ганнушкин атындағы психиатриялық емханаға зорлықпен жатқызып, «есі дұрыс емес» деген жалған анықтама жасатқан. Мұны қасақана түрде жеке кәсібін тартып алу мақсатында ұйымдастырған. Бүгінгі таңда осы емханада адамды зорлықпен жатқызу үшін 40 мың рубль жеткілікті екені анықталған. Осы емханадан алынған анықтама Ж. Айдарбекованың Алматы қаласындағы тіс емханасын тартып алып, үш баласын көруге құқығы шектелуіне негіз болған екен. Бұл мәселе бойынша бірнеше мәрте қылмыстық іс қозғалғанмен, бұрынғы күйеуі Р.Гаджиевке заң шеңберінде еш шара қолданылмаған.

Бүгінгі таңда өз еңбегімен құрған кәсібінен де, үш баласынан айырылған ана көптеген заң бұзушылық болып жатқанын күйіне жеткізді.

– Мен Руслан Гаджиев есімді Қазақстан азаматына тұрмысқа шықтым. Біздің үш баламыз бар. Өзімнің жеке тіс емханамды 2007 жылы ашқан болатынмын. Ал күйеуім онда қарапайым тіс дәрігері болатын. Бүгінгі таңда бұрынғы күйеуім жалған анықтама арқылы жеке кәсібім мен балаларымды тартып алды, – дейді ол.

Түрлі жағдайлармен қоқанлоқы көрсеткен күйеуі оған айтқан талаптарына келіспесе жағдайы бұдан да қиын болатынын айтып қорқытқан. «Маған кәсібіннің 100 пайызын бересің, есесіне саған үй қалады» деп уәде берген күйеуінің сөзіне сенген ол ақырында барлығын тартып алмақ болғанын айтады.

Ж.Айдарбекова қаншама дәлел-дәйектері бола тұра, құзырлы мекемелердің ешқандай әрекетсіз отырғанына қынжылады.

Наурызбек САРША

МЕКТЕП АУЛАСЫНДА СУИЦИД ЖАСАДЫ

Көкшетауда мектеп ауласында асылып қалған бойжеткеннің денесі табылды. Бұл туралы Ақмола облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі мәлімдеді.

Ведомствоның мәліметінше, 20 шілдеде Әуелбеков көшесі, 177-үй мекенжайы бойынша орналасқан №16 орта мектеп аумағында асылып тұрған қыздың денесі табылғандығы туралы 102 желісіне телефон арқылы хабарланған.

«Шақыру орнына Көкшетау қалалық ПБ жедел-тергеу тобы бағытталды. Асылып қалған бойжеткеннің Көкшетау қаласының 18 жастағы тұрғыны екені анықталды. Осы дерекке байланысты Қылмыстық кодекстің 105-бабы 1-бөлігі «өзін өзі өлтіруге жеткізу» бойынша сотқа дейінгі іс қолға алынып, сараптама тағайындалды. Оқиғаның себептері мен мән-жайлары анықталу үстінде», – дейді ПД баспасөз қызметінің жетекшісі Гүлнар Пинчук.

АТАСЫН АЛДАҒАН АЙЛАКЕР КЕЛІН

Шымкентте келін қайын атасының атына екі рет несие рәсімдеп, ақшаны өзі иемденіп алған.

Абай ауданының тұрғыны полицияға өзінің атына заңсыз несие рәсімделгені туралы арызбен жүгінді. Ер адамның айтуынша, ол кезекті төлем туралы хабарлама келген кезде несие туралы кездейсоқ білген. Полицейлер бұл жайтты ҚР ҚК-нің 190-бабы (Алаяқтық) бойынша тіркеді.

Тәртіп сақшылары күдіктінің жеке басын анықтау үшін бірқатар жедел іс-шара жүргізді. Жәбірленушіден, оның отбасы мүшелерінен және әріптестерінен сұрақ-жауап алынды. Смартфонын көбіне қайда және қашан қалдырғаны, жеке деректерін кімге жария еткені, сондай-ақ ақша аударымдары тексерілді. Нәтижесінде, күдікті анықталды. Ол шағымданушының келіні болып шықты. Өзінің қылығы туралы қайын атасының біліп қойғанын байқап, Түркістан облысындағы туыстарына қашып кеткен. Айлакер келін атасының телефоны арқылы интернет-банкингті жасырын пайдаланғаны белгілі болды.

– Бірнеше айдың ішінде әйел туысының атына жалпы сомасы 750 мың теңгеге тауар алу үшін 2 несие рәсімдеген. Оларды қолма-қол ақшаға айналдырып, қаражатты өз шотына аударып алған. Күдіктіге қатысты ешқайда кетпеу туралы қолхат түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылды. Қазіргі таңда сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде, қорытындысы бойынша процессуалдық шешім қабылданатын болады, – деді Абай аудандық полиция басқармасының анықтаушысы Серік Жантаев.

РЕКОРДТЫҚ СОМАДА НЕСИЕ АЛДЫ

Елімізде маусым айында жеке тұлғаларға берілген несиенің жалпы көлемі 1,2 триллион теңгеден асты. Бірінші кредиттік бюроның ақпаратынша, оның ішінде кепілсіз тұтынушылық несие көлемі 800 миллиард теңгеден аса сома құрайды. Бұл – рекордтық көрсеткіш.

Бұдан басқа қазақстандықтарға 130 миллиард теңгеден астам сомаға автонесие берілді. Мұндай көрсеткіш те бұрын-соңды болмаған.

«Бір ай ішінде 2,5 миллионға жуық адам жаңа несие алған. Одан бірнеше мыңға көбірек көрсеткіш 2022 жылдың қарашасында ғана байқалған еді. Жағымды жаңалықтың бірі – ипотекалық қарыз берудің орташа мөлшері азайған. Маусым айында ол 15,4 млн теңгеге тең болды», – делінген хабарламада.

Еске сала кетсек, қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі әзірлеген құжатқа сәйкес, алдағы уақытта банктер мен микроқаржы ұйымдарына төлемін 90 күнге кешіктірген тұрғындарға кредит беруге тыйым салынбақ. Демек, мерзімі өткен борышын өтеу үшін азаматтар қайта қарыз ала алмайды.



ӘУЕБИЛЕТТЕР ЖЕҢІЛДІКПЕН САТЫЛАДЫ

Елімізде мүгедектігі бар жандардың өмір сүру сапасын жақсарту және құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспар бекітілген болатын. Оның мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар тұлғалардың өмір сүру сапасын жақсарту мен құқықтарын қамтамасыз ету жолында барлық тартылған тараптың үйлесімді іс-қимылының стратегиясын, құрамы мен жүйелілігін қамтамасыз ету. Осы ретте Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Ерлан Әбдиев ерекше қажеттіліктері бар адамдардың мәселелерін жиі қозғап, оларға әуебилеттерге жеңілдік қарастыру керек екенін өзінің депутаттық сауалдарында көтерген еді.

Осыған орай FlyArystan компаниясы 1-топтағы мүгедектігі бар жандар үшін және бірге еріп жүруші адамға еліміз бойынша әуебилеттеріне 50 пайыздық жеңілдік ұсынып отыр.

«Менің алғашқы депутаттық сауалымның бірі мүгедектігі бар жандарға әуебилеттерге жеңілдіктер болмауына байланысты болды. Осы мәселе бойынша Парламент қабырғасында тақырыптық отырыс ұйымдастырдым. Оған мемлекеттік органдар мен әуекомпаниялардың өкілдері қатысты. Әуетасымалдаушылардың бірі FlyArystan мүмкіндігі шектеулі жандарға жеңілдіктер жариялады», – деп жазды Ерлан Әбдиев.

Айта кетейік, еліміз бойынша «AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында қоғамдық нысандарға мониторинг жүргізілуде. Жобаның мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту және олар үшін кедергісіз орта құру.

Сондай-ақ партияның сайлауалды бағдарламасы аясында алдағы 5 жылда мүгедектігі бар жандарға берілетін жәрдемақы мөлшерін арттыру, мүгедектікті растау рәсімін жеңілдету, сондай-ақ әлеуметтік қызметтер порталының жұмысын қайта форматтау жоспарлануда. Сонымен қатар аутизмі бар балаларға арналған орталықтар, мүгедектік қаупін азайту үшін патологияны ерте анықтау орталықтары және аудандық деңгейде оңалту орталықтары ашылатын болады.

Н.САРША

БИЗНЕСКЕ БЕЙІМДЕЙТІН ЖОБА

Жетісу облысында «Ауыл аманаты» жобасының жай-жапсарын түсіндіру жұмысы жалғасуда. Жұртшылықтың ауылда еңбек етіп, тиісінше тұрақтауына бағытталған жоба жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Жобадағы басты мақсат – ауылдағы жұмыссыздықты жою, ауыл халқын жеке кәсібін дөңгелету арқылы табыс табуға үйрету, осы бағытта қолдау көрсету.

Күні кеше партияның мобильді тобы Кербұлақ ауданындағы Қарашоқы ауылының тұрғындарымен кездесіп, жергілікті ағайынға жобаның мақсаты мен міндетін, табыс табудың жолдарын түсіндірді.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасы Кербұлақ аудандық филиалының консультант менеджері Маржан Түменбаеваның айтуынша, аудан бойынша кәсібін ашу мақсатында 30 өтінім келіп түссе, солардың ішіндегі 16-ы өтінім осы Қарашоқы ауылынан келген. Барлық бизнес жоба әлі қаралым үстінде.

«Жеке кәсібімді дөңгелетемін деген жандарға бұл жоба үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Жобада ауылдағы ағайынды 2,5 пайыздық жеңілдетілген несиемен қамтып, сонымен қатар ауылшаруашылық техникасын алуға лизинг беру қарастырылған. Одан бөлек, агроөнеркәсіп саласында кәсіби біліктілігі мол мамандардан тегін кеңестер беріледі. Ал әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы кооперативтердің жұмысын үйлестіріп отырады. Мұның барлығы елді еңбекпен қамтуға Үкімет тарапынан үлкен қолдау барлығын білдіреді», – деген Маржан Нұрмұхамбетқызы бағдарламаның тиімділігін тізбектеп, түгендеп, түсіндірді.

Жеке қосалқы шаруашылықты игеруге енді ғана кіріскелі отырған болашақ кәсіпкерлер де жобаға үлкен үміт артады. 40 жастағы Майдан Бердік – солардың бірі. Ол Мемлекет басшысының бастамасымен іске асқан жоба бойынша мал өсірумен және сүт өндірісімен айналыспақ. Жалпы, жергілікті жердегі мал шаруашылығы бойынша жобаларын ұсынған тұрғындар кооперация құруды жоспарлап отыр.

Қарашоқы ауылындағы кәсіпкер Майдан Бердіктің айтуынша, қарапайым халық үшін тиімділігі мол жобаның мән-мағынасын жете түсінген жандардың құлшынысы керемет.

«Маған жобаның тиімділігі ұнады. Сондықтан халыққа оны жүзеге асырып, несиені рәсімдеу оңайырақ болады. Осы жоба арқылы жұмыссыз жүрген ауылдастар, жастар жеке кәсібін ашып, Үкімет тарапынан жасалып отырған қолдауды сезінері сөзсіз. «Ауыл – ел бесігі» демекші, жаңадан ашылған жобалар арқылы ауылымыз гүлдейді. Оның үстіне, жергілікті әкімдік те, «AMANAT» партиясы да мүмкіндігінше көмектесіп, қолдау көрсетіп отырады. Бұл өте маңызды. Себебі сала мамандарының кеңесі жеке кәсібін енді дөңгелетем деушілерге өте керек», – дейді Майдан Бердік.

Кербұлақ ауданы туристерге, әсіресе шетелдік туристер үшін тартымды өңір. Сол себепті белсенді ауыл тұрғындары туристік жобаларды да ұсынып отыр.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында қант қызылшасы, тауарлысүт фермасы сынды негізгі жобаларға қолдау көрсетіледі және тұтынушыларды елімізде өндірілген қант және сүтпен қамтамасыз етуге нақты қадамдар жүзеге асырылады.

Бүгінде облыста жоба бойынша 272 өтінім түсіп, оның 23-і мақұлданып, алғашқы 9 өтінімді 27,2 млн теңгеге қаржыландыруға кредиттік шарттар жасалып, қол қойылған.

Болат АБАҒАН,

Жетісу облысы

ҮЙЛІ БОЛЫП, ҮМІТІ АҚТАЛДЫ

Павлодар облысы Екібастұз қаласында 72 пәтерлік тұрғын үй пайдалануға берілді. Ол «AMANAT» партиясының өңірлік сайлауалды бағдарламасы аясында салынды.

Пәтер кілтін Павлодар облыстық мәслихатының төрағасы, «AMANAT» партиясы Павлодар облыстық филиалының төрағасы Илья Теренченко және Екібастұз қаласының әкімі Аян Бейсекин табыстады.

– «AMANAT» партиясы өз үйіне қол жеткізуді армандап жүрген жандардың тілегінің орындалуына мүмкіндік жасайды. Кеншілер қаласында құрылыс қарқыны өсіп, дамып келеді. Жақын арада 72 пәтерлік тағы бір тұрғын үй жалға беріледі. 2027 жылдың соңына дейін Екібастұзда 528 пәтерлік 8 үйді салу және оны тапсыру жоспарланған», – деді Илья Теренченко.

Баспанаға жетім балалар, көпбалалы және әлеуметтік осал топтағы отбасылар ие болды. Жаңа пәтерлер бұл күнді жылдар бойы күткен кезектегі жандарға берілді. 2011 жылдан бері кезекте тұрған Гүлсім Баталова да өз пәтерінің кілтін алды.

«Бұл – менің алғашқы пәтерім. Мұнда ұлыммен тұратын боламын. Қуанышымды айтып жеткізе алмаймын. Үйді тезірек тапсыруға көмектескен жандарға алғысымызды білдіреміз», – деді ол.

Айта кетейік, партияның облыстық сайлауалды бағдарламасына сәйкес, 2027 жылдың соңына дейін өңірде 15 мың пәтер салу жоспарланған. Бұдан басқа, тұрғын алаптарда жеке үйлер салу үшін кемінде 1,3 мың жер учаскесі берілетін болады. Алдағы 5 жыл ішінде барлығы 20 мыңға жуық отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

ДАУ МҰРАТЫ – БІТУ

Петропавлда тұңғыш рет бизнес өкілдері үшін дауларды шешудің баламалы тәсілдеріне арналған форум өтті.

Роза ШӘКЕН

Қазақ даласының ерекшелігі – дауды сотқа жеткізбей, бітімгершілік жолымен шешу. Біздің елімізде дауды сот арқылы шешу тым ұзаққа созылатыны, тараптарды жалықтыратыны және жалпы, аса жақсы үрдіс саналмайтыны да осы жиында айтылды.

Бұл орайда «AMANAT» партиясы облыстық филиалы мен «Халықаралық медиация орталығы» қоғамдық бірлестігі өкілдігінің арасында жасалған меморандум аясында бірқатар мәселе оң шешімін табуда.

«Биыл 31 мамырда қол қойылған меморандум шеңберінде тараптар бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бірлесе жұмыс істеп жатыр. Біз жеке және заңды тұлғалар арасында туындайтын дауларды реттеудің соттан басқа балама тәсілдерінің артықшылықтарын кеңінен тарату мақсатында ынтымақтастықты жүзеге асырудамыз. Сондай-ақ біз дауларды медиация тәртібімен реттеудің артықшылықтары туралы халықты хабардар етеміз, түрлі дауды реттеуде медиаторлардың қатысуымен бір-бірімізге жәрдемдесеміз. «Заңгерлік көмек», «Құқықтық көмек» партиялық жобалары аясында қоғамдық қабылдау алаңында азаматтарды қабылдаймыз. Жүгінушілердің мәселелері Алтын би Қалкенқызы бастаған бітімгерлердің қатысуымен қаралады әрі бірқатары оң шешімін тауып та жатыр», – деді «AMANAT» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының атқарушы хатшысы Жеңіс Асанов.

Оның айтуынша, меморандумға қол қойылғаннан бері 2 айға толар-толмас уақытта 7 қабылдау өткізіліп, оған 50-ден астам адам жүгінген. Олардың өтініші негізінен еңбек келісімшартынсыз жұмысқа орналасу немесе оның шарттарының құрылыс, ауыл шаруашылығы салаларында сақталмауы туралы. Жалпы, жыл басынан бері қоғамдық қабылдау бөлмесіне келіп түскен өтініштің 80-нен астамы – еңбек даулары мен жұмысқа орналастыруға байланысты. Оның ішінде еңбек заңнамасының бұзылуы, жалақы төлемеу, зейнетақы төлемдерін аудармау туралы арыздар бар. Мәселен, «Петропавл қаласының халықаралық әуежайы» АҚ-ның зейнетақы төлемдері бойынша 2007 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі қарызы 34 миллион теңге шамасында. Жұмысшылар еңбек өтілін жоғалтып, ең төменгі кесте бойынша зейнет демалысына шығып жатқандарына наразы. Сондай-ақ еңбек келісімшартынсыз адамдарды жұмысқа қабылдап, ақыр соңында еңбекақысын төлемеген құрылыс компаниялары мен ауыл шаруашылығы құрылымдарына қатысты шағым көп. Мәселен, Ғ.Мүсірепов атындағы аудандағы ЖШС-лардың бірінде 26 сәуірден бастап 28 маусымға дейін көктемгі егісте атқарған жұмысы үшін небәрі 50 мың теңге жалақы алған жұмысшы араша сұрап «AMANAT»-қа келген. Мұндай шағымдардың кейбіреуі партияның араласуынан кейін қанағаттандырылды. Мәселен, Уәлиханов ауданында тұратын Қымбат Ысқақова, ақжарлық Ғалия Ахметова, «КазЕвростройЖШС»-ынан мандай ақысын талап еткен ағайынды Губанковтардың мәселесі оң шешімін тапты. Кейбір мәселе бойынша ауызша, жазбаша ақыл-кеңес берілді.

«AMANAT» партиясының облыстық филиалы алдағы уақытта да азаматтардың мәселелерін шешу, құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында медиаторлармен бірлескен жұмысты жалғастыруға мүдделі. Медиаторлар да кет әрі емес. «Халықаралық медиация орталығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің негізін қалаушы, медиация сарапшысы Назым Тулекеева, әсіресе қоғамдық қабылдау алаңын пайдалануға ниетті екенін қадап айтты.

Бүгінде ел Президенті барлық даудың 90 пайызы медиация жолымен шешілуі тиіс деген міндет қойып отыр. Назым Мүтәллапқызының айтуынша, медиацияның көмегімен шешімін тауып жатқан мәселелердің тең жартысы отбасы-тұрмыстық қарым-қатынасқа байланысты. Одан кейінгі орында – жасасқан келісімнің шарттарын орындамауға қатысты даулар.

«Қазір тіпті аса ауыр емес қылмыстық істер бойынша да медиация дамып келеді. Соңғы кезде мемлекеттік органдар мен қоғам бітімгершілікке бойлары біртіндеп үйреніп келеді. Оған статистика дәлел: 2014 жылы медиация жаңа басталған кезде ел бойынша барлығы бір мың процедура жасалса, қазір төрт мыңнан астам. Біздің мақсатымыз – осындай форумдар арқылы көп істі сотқа жеткізбей шешуге болатынын насихаттау», – деді медиация сарапшысы Назым Тулекеева.

Бірақ оның айтуынша, Солтүстік Қазақстан облысында медиация 2021 жылдан бері ғана жақсы серпін алған. Себебі оған дейін бұл өңірде орталықтың өкілі болмаған. Бүгінде медиацияны дамыту бойынша солтүстіктегі өкілдік алдыңғы қатарда.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ІМС өкілдігінің директоры, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Қарағанды облыстары бойынша өңірлік кураторы Алтын Би Бесембаева келтірген деректерге үңілсек, 2021 жылдың сәуірінен бастап осы күнге дейін 6 300-ден астам медиация процедурасы өткізіліпті, ал биылғы жылдың алғашқы жартысында екі мыңға жуық дау бітімгерлік жолымен шешімін тауып, тіпті шаңырағы шайқалғалы тұрған 50 шақты отбасын сақтап қалудың сәті түскен. Даудың барлығы 100 пайыз шешімін тапқан.

Форум жұмысына қатысқан Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы Ербол Жанғазин бүгінде ел заңнамасы даудың бітімгершілікпен аяқталғанына бағытталып отырғанын, соттар да тараптарды татуластыруға ықпал ететінін атап өтті. Ол сондай-ақ медиацияның уақыт пен қаржы үнемдеу, дауды тиімді шарттармен шешу, достық қарым-қатынасты сақтап қалу сияқты артықшылықтарына тоқталды. Қазір облыс соттарында 31 татуластырушы судья жұмыс істейді. Сот төрағасының айтуынша, биылғы жылдың бірінші жартысында талап-арыздардың 18 пайызы бітімгершілік жолымен шешілген.

Қазақстандық медиаторлар соңғы кезде халықаралық деңгейдегі дауларды шешуге де атсалысып жүр. Халықаралық медиация орталығының құрылтайшысы Қайрат Тулекеевтің айтуынша, осы уақыт ішінде халықаралық дәрежеде 23 елдің қатысушыларымен екі мыңдай процедура өткізіліпті.

Қазақстан дүниежүзінде медиация бойынша көшбасшыға айналуы әбден мүмкін. Себебі қазақ халқының ұлы даласы – ұлы өркениеттің аумағы, аты аңызға айналған билер мен қолбасшылардың туған жері. Бітімгершілік – қазақтың қанына туабіткен генетикалық код. Сондықтан халықаралық деңгейде көш бастауға еліміздің әлеуеті де, мүмкіндігі де жетерлік. Форумда медиаторлар осы мәселені де көтерді. Ендігі мақсат – қазақ халқының салт-дәстүрін негізге алып, ұлы далада ежелден жұмыс істеген билер институтының жаңартылған заманауи нұсқасын күллі әлемге паш ету.

Солтүстік Қазақстан облысы

Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА, *Мәжіліс депутаты:*

ЖАҢА ЗАҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ БӘСЕКЕНІ АРТТЫРАДЫ

Заман талабына сай еңбек нарығы да өзгеріске ұшырап келеді. Қазір білікті маманның көрсеткіші – оның дипломы емес, қарым-қабілеті. Шетелде біліктілікті сертификаттау – бұрыннан бар үрдіс. Жақында Мемлекет басшысы «Кәсіптік біліктілік туралы» Заңға қол қойды. Заң жобасының негізгі мақсаты – азаматтардың кәсіптік дәрежесін тану тәртібімен байланысты қоғамдық қатынастарды кешенді реттеудің тиімді құқықтық негізін қалыптастыру. Заң жобасында кәсіптік деңгейін тану арқылы еңбек нарығын реттеу тетіктерін жүйеге келтіруге бағытталған Ұлттық біліктілік жүйесі алғаш рет енгізілмек. Осыған орай, Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Жұлдыз Сүлейменовамен әңгімелестік.

ҰЛТТЫҚ БІЛІКТІЛІК ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛЕДІ

– Жақында «Кәсіптік біліктілік туралы» Заң қабылданды. Бұл заңның мәні мен маңызы қандай?

– Заң жобасы кәсіптік біліктілік саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған. Бүгінгі таңда Ұлттық біліктілік шеңбері әзірленіп, бекітілді. 2018 жылдан бастап еңбек нарығының құрылымын нақтылау үшін көрсетілетін қызметтердің жаңа ұлттық жіктеуіші енгізілді. Бұл құжаттың құрамында 12 мыңға жуық кәсіп пен лауазым бар. Заң жобасындағы негізгі жаңалықтарды атап айтсам...

Бірінші, Ұлттық біліктілік жүйесі алғаш рет енгізілуде. Ұлттық біліктілік жүйесін қалыптастыру және дамыту мамандардың кәсіптік біліктілігін тану процесін жүйелеуге мүмкіндік береді, мамандардың біліміне, дағдылары мен іскерліктеріне қойылатын талаптарды арттырып отыруға, сәйкесінше еңбек нарығын дамытуға ықпал етеді. Кәсіптік стандарттарды салалық мемлекеттік органдар салалық кеңестермен және уәкілетті орган Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің келісімімен бекітеді.

Екінші, азаматтарға олардың дағдылары мен шеберліктерін тану туралы сертификаттар беретін біліктілікті тану орталықтары жетілдіріледі. Мұндай орталықтарға аккредиттеуді Еңбек министрлігімен келісім бойынша «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жүргізеді.

Үшінші, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы мен тану орталықтарының жауапкершілігі қарастырылған. Депутаттар инклюзивті қоғамды дамыту мақсатында Кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өту кезінде мүгедектігі бар адамдар үшін қажетті жағдайлар жасау туралы тану орталықтарының міндеттемелерін белгіледі.

Төртінші, кәсіптік біліктілікті тану міндетті және ерікті негізде жүзеге асырылатын болады. Біліктілікті міндетті тану лицензиялау, аттестаттау, сертификаттау, жеке тұлғалар қызметінің басталғаны туралы хабарлама, тестілеу, біліктілік емтихандарын өткізу арқылы реттелетін кәсіптер (мысалы, мұғалімдер, дәрігерлер, бухгалтерлер, адвокаттар және т.б.) бойынша жүргізілетін болады. Оның тәртібі салалық заңнамамен, сондай-ақ рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңнамамен реттеледі. Кәсіптік біліктілікті ерікті негізде тануды біліктілікті тану орталықтары (кандидаттың қаражаты немесе ҚР заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаражат есебінен не жұмыс берушінің қаражаты есебінен) тек реттелмейтін кәсіптер (мысалы, дәнекерлеушілер, наубайшылар, шаштараздар және т.б.) бойынша ғана жүзеге асыратын болады.

Бесінші, кәсіптік біліктілікті тануды ынталандыру шаралары ретінде кәсіптік біліктілік пен дағдыларды танудың ваучерлік жүйесі енгізіледі. Бұл жүйе республикалық бюджеттен қаржыландырылады. Ол жұмыссыз адамдарға кәсіптік біліктілігін тану үшін жылына бір рет бір реттік ваучерді тегін алуға мүмкіндік береді. Алтыншы, алғаш рет формалды емес және информалды білім беруді тану біліктілікті тану орталықтарында сертификаттау арқылы енгізілді. Заң жобасы жұмыс берушілер мен мамандардың құзыретіне қойылатын күн сайын артып отырған талаптарына сәйкес еңбек нарығының кәсіптік-біліктілік құрылымын жетілдіруге мүмкіндік береді.

– Уақыт өте келе және еңбек нарығы талаптарының өзгеруіне сай кәсіби біліктілік жүйесі қалай жаңартылады? Қандай өлшемшарттар және көрсеткіштер қолданылады?

– Кәсіби біліктілік жүйесінің негізгі өзегі – сапалы әзірленген кәсіби стандарттар. Сіздің сұрағыңызға келсек, кәсіптік стандарттарды әзірлеуді және өзектендіруді салалық мемлекеттік органдар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады. Осылайша, қағидалар жобасында кәсіптік стандартты өзектендіруді салалық мемлекеттік орган кемінде үш жылда бір рет қамтамасыз ететіні көзделген. Кәсіптік стандартты міндетті түрде өзектендіру үшін заңнамаға сәйкес келтіру, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды, өндіріс ерекшеліктері мен құрылымын өзгерту, еңбек функцияларының мазмұнын, қызметкерлердің құзыреттері мен біліктілігін өзгертуге әкеп соққан жаңа техниканы, технологияны және ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды енгізу негіз болады. Ол үшін кәсіби стандарттарды әзірлеуде ашықтық пен жариялылық механизмдері қажет.

Кәсіптік стандарттарды бекітуді салалық мемлекеттік органдар кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңеспен және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің келісімі негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының оң қорытындысы болған кезде жүргізеді.

Салалық мемлекеттік органдар кәсіби стандартты әзірлеу кезінде нормативтік-құқықтық актінің жобасын қоғамдық кеңестермен келісуді және интернет-порталда ашық нормативтік-құқықтық актілерді орналастыруды көздейтін «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңын басшылыққа алады. Әзірленген кәсіби стандарттардың еңбек нарығына сәйкестігін, сапасын бақылау мен бағалаудың қандай тетіктері қандай деген сұраққа келсек, жұмыс берушілердің, салалық мемлекеттік орган қызметкерлерінің сапасын қамтамасыз ету және олардың пікірін ескеру үшін кәсіптік стандартты кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңеспен (оның құрамына жұмыс берушілердің, кәсіптік одақтардың республикалық бірлестіктерінің, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктерінің (қауымдастықтарының, одақтарының), шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық бірлестіктердің өкілдері, білім беру ұйымдарының өкілдері және тиісті саладағы тәуелсіз сарапшылар кіреді) келіседі. Бұл еңбек нарығын сараптап, зерделеуге, жаңашылдықтар енгізуге мүмкіндік береді.

> *«Кәсіби біліктілік туралы» Заң жалпы қоғам үшін жаңа мүмкіндіктер мен міндеттер ұсынады. Жастарымыздың кәсіби және тұлғалық өсуі үшін Заңда қарастырылған механизмдердің сапалы орындалуына бақылау енгізуіміз абзал.*

– «Кәсіптік біліктілік туралы» Заң аясында тәуелсіз сертификаттау жүйесі енгізіле ме? Оның маңызы қандай?

– Тәуелсіз сертификаттау жүйесі жаңа жұмысқа орналасу және іздеу кезінде бірінші кезекте түлектерді орналастыру үшін «катализатор» болады, сондай-ақ әрбір маманға өз құзыреттерін нақты бағалауға, дағдыларын құжат түрінде растауға мүмкіндік береді. Сертификат жұмысқа қабылдау кезінде кейбір мамандықтар бойынша негізгі құжатқа айналады. Бұл ретте формалды және баламалы білім беру процесінде алынған құзыреттер бағаланатын болады.

– Кәсіптік біліктілікті қандай мемлекеттік органдар жүзеге асырады?

– Салалық мемлекеттік орган кәсіби стандартты әзірлейді және бекітеді (4-баптың 5-тармағы). Жұмыс берушілердің бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) кәсіптік стандарттарды әзірлеуге және өзектендіруге қатысады (13-баптың 1-тармақшасы). Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер кәсіптік стандартты келіседі (4-баптың 5-тармағы). Еңбек министрлігі Әдістеменің сәйкестігі тұрғысынан кәсіби стандартты келіседі (4-баптың 5-тармағы).

ЗАҢ ЖҰМЫССЫЗДАРДЫ ЫНТАЛАНДЫРАДЫ

– Бұл жоба қаншалықты жұмыссыз жастар санын азайтып, еңбек нарығын реттеуі мүмкін?

– «Кәсіптік біліктілік туралы» Заң ынталандыру шараларын қарастырады. Мысалы, жұмыссыз адамдарға ваучерлер, кәсіби біліктілігін тануға жіберген кезде кандидаттарға өтемақылар, кепілдіктер мен жеңілдіктер беру Заңның 5-тарауында қарастырылған. Жастар арасындағы жұмыссыздықты азайту үшін бірнеше факторды кешенді қарастырған жөн. Аталған Заң жастардың кәсіби дағдыларын тануға, сол арқылы еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бірегей мүмкіндік береді деп ойлаймын. Енді табысты жұмысқа орналасу үшін тек формалды білім ғана емес, формалды емес және информалды білім, сонымен қатар дәлелденген кәсіби икемділіктері мен дағдылары қажет болады. Жастар арасындағы жұмыссыздықты шешуге заң жобасы қалай көмектеседі?

Бірінші, білімнің өзектілігін арттырады. «Кәсіби біліктілік туралы» Заң білім беру бағдарламаларын, кәсіби стандарттарды еңбек нарығының қажеттіліктерімен сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Жастар қазіргі еңбек нарығында шынымен сұранысқа ие дағдылар мен құзыреттерді меңгеруі өзекті. Бұл үшін жалпы білім беретін мектептердегі баланың сапалы білім траекториясын қалыптастырып, дамыту маңызды.

Екінші, кәсіби стандарттар: Заң кәсіби стандарттарды әзірлеуді және бекітуді қарастырады, бұл жас мамандардың білімі мен дағдыларын бағалаудың нақты критерийлерін белгілеуге мүмкіндік береді. Жұмыс берушілерге үміткерлердің әлеуетін неғұрлым объективті бағалауға көмектеседі.

Үшінші, біліктілікті тану жүйесі: Заң жастардың формалды білім беруден тыс алған біліктіліктерін тану тәртібін қарастырады. Бұл ешбір құнды білімнің ескерусіз қалмауын қамтамасыз етеді және өзін дамытуға ұмтылатындар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Осы үш фактор еңбек нарығының сапасын арттыруға мүмкіндік береді. «Кәсіби біліктілік туралы» Заң жалпы қоғам үшін жаңа мүмкіндіктер мен міндеттер ұсынады. Жастарымыздың кәсіби және тұлғалық өсуі үшін Заңда қарастырылған механизмдердің сапалы орындалуына бақылау енгізуіміз абзал.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

– Кәсіби біліктілік жүйесінің тиімділігі мен сапасын арттыру үшін Заң жобасына қандай озық тәжірибе мен халықаралық тәжірибе қағидаттарын енгіздіңіздер?

– Кәсіптік біліктілік жүйесін дамытудың табысты тәжірибесі көптеген елде бар. Айталық, АҚШ-та жекелеген штаттардағы реттелетін кәсіптер тізіміне стоматологтардан, заңгерлерден, физиотерапевтерден басқа, флористер, аукционшылар және шаштараздар да кіреді. Әр түрлі бағалау бойынша АҚШ-та 1100-ге жуық кәсіп реттелетін тізімге кіреді, оның ішінде тіркеу (хабарлама), сертификаттау және лицензиялау арқылы реттелетіндер жатады. Ал Біріккен Араб Әмірліктері кәсіптер тізілімі міндетті сертификаттауды қажет етпейтін 187 кәсіп кіретін 726 кәсіпті қамтиды. 1, 2 немесе 3 деңгейдегі дағдыларды қажет ететін лауазымдағы қызметкерлер жұмысқа рұқсат алу үшін тиісті түрде куәландырылған академиялық сертификаттарын беруі керек. Финляндия, Ұлыбритания және Испания елдері жұмыссыз адамдарға біліктілікті тану үшін ваучерлер береді. Францияда 2002 жылдан бастап формалды емес және информалды оқытуды аккредиттеу және растау жүйесі бар.

Ал Нидерландыда екі элементтен тұратын қос жүйе бар, олардың бірі білім беру жүйесімен (реттелетін біліктілік), екіншісі еңбек нарығымен байланысты, жұмысқа орналасу қажеттілігінен басқа біліктілік қажеттілігіне байланысты (реттелмейтін біліктілік). Нидерландыда біліктілікті валидациалау (VPL) қолданылады, бұл – оқу бағдарламасының түріне қарамастан, адам бұрын оқу ортасының кез келген түрінде (формалды, формалды емес немесе информалды) меңгерген құзыреттерді тануға, бағалауға, тексеруге және дамытуға бағытталған жүйе. Эстонияда біліктілік жүйесі мемлекет мойындаған Біліктіліктің екі түрін қамтиды. Бірінші, формалды білім беру біліктілігі барлық деңгейдегі ББББ (жалпы, кәсіптік және ЖБ) аяқталғаннан кейін беріледі. Екінші, кәсіптік біліктілік, мұнда жеке тұлғаларға белгілі бір кәсіп бойынша жұмыс істеу үшін қажетті білімнің, дағдылар мен құзыреттердің болуын растайтын кәсіптік сертификат беріледі.

Эстонияның кәсіптік біліктілік жүйесі үздіксіз оқыту жүйесі мен еңбек нарығын байланыстыратын Эстонияның біліктілік жүйесінің бөлігі болып табылады. Кәсіптік біліктілікті растау үшін құзыреттілікті тәжірибені бағалау кәсіптер туралы Заңмен реттеледі. Бұл заңда біліктілік сертификаттаудың ресми нәтижесі ретінде танылған құзыреттілік ретінде анықталады. Кәсіптік стандарттар бағалау әдістерін, процедураларын және критерийлерін анықтайтын бағалау стандарттарымен бірге жүреді. Құзыреттілікті бағалау әдістері мен нысандары кәсіптерді тағайындау тәртібімен анықталады. Бұл әр кәсіптің біліктілік құжаттарын берудің өзіндік рәсімі бар екенін білдіреді. Эстония, Франция, Шотландия, Сингапур, Аустралия Кәсіптік біліктілік жөніндегі Ұлттық органды құрған. Финляндия, Ұлыбритания және Испания жұмыссыз адамдарға біліктілікті тану үшін ваучерлер береді. Францияда маманның құзыреттілігін, кәсіби біліктілік деңгейін және орындалатын жұмыс сапасын есепке алу арқылы іске асырылатын жалақыны жеке есептеу қағидаты бар. АҚШ-та жалақының өсуі өндіріске емес, біліктіліктің өсуіне және игерілген біліктілік санына байланысты. Арменияда формалды емес (информалды) білім беру нәтижелері бағаланады.

– Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Көктем ҚАРҚЫН

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНҒА АДАЛСЫҢ БА, ОЛИГАРХ?

Заңсыз иеленген активтерді мемлекетке қайтару – қазақ байларының Әділетті Қазақстанға адалдығын паш етеді. Мәжіліс депутаттары осындай байламға келді. «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңға Парламент депутаттары бастамашы болды. Бірақ идея авторы – ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Ол былтырғы ақпанда Үкіметке бұрынғы билік тұсында байыған тұлғалардың заңсыз олжалаған активтерін мемлекет меншігіне қайтару жөнінде ұсыныс әзірлеуді жүктеді. Жаңа заң осы жолдағы кезекті тарихи қадамға айналды.

ҰТЫЛҒАН ЕЛДІҢ ҰПАЙЫН ТҮГЕНДЕСЕ ИГІ

Ел қазынасының отыз жыл бойы талан-таражға салынып келгені 2022 жылғы 21 қаңтарда, Мемлекет басшысының отандық бизнес өкілдерімен кездесуінде ашық айтылды. Президент сонда елде ұлттық табыстың әділетсіз бөлінгенін алға тарта келе, KPMG халықаралық сарапшыларының дерегін жайып салды. Оған сәйкес, еліміздің бүкіл байлығының жартысын небары 162 тұлға өз қолында шоғырландырған. Ал бұқара халықтың жартысының айлық табысы 50 мың теңгеден аспайды.

Бұған қоса, Tax Justice Network ұйымының мәліметінше, 25 жыл ішінде Қазақстаннан шамамен 140-160 миллиард доллар қаржы оффшорлар арқылы шетелге заңсыз әкетілген. Сондықтан алда күшіне енетін «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң, депутаттардың айтуынша, әділдікті қалпына келтіруге бағытталған.

Қағидат қарапайым. 100 миллион доллардан (13 миллион АЕК-тен немесе биыл 44 миллиард 850 миллион теңгеден) асатын байлығы бар кез келген қазақстандық ол дәулетін заңды жолмен жиғанын дәлелдеуге дайын болуға тиіс. Осыдан-ақ ведомство мен комиссия алдында тұрған міндет пен жұмыстардың ауқымын түсінуге болады.

Жалпы, тәуелсіздік жылдарында қазақстандық байларға, соның ішінде ірі олигархтарға тапқан мүлкін заңдастырудың бірнеше мүмкіндігі берілді. Сонда көлеңкеден күнгейге көшіп алғандар бұл заңмен құдаланбайды екен.

«Тәуелсіз Қазақстан тарихында мүлік пен капиталдың легализациясы 3 рет өткізілді. Олардың аясында ауқатты адамдарға күмәнді жолдармен табылған мүліктерін, соның ішінде қаражатын заңдастырып, жауапкершіліктен босатылуға мүмкіндік берілді. Яғни, бұрынғы істері үшін қылмыстық, әкімшілік жазаға тартылмады. Бастапқыда заңсыз капиталдың 10 пайызын мемлекетке алым түрінде төлеу туралы талап болды, ізінше ол талап жойылды. Ал мына жағдайда, жаңа заң аясында заңсыз иеленген активтердің үлкен бөлігі, кей жағдайда онысы толығымен мемлекет меншігіне қайтарылатын болады. Осы арқылы әлеуметтік әділеттілік қамтамасыз етіледі», – деп түсіндірді Бас прокурордың орынбасары Ұлан Байжанов.

АКТИВТІ ҚАЙТАРУ АЛГОРИТМІ ҚАНДАЙ?

«Шығу тегі түсініксіз» активтер мен капиталды анықтау үшін Бас прокуратура жанынан арнайы ведомство құрылып жатыр. Заң аясында оның қызметкерлеріне де «прокурор» мәртебесі беріледі. Бұл оларға еш жалтақтамай, батыл қимылдауына жол ашуы тиіс.

Бұл ведомство тұрақты жұмыс істейтін комиссиямен тығыз ынтымақтасатын болады. Қарым-қатынастың алгоритмі, реті келесідей: Бас прокуратураның заңсыз активтерді қайтару ведомствосы мемлекеттік органдардың деректер базаларындағы ақпаратты ақтарады, заңнамада тыйым салынбаған басқа да көздерге мониторинг пен талдау жүргізеді. Мысалы, журналистік немесе қоғам белсенділерінің зерттеулеріне іліккен тұлғаларды, соның ішінде ірі сыбайлас жемқорлық субъектілерін, әкімшілік ресурстары және биліктегілермен байланыстары, ықпалы бар адамдарды, олармен сыбайлас олигополиялық топтарды іздейді.

Осы мониторинг және талдау барысында активтерді заңсыз шығару схемасына қатысы бар тұлғалар тобы, олармен үлестес тұлғалар тобы, активтердің жиынтық мөлшері, активтерді заңсыз иемденудің, оларды елден тыс жерге шығарудың белгілері мен мән-жайы және өзге де мәліметтер айқындалады.

Талдау қорытындысында уәкілетті органда қандай да бір тұлғаның меншігіндегі активтерінің сатып алынуының заңдылығына қатысты «орынды күмән» туындаса, бұл ведомство Активтерді қайтару жөніндегі комиссияға жүгінеді.

Құрамына Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік органдардың, күштік құрылымдардың бірінші басшылары және өзге тұлғалар кіретін осы комиссия прокурорлардың ұсынған тізіміндегі «кандидаттардың» ісін қарап, лайықты деп тапса, оларды тиісті реестрге қосу туралы шешім қабылдайды. Яғни, «қара тізімді» прокуратураның арнайы ведомствосы емес, комиссия түзеді.

Осыдан кейін уәкілетті орган ол тұлғаларды реестрге кіргені жөнінде хабардар етеді. Осы сәттен бастап ол адамдар өз активтерінің заңдылығын растай отырып, 1–3 ай ішінде Активтер туралы декларацияны тапсыра алады. Егер тұлға активтерді иемденуінің заңдылығын растай алмаса, онда мұндай активтер «шығу тегі түсініксіз активтер» деп танылады.

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

> *100 миллион доллардан (13 миллион АЕК-тен немесе биыл 44 миллиард 850 миллион теңгеден) асатын байлығы бар кез келген қазақстандық ол дәулетін заңды жолмен жиғанын дәлелдеуге дайын болуға тиіс. Осыдан-ақ ведомство мен комиссия алдында тұрған міндет пен жұмыстардың ауқымын түсінуге болады.*

Мұндай активтерін ол адам мемлекетке ерікті түрде тапсыра алады. Сонда біріншіден, қылмыстық құдаланбауы мүмкін. Екіншіден, аты-жөні ашық емес, жабық реестрге кіреді де, жаман атқа қалмайды, беделін сақтайды. Өз еркімен табыстамаса, онда тәркілеу сот арқылы жүзеге асырылады.

Егер ол адамның мүлік пен қаражатты шетелге әкету немесе сату, өзгенің атына жазу қаупі туындаса, прокуратура оның дүние-мүлкіне бұғат салғызу шараларын қабылдап, тиісті өтінішпен сотқа жүгінеді.

ЖЕКЕ ҚОР ҚҰРУ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Президенттің осы тың бастамасын жүзеге асыруға бағытталған заңдар топтамасын талқылауға қатысқан «Елге қайтару» тәуелсіз қорының басшысы Оразалы Ержанов әңгіме «экономикалық люстрация» туралы болып отырғанына назар аударды. Сонысымен де ол өткен ғасырдағы байлардың дүние-мүлкін кәмпескелеуден ерекшеленеді: байлығыңды адал тапқаныңды дәлелде де, тыптыныш оның қызығын көре бер. Демек, мұнда Бас прокуратура ведомствосы мен комиссия өкілдерінің біліктілігіне, пара көрсе жолдан таймас парасаттылығына, табандылығына, арының адалдығына көп нәрсе тәуелді болады.

О.Ержанов реестрдегі дерек тек адамның аты-жөні мен сәйкестендіру нөмірімен ғана шектелмеуі керек деп санайды. Онда әлгі тұлғаның заңсыз табылған мүлкінің толық тізімі және оның қанша көлемі мемлекет меншігіне қайтарылғаны туралы ақпарат болғаны жөн.

«Заңға сәйкес, мемлекет пайдасына түскен активтер Арнаулы мемлекеттік қорға беріледі. Қаражат Арнаулы мемлекеттік қордан әлеуметтік, экономикалық жобаларды қаржыландыруға жұмсалады. Жеке қор құру туралы шешімнің неге негізделгені түсініксіз. Заңсыз активтерді сатудан түскен және тәркіленген барлық ақшаны Ұлттық қорға құюға болатын еді. Ол үшін жеке құрылымның қажеті жоқ. Әйткенмен, бұл тек алғашқы қадамдар. Алда заңнаманы ары қарай жетілдіру жұмыстары жалғасады деген үміттеміз. Депутаттар соған уәде берді. Алдымен тетікті іске қосып алайық деді. Ал олқылықтары анықталса, күзде бұл мәселеге Парламент қайта оралады», – деді О.Ержанов.

Үкімет басшысының орынбасары, Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың түсіндіруінше, Арнаулы мемлекеттік қор деп аталғанымен, ол жеке қор түрінде емес, Қаржы министрлігінің Қазынашылығындағы жеке есепшот түрінде ғана болады.

«Бұл қор дегеніміз бөлектенген, оқшауланған қандай да бір жеке немесе заңды тұлға емес. Ол – Бюджеттік кодекске сәйкес, Қазынашылықта ашылатын шот. Басқа түсімдермен араластырмас үшін, сырттан келетін қаражаттың сомасын көріп отыру үшін және ашықтығын қамтамасыз ету үшін арнайы шот ашуды жөн көріп отырмыз», – деді министр.

Сарапшылардың пікірінше, 100 миллион немесе 44,8 миллиард теңгедей жоғарғы лимит тым көп. Ол заңсыз байығандарға төл активтерін оффшорлық шоттар мен компанияларға, отбасы мүшелері мен туыстарының атына «тарыдай шашып» тастап, жауапкершіліктен құтылып кетуіне мүмкіндік береді. Мұның сыртында ашықтан ашық жұмсауына болатын 45 миллиардтай ақша оның шалқыған өмірін жалғастыруына жол ашады. Бұл сома жыл сайын өсіп отырады: ол АЕК-пен байланыстырылған, ал айлық есептік көрсеткіш жылда он пайыздан көпке өседі.

Ол реестрге қосу үшін белгіленген сома межесінің төмендетілуі мүмкіндігін Мәжіліс депутаты Снежанна Имашева жоққа шығармады.

«Жұмыс енді басталды. Бастапқы кезеңде 100 миллион доллардан көп байлығы бар олигархтарға күш-жігерді шоғырландырған дұрыс деп шешілді. Өйткені бұл күрес өте күрделі, ауыр жүреді. Бұлар – жай ғана бай емес, сонымен бірге өте ықпалды тұлғалар. Олардың қаптаған қорғаушылары, қолдаушылары, мықты адвокаттар тобы бар. Жиған мүлкін оңайлықпен бермейді. Күресушілерге қарсы олардың төл лоббистері жабылары даусыз. Бірақ біз берілмейміз», – деді депутат.

Жаңа заңды жетілдіру қажет болатынына Бас прокуратура да назар аударды. Алда құжаттардың, соның ішінде архивтік құжаттардың орасан қор көлемін зерделеу жұмысы тұр.

«Олардың бәрін жинау, өңдеу, баға беру, тұжырым, байлам жасау керек. Мыңдаған кәсіпорынды, миллиондаған транзакцияларды, жүздеген мың банк шоттарын, соның ішінде шетелдегі шоттарды терең талдауға тура келеді. Сондай-ақ бұл материалдарды өзге жолдармен қайта тексеу, идентификациялау, шынайылығын тексеру шарт. Қасақана жойылған, жоғалтылған материалдарды қалпына келтіруге тырысу, жан-жаққа сұраулар жасау, зерттеулер ұйымдастыру, эксперттік қорытындыларға қол жеткізу маңызды. Әйтпесе, ертең сотқа тартады, тіпті шетелдегі арбитраж соттарына шағымданады. Оған да дайын болуға тиіспіз. Олай болса, бүгінде беріліп отырған өкілеттіктер жеткіліксіз болып шығуы мүмкін», – деді Бас прокурордың орынбасары Ұлан Байжанов.

Оның айтуынша, адал азаматтар мен заңға бағынатын бизнесмендерге бұл процестен қорқудың қажеті жоқ. Ал 100 миллионнан аз ауқаты бар, бірақ активін заңсыз тапқан тұлғалар да жазасыз қалмайтын көрінеді. Ұ.Байжанбаев олардың Қылмыстық кодекс баптары аясында жауапкершілікке тартылатынын айтты.

Қорыта айтқанда, заңсыз табылған активтерді тауып, мемлекетке қайтару үздіксіз ізденісті, тыңғылықты істі талап ететін үрдіс. Ондаған жылдар бойы қордаланған осы былықтан шынымен арыла алса, ел жарқын болашаққа жақындай түсер еді.

Елдос СЕНБАЙ

БАҒАҒА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Жуырда отандық ұялы байланыс операторлары тарифтердің бағасын көтеретінін хабарлаған болатын. Аталмыш жағдайға қатысты Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Болат Сәмбетов жауап берді.

«Қазір Агенттік өз құзыреті аясында тиісті жұмыс жасап жатыр: сұрау салулар жолданды, бағалар мониторингі жүргізілуде. Бірақ Агенттік монополияға қарсы жоғары бағаны белгілеу жөніндегі монополияға қарсы заңнаманы бұзу белгілері болған кезде бағаны көтерудің негізділігін тергеп-тексеру аясында ғана анықтай алады. Қазіргі уақытта монополияға қарсы заңнаманы бұзу белгілерін анықтау бойынша жұмыстар жүргізілуде», – деді ол.

Егер тарифтерді негізсіз көтеру фактілері анықталатын болса, онда заңнамада әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Айта кету керек, биыл ұялы байланыс операторларының бағалары тарифтік жоспарларға байланысты 8 пайыздан 50 пайызға дейін өскен болатын. 2021–2022 жылдар кезеңінде тарифтер орта есеппен 13 пайыздан 37 пайызға дейін қымбаттады. Мәселен, 2023 жылдың сәуірінде Beeline операторының «Жарқын» тарифтік жоспарының құны 1 790 теңгеден 2 490 теңгеге дейін (өсім 39%) өсті; «Кселл» мен «Теле2» тамыз айынан бастап әртүрлі тарифтік жоспарлардың қымбаттағанын мәлімдеген еді: мысалы, «Нақты лимит» тарифінің құны 3 390 теңгеден 4 390 теңгеге дейін өссе, «Жай супер» тарифі 2 590 теңгеден 3 290 теңгеге дейін қымбаттады.

Агенттікке тарифтердің өсуіне және талап етілмеген қызметтерді таңуға былтырдан бері 200-ден астам шағым түскен. Қазір бұл мәселе сотта қаралып жатыр.

А.ҚАЗАҚ

ЖЕЙІН ДЕСЕМ

ЖЕТЕ АЛМАЙ...

Қазақстандықтар үшін жыл он екі ай жолаушылар пойызына билет алу мұң. Халық қасқалдақтың қанындай қат болған билеттерді санаулы уақыт қалғанда жекеменшік кассалардан екі есе бағаға сатып алуға мәжбүр. Жолаушылардан бұрын алыпсатарлар санаулы сағаттың ішінде 45 күн бұрын шығатын билетті де алдын ала үптеп кетеді. Алайда құзыретті мекемелер жолаушылар тасымалындағы жүгенсіздікті жөнге салып, жекеменшік кассалардағы делдалдардың қолындағы билетті бақылауға алуға құзыры жүрмейтіндерін айтады. Себебі қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарса...

Жадыра МҮСІЛІМ

КІМ ЖЫЛДАМ – БИЛЕТ СОНДА

Қазір де кейбір бағыттар бойынша пойыз билеттері жоқ. «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз хатшысы Нариман Дүйсекеевтің айтуынша, билеттерге сұраныстың артуы негізінен мереке күндері, жазғы және қысқы кезеңдерде пайда болады екен. Ұлттық тасымалдаушы компания халықтың сұранысын қанағаттандыра отырып, «Күту парағы» қызметін іске асырып келеді.

«Билет болмаған жағдайда жолаушы кезекке 7 күннен ерте емес және пойыз жөнелтілгенге дейін 2 сағаттан кешіктірмей тұра алады. Бос орындар пайда болған кезде жолаушы жеке кабинетте орындарды сатып алу қажеттілігі туралы ақпаратты, сондай-ақ SMS хабарлама алады. Бұл қызмет bilet.railways.kz сайтында жұмыс істейді, сондай-ақ оны билет кассасында пайдалануға болады. Жолаушылар пойыздарына жол жүру құжаттарын алдын ала сату бұрын түсіндірілгендей, пойызды қалыптастыру және оның айналымы стансаларынан жүзеге асырылады», – дейді ол.

Сондай-ақ тағы бір ескеретін жайт, билет 45 күн бұрын «Жолаушылар тасымалы» АҚ вокзалдарындағы кассалар үшін де, коммерциялық компаниялар үшін де жалпы қолжетімділікпен барлығына бірдей сатылымға түседі.

Айта кету керек, теміржол билеттерін сатуды ұйымдастыру және онлайн-сату үлесін арттыру – ұлттық тасымалдаушы қызметтің басым бағыттарының бірі. Қазір электрондық билеттеу жүйесін енгізудің арқасында онлайн-сатылымдардың үлесі 70%-дан асқан. Сонымен бірге ол жол жүру құжаттарын BILET.RAILWAYS.KZ және «ҚТЖ билеттері» мобильді қосымшасы немесе ұлттық тасымалдаушының билет кассаларынан комиссиясыз сатып алуға болады дегенді айтып отыр.

«Бүгінде қолданыстағы билеттерді сатудың электрондық жүйесі жетілдірілген және пайдаланушыларға билеттерді қайта ресімдеуге мүмкіндік бермейді. Билеттерді сатып алу процесі ашық, сондықтан билеттерді қайта сатумен байланысты заңсыз әрекеттерді жасау мүмкін емес. Бізде «Ауыса отырып жол жүру» қызметі бар. Ыңғайлы сапар және уақытты үнемдеу үшін жүйе жолаушыға пойыздан пойызға ауыса отырып, межелі жерге барудың мүмкін нұсқаларын таңдайды. Онлайн-сервис қазірдің өзінде bilet.railways.kz сайтында және билет кассаларында іске қосылды. Жазғы тасымалдау басталарда біз жолаушылар вагондары паркін дайындадық. Жазғы маусымда «Бурабай» курорты мен «Алакөлге» сұраныс жоғары. Астанадан алғаш рет «Астана-Достық» бағыты бойынша жайлы вагондары бар «Тальго» пойызы жүре бастады. Ол аптасына 2 рет «Алакөл» курорттық стансалары бойынша жүреді. Қосымша 6 жазғы маршрут ұйымдастырылды. Оның ішінде Алматы, Астана, Семей және Өскемен қалаларынан Достық стансасына дейінгі бағыттар бар. Бұдан бөлек, 17 маусымнан бастап «Қарағанды-Астана» жүрдек электр пойызының бағыты «Бурабай» курорты стансасына дейін ұзартылады. Маршрут сенбі және жексенбі күндері жазғы кезеңнің соңына дейін жүреді. Біздің барлық бастамаларымыз халықтың билетке деген сұранысын қанағаттандыру мақсатына бағытталған», – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның өкілі.

Оның айтуынша, жолаушыларды теспей соруды әдетке айналдырған алыпсатарлар мен жекеменшік кассалардағы билет сатылымын тексеру олардың құзыреттеріне кірмейді. Бұл мәселе құзырлы органдар тарапынан реттелмеген. Сондықтан да жолаушылар пойызына билет сататын жекеменшік компаниялар билет құнын қанша өсірсе де ерік өздерінде. Яғни, әлгінде айтқандай, 45 күн бұрын билет сатылымына қолжетімділік ресурсы ашылғанда жекеменшік кассалардың үлесіне белгілі бір шектеу қойылмаған. Олар да «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на тиесілі кассалар секілді құзыретке ие. Бұл дегеніңіз – кім жылдамдық танытты, билеттің көбісі соның қолына өтеді деген сөз. Ал ары қарай жолаушыларға аспандаған бағамен билет сатылғанымен, құзырлы органдардың құзыреті оларға жүрмейді. Бірақ жолаушылар тасымалындағы билет бағасы биыл жыл басындағы бағаны әлі ұстап тұрғанын айтқан Нариман Дүйсекеев:

«Биыл жыл басында билет бағасы 7% индекстелген. Билет құны сол кезде бір рет көтерілді. Қазір де сол баға сақталған. Ал коммерциялық кассалардағы билет бағасының өсуіне және белгілі бір мөлшерден асып билет алуларына шектеу жасауға құзыретіміз жоқ. Олар бізге бағынбайды», – дейді.

Тексеріс жоқ екенін білетін жекеменшік компания кассалары билет бағасын қолдан аспандатып отырғанын былай қойғанда, белгілі бір топтарға берілетін жеңілдіктерді де өздері шешеді. Жолаушылардың сөзінше, зейнеткерлер мен мүгедектер де билет құнын толық төлеп қана сатып ала алады.

Елде 4 жарым мыңнан астам касса жұмыс істеп тұрса, оның ішінде 300-ге жуығы ғана «Жолаушылар тасымалы» жүйесіне кіреді. Демек, бұл «Жолаушылар тасымалы» компаниясы қалған кассалардың жұмысын бақылауда ұстай алмайтынын аңғартады. Сабақты инені сәтімен пайдаланатын жекеменшік кассалар амалын тауып, айласын асырып жатыр. Билет кассирімен ауыз жалаасатын алыпсатарлар да ашық теңізде еркін жүзіп жүр.

МОРАТОРИЙ МҮМКІНДІК БЕРМЕЙДІ

Орал қаласының тұрғыны Айзерек Еділова жаз бойы билет тапшылығымен бетпе-бет келетінін айтып ашынады. Жұрттың айтары жауаптылардың жарғақ құлағына жеткенімен, жолаушылар тасымалындағы жүгенсіздікті жоюға ешкім құлықты емес. Осылай деген ол:

«2019 жылы Алматыға аяқ астынан отбасымызбен бірге демалысқа бару керек болды. Онлайнда да, вокзал кассаларында да билет жоқ. Ұшаққа билет есептеп көріп едік, 3 адамға ары-бері 600 мың теңгеге шықты. Ал бұл ақшаның жартысына Түркияға толық тур сатып алуға болатын еді. Одан кейін 2021 жылы бір шаруаларымызбен Алматыға ұшақпен бардық. Қайтарда тағы билет таппай сандалып қалдық. Амал жоқ, Алматыдан Түркістанға дейін бір пойызбен, Түркістаннан Ақтөбеге дейін басқа пойызбен келдік. Ақтөбеден Оралға жеткенше тамбурда тұрып келуге мәжбүр болдық. Себебі желдеткіш жоқ, пойыздың іші қапырық. Ауа жетпей өкпең қысылады. Сол кезде қасымда аяғы ауыр келіншек болды. Ол да бізбен бірге тамбурда тікеден тік тұрып келді. Жолсеріктерге «бір орын тауып бересіз бе?» деген өтінішін ешкім құлағына ілген жоқ. Бізді қойшы, жылап тұрған аяғы ауыр әйелдің денсаулығы сыр берсе кім жауап берер еді? Өзбекстанға барғымыз келіп Шымкентке дейін билет іздедік. Бір билет шықпады. Автобуспен жолға шықтық. Былтыр да Шымкентке билеттерді бір ай бұрын қарадық. Бір ай бұрын бір билет таппау деген сұмдық емес пе?! Онлайн, теміржол кассаларында да билет қалмаған», – дейді Айзерек Еділова.

Аяқ-қолы сау адам болса таксилетіп, автобус арқылы да жолаушылатып жүре беруге болар. Алайда денсаулығы жоқ, зейнеткер немесе мүгедектігі бар адамдар болса қайтпек керек?

«Биыл анамызды бір облыстан екінші қалаға отаға апарған едік. Билет алатын кезде анамызды порталға қойды. Сол порталдағы кезегіміз белгілі болған күні билет алайық десек тағы билет жоқ. Әрең дегенде жекеменшік кассаларды жағалап жүріп «Тальго» пойызына желдеткіші бар вагонға билет алдық. Сөйтсек, купеде желдеткіш жоқ екен. Ал бізге билетті сатқан кезде билет құнынан бөлек желдеткіш үшін қосымша 2000 теңге ұстап қалған болатын. Желдеткішті бөлек сатып алып тұрмыз. Алайда жолсерік адамдардың наразылығына назар аударған жоқ. «Ешкім өліп жатқан жоқ» деді. Барлығына төзу керек дегенге келтіріп отыр. Өйткені жолаушылар ештеңені талап етпейді, сұрамайды. Сондықтан оларға бәрібір. Ал сол күнгі ыстықтан анамның денсаулығы сыр бере жаздады. Өзі де қатты ауырып, бірнеше рет инфаркт алған адам. Ұшақпен ұшуға болмайды. Ауырып бастаған соң тағы да тамбурға шығып отырды. Біздің наразылығымызға «Енді мен не істеймін?» дейді жолсерік. Мысалы, шетелге барғанда келеңсіз жағдай болса, қолайсыздық туындағаны үшін тұтынушылардан кешірім сұрап, ақшасын қайтарады. Не болмаса балама ұсыныс жасайды. Ал бізде «өлмейсің» дейді. Бұл туралы желіге жазамын, басшылықтарына айтамын дегенімде жолсерік «Жұмыстан шығарып жібереді» деп жыларман болды. Бұл да біздегі жолаушылар тасымалындағы жүгенсіздікке жолсерікті ғана кінәлі етіп көрсетіп, жұмыстан шығарып жіберумен шектелетінін ғана көрсетіп отыр. Халыққа осындай көзқарас танытып отырған жекеменшік компаниялардың басшыларына жауапкершілік жүктелмеген», – деп ашынады ол.

Ең сұмдығы, анасының отасы жасалмай тұрып билеттің қат екенін ескеріп, қайтуға билет қараған. Әдеттегідей қайтуға да билет таппай біраз сандалған ол: «Билетті анамызға ота жасамай тұрып іздей бастадық. Себебі билет табудың әуресін біраз біліп қалдық. Сөйтіп, билетті бірнеше датаға алдық. Қарап отырсаң, бұл да билеттің тапшылығын туғызады. Біз бұл қадамға мәжбүрліктен бардық. Қашан қайтатынымызды білмейміз. Содан алған билетті біртіндеп тиын-тебенге тапсырып отырдық. Жалғыз адам болса бір билет табылады. Ал қарайласатын адамға бірге орын табу – арман. Жақында біздің басымыздағы жағдай құрбымның да басынан өтті. Мүгедек анасы мен қызына, өзіне бір купеге билет таппай сандалды. Ал ауыратын адаммен немесе баламен жолға шыққанда әртүрлі вагоннан алуға болмайтыны тағы белгілі», – деп отыр.

Алматылық Қанағат Отарбай да билет алу арманға айналғанын айтып отыр.

«Билет тапшылығын жол жүрген сайын бастан өткіземіз. Биыл да анамызды Астанаға портал бойынша келген отасына жеткізе алмай отырмыз. Отаға кезегі келгенін бір апта қалғанда білдік. Ауру адамды жалғыз жібере алмайсың. Сөйтіп, Астанаға билет іздедік. Онлайнда мүлдем билет жоқ екен. Сондықтан вокзалдың кассасына бардық. Олар да билет жоқ екенін айтты. Вокзалдың ішіндегі жекеменшік кассаларға барсақ, бір адамға билет шығып тұрды. Екінші адамға жоқ. Бірақ жарты ақшасын тастап кетсе 1-2 күнде табылатынын айтты. Амал жоқ, тастап кеттік. Ертесі күні хабарласып, билет шыққанын айтты. Бірақ бір асты, бір үстіне орын шықты. Екі адамға 46 мың теңгеге пойызға билет сатып алдық. Енді қайтарға билет таппай жатырмыз», – дейді ол.

Айтпақшы, анасының мүгедектігі бар, әкесі де зейнеттегі кісі екен. Ең сорақысы, қарияларға да ешқандай жеңілдіксіз, толық бір адамның билетінен да қымбат бағаға билет сатқан коммерциялық компанияның қитұрқылығын айтып шағымданатын жер жоқ. Арызданған күннің өзінде ары қарай іс қозғатып, жекеменшік компанияны жүгендетуге қолданыстағы мораторий мүмкіндік бермейді.

ВОКЗАЛ – САУДАНЫҢ ОРТАСЫ

Қазір барлық жүйені алыпсатарлар бизнестің көзіне айналдырып жіберді. Қолдан келгенше, халықты қанап қалуды ғана ойлайтын жекеменшік компаниялар жұртты осылай сорлатып жатыр. Мәжіліс депутаты Қайрат Балабиевтің сөзінше, дәл сол сияқты жолаушылар тасымалында да талай жылдан бері жүгенсіздік жайлап, делдалдардың айын оңынан тудырып келе жатыр.

«Темір жол саласында тәртіп жоқ. Жылдағы әуен – барлық бағытқа билет жоқ. Вокзалға барсаң, билетті қымбат бағамен делдалдардан сатып аласың. Оған көнбесең, коммерциялық кассадан бәрібір комиссиясы үшін тағы қымбат билет алуға мәжбүрсің. «Қайда барсаң да Қорқыттың көрін» келтіргендерге ешбір тыйым жоқ. Айналып келген кезде жұрт жемқорлықтың салдарын тартып отыр. Бір адамдар байып, халық жалаңаштанып жатыр. «Аманат» партиясына, депутаттарға да жолаушылар тарапынан жиі арыз-шағым келеді», – дейді ол.

Сондықтан жемқорлық жайлаған жолаушылар тасымалын бір жүйеге келтіріп, құзырлы орындардың тексеруін қолға алатын уақыт жеткенін айтып отыр.

«Қазір техниканың да мүмкіндігі зор. Қайта-қайта бір төлқұжатпен көп билет алынса, анықтап тексерілу керек. Алыпсатарлар мен жекеменшік кассалардағы заңсыз әрекеттерге бақылау жасауды ретке келтірген жөн. Әйтпегенде қазір «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның жекеменшік кассаларды тексеруге құзыреті жоқ. Өйткені мораторий бар. Оларды тексерсе заңсыз екенін айтып, өздерінің үстінен арызданады. Қазір осы мүмкіндікті жекеменшік кассалар молынан пайдаланып, беталды жұмыс істеп жатыр. Мысалы, вокзал кассаларында билет бағасын қымбат сатуға болмайды. Сондықтан олар өзара келісіп, билеттерді жекеменшік кассаға өткізеді. Вокзалға барсаң, делдалдар өз аттарына алынған билеттерін сатып басқа адамның атына аударып, сауданың көрігін қыздырып жүр. Халық амал жоқ алады. Ұшақ билеті одан да аспандап тұр», – дейді Қайрат Балабиев.

Сол үшін бұл мәселе Үкімет тарапынан жедел қолға алынып, белгілі бір шара қабылдау маңызды. Депутаттың айтуынша, халықтың айтарына құлақ түретін уақыт болды. Екіншіден, бәсекелестік орта тудыру үшін жаңа әрі жайлы автобустар алдырып, жолаушыларға жағдай жасап беру қажет.

«Үкіметтің толық мүмкіншілігі бар. Қазір автобустардың барлығы ескі. 20-30 жыл болған автобустар қала арасында қатынап жатыр. Жаңа әкелінген автобустар өте аз. Себебі еуропалық қымбат автобустарды алып келу тым қымбатқа түседі. Сол үшін ешкім жаңа автобус әкеліп бизнес жасауға құлықсыз. Ал мықты автобустарды 0 пайызбен елге кіргізуге уақытша рұқсат беріп, облысаралық бағыттарға жүруге мүмкіншілік берілсе, бәсекелестік орнайды. Сонда ғана жолаушылар пойызындағы билет тапшылығын қолдан жасап отырған коммерциялық компаниялар мен делдалдардың жолын кесу мүмкін болар еді», – дейді ол.

Теміржол көлігіндегі салтанат құрған нарықтық қатынастар жолаушы тасымалына қатысты келеңсіздікті жылдан жылға күрделендіріп келеді. Айталық, қазір жолаушы пойыздарына билет сату мен тарату кассаларының дені жекеменшіктің қолына өткен. Елде 4 жарым мыңнан астам касса жұмыс істеп тұрса, оның ішінде 300-ге жуығы ғана «Жолаушылар тасымалы» жүйесіне кіреді. Демек, бұл «Жолаушылар тасымалы» компаниясы қалған кассалардың жұмысын бақылауда ұстай алмайтынын аңғартады. Сабақты инені сәтімен пайдаланатын жекеменшік кассалар амалын тауып, айласын асырып жатыр. Билет кассирімен ауыз жалаасатын алыпсатарлар да ашық теңізде еркін жүзіп жүр. Олардың қолдан жасаған билет тапшылығы қара жол үстіндегі апаттың да артуына септігін тигізіп келеді. Себебі билет таппаған жұрт шұрық-тесік жол болса да қалт-құлт еткен ескі автобуспен қатынауға мәжбүр.

КІТАП НАРЫҒЫНЫҢ ӨЗАҢА ТАРИХЫ

Өркениет алмасқан сайын кітап та өзгеріске ұшырап отырды. Жаңа технологиялардың пайда болуы папирус шиыршықтарынан басталған тарихты электронды кітаптар мен аудиокітаптар сияқты әртүрлі формаларға бейімдеді. Осылайша, қағаз беттерінің экранға ауысқаны баспагерлерді жаңа қадамдар жасауға итермелесе, оқырман үшін мүмкіндіктер аясын кеңейтті. Қазақ аудиториясы да әлемдік трендтен қалыс қалған жоқ. Соңғы онжылдықта қазақ тіліндегі кітап нарығы кеңестік кезеңде қалыптасқан ережелерден бас тартып, нарық заңдылықтарына бет бұрғанын көріп отырмыз.

Камила ЕРКІН

Жай ғана әлемдік бестселлер кітаптар түпнұсқа тілден қазақ тіліне тікелей аударылып басылуының өзі саннан сапаға бет бұрудың алғашқы қадамы іспетті көрінеді. Буккросинг-сөрелерінің пайда болуы, кітапханалардың заманауи технологияларға сүйеніп жұмыс істеуі, кітап қорының цифрлық форматқа ауысуы – бәрі де қазақстандық оқырманның көкжиегін кеңейтуге бағытталған игі шаралар.

Қазақ тіліндегі басылымдар әзірге ішкі нарықтан өзіне тиесілі үлесін кеңейтуге тырысып бағуда. Дегенмен алдағы уақытта қандай өзгерістер күтіп тұрғанын бағамдау үшін әлемдік нарыққа шолу жасап көрелік.

2021 жылы дүниежүзі бойынша кітап нарығы 138,35 млрд АҚШ долларына бағаланды және 2022-2030 жылдар аралығында жылдық жиынтық өсу қарқыны (CAGR) 1,9%-ға өседі деп күтілуде.

НАРЫҚ НЕ ДЕЙДІ?

Оқу тәжірибесін жеңілдете түсетін инновациялық шешімдерді нарықтың өсіміне тікелей әсер етуші фактор деп қарастыруға болады. Дегенмен нарықта сауда немесе заңнамалық басылымдармен салыстырғанда академиялық баспагерлер басым түседі. Өйткені олар мен білім беру жүйесі арасында симбиотикалық байланыс бар. Бұл баспалардың көпшілігі техникалық, медициналық және кәсіптік біліммен айналысатын мектептерге, колледждерге, университеттерге және ғылыми-зерттеу институттарына тікелей қызмет көрсетеді.

Нарықтағы басты мәселелердің бірі – баспа және электронды кітап бағасының өсуі. Осы себепті тұтынушылар қазір кітаптың жаңа данасын сатып алудың орнына балама нұсқаларын іздейді. Нәтижесінде, оқырмандар қымбат кітаптарды «қолдан» сатып алу немесе авторлық құқығы күмәнді электронды нұсқаларын жүктеу сияқты «қолжетімді» жолдарын табуға тырысады.

COVID-19 нәубеті дамыған нарықтардағы сауда көлемінің ұлғаюына себеп болса, баспа өндірісі дұрыс жолға қойылмаған елдерде, керісінше, тұтыну мөлшерінің төмендеуіне әкеп соқтырды. Пандемия бүкіл әлем бойынша жүздеген мың адамды үйде жұмыс істеуге мәжбүр етіп қана қоймай, тұтынушыларға өзін-өзі дамытуға мүмкіндік берді. Осындай хаос кезеңінде үйде өнімді уақыт өткізу мақсатында кітаптар үлкен сұранысқа ие болғаны жасырын емес. Бұл өз кезегінде әлемдік кітап нарығының өсуіне ықпал етті.

Ал Қазақстан жағдайында, керісінше, соңғы кезде баспа үйлерінің саны артқанымен, баспа ісі нарықтағы өз позициясынан ығысып, өзге салаларға орын бергенін байқауға болады. Мәселен, тәуелсіздік алған жылдары Қазақстанда 12 баспа тіркелген болса, қазіргі таңда мұндай кәсіпорындардың саны 271-ге жеткен. Ұлттық статистика бюросының дерегіне назар аударсақ, 2019 жылы баспа нарығы 76,9 млрд теңгені құрап, соңғы онжылдықтағы шарықтау шегіне жеткенін көреміз. Ал былтыр бұл көрсеткіш 35,8 млрд теңгемен шектелген. Мұның себебін, біріншіден, пандемиядан іздесек, екіншіден, аймақтағы геосаяси және экономикалық ахуалдың ықпалы деуге болады.

БАСПА БИЗНЕСІНІҢ «ЛОКОМОТИВІ»

Жоғарыда айтып өткеніміздей, отандық кітап нарығында да әзірге академиялық басылымдар басқа сегменттермен салыстырғанда көш бастап тұр. Оның ішінде білім оқулықтары өткен жылы 682,7 млн теңгені құраса, 60,3 млн теңге көлемінде ғылыми-техникалық және академиялық кітаптар басылып шыққан. Балаларға арналған кітап нарығы 26,4 млн теңгені құрап, алғашқы үштіктің соңына жайғасқан.

Тіпті, қазақ тіліндегі алғашқы кітаптың өзі де академиялық мақсатта жарық көрген Ахмет Байтұрсынұлының араб графикасына негізделе отырып жасаған «Әліппе» болатын. 1922-23 оқу жылында 14 оқулық, оның ішінде «Грамматика», «Физика», «Алгебра», «Педагогика», «Мектеп гигиенасы», Сұлтанбек Қожановтың «Арифметика оқулығы», Иса Тоқтыбаевтың «Бастапқы география» оқулықтары болды. Сондай-ақ Әбубәкір Диваев «Қамбар батыр»,«Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Қыз Жібек», «Шора батыр» жырларын жинақтап, кітап ретінде басып шығарды.

Баспагерлер арасында «балаларға арналған кітаптар – ең бәсекеге қабілетті нарық» деген пікір бар. Өйткені, балалар әдебиеті баспа бизнесінің «локомотивтерінің» бірі бола алатынын барлық баспагерлер түсінеді. Отандық баспа өндірісіндегі кітаптардың шамамен 70 пайызы қазақ тілінде шығарылады. Бір қызығы, кітаптар кішкентайларға немесе жастарға арналған. Өйткені жасөспірімдердің көп бөлігі оқудан гөрі компьютерлік ойындарға бейім. Сала мамандарының айтуынша, кез келген кітап маркетингке мұқтаж. Бүгінде кітапқа да тауар ретінде қарап, нарық заңдылықтарына сай барлық құралды пайдалану қалыпты жағдайға айналып келеді. Қалай болғанда да, енді ғана еңсе түзеп келе жатқан ішкі нарық субъектілері үшін көршілес елдің баспаларымен бәсекелестікке түсу оңайға соқпасы анық.

МАҢЫЗЫ ТЕРЕҢ МАРКЕТИНГ

Соңғы жылдардағы геосаяси және экономикалық жағдай да баспа өнімдерінің өзіндік құнының



«Бірақ қазір ресейлік валюта жанжалға дейінгі деңгейге түскенімен, баспахана өнімдерінің құны сол қалпында қалып қойды», – дейді «Мазмұндама» жобасының авторы Шыңғыс Мұқан.

Дегенмен өзге факторлармен салыстырғанда маркетингтің маңызы жоғары екенін ескерсек, бар назарды нарық заңдылықтарына бұру қажеттігін түсінеміз. Қазіргі таңда мұны толықтай баспаның жауапкершілігіне жүктеу де әділетсіз дер едік. Өйткені автор да шығарманы жазу барысында-ақ оның нарықтағы орнын бағамдай алуы және оқырман сұранысына сай болуын қамтамасыз етуі қажет.

Ш. Мұқан бұл тұрғысынан әлі де классиктерге сұраныс көптігін алға тартып отыр. Оның айтуынша, нарықта қазіргі қазақ авторлары көп деп айтуға әлі ерте.

– Соңғы уақытта әсіресе проза жанры төмендеп кетті. Содан болар, кез келген кітап дүкеніне барып қазақша кітаптарға көз жүгіртіп шықсаңыз, Абайдан басталатын кеңес үкіметі кезінде қалыптасқан ақын-жазушылардың кітаптарын көресіз. Дегенмен кітапқа деген сұранысты тудыратын маркетинг. Сондықтан егер маркетингі жақсы болса, кез келген жақсы шығарманың сұранысын арттыруға болады. Ал, керісінше, насихаты төмен болуы себепті жақсы жазылған шығармалардың өзі сатылмай сөреде жатып қалуы да ғажап емес, – дейді ол.

Сондай-ақ қазіргі таңда редакторлар мектебі – бізде үлкен мәселе, өйткені сауатты редакторлар мен аудармашылар тапшы.

– Осыған дейін қазақ редакторларының мектебін қазақ баспасөзі қалыптастырып келген болатын. Мәселен, «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Қазақ әдебиеті» газеттері және «Жұлдыз» журналы секілді басылымдар қазақ редакторларын тәрбиелеп шығарды. Қазір ақпараттық технологияның дамуы себепті мерзімді басылымдар кенже қалып қойды. Сондықтан редакторлық мектеп те қиын жағдайға тап болған секілді. Ал ақпарат айдынына шыққан сайттардың қазақшасы сын көтере бермейді. Баспадағы редакторлар мектебіне келер болсақ, өзіміз де шет тілін меңгерген, аударманы түпнұсқа мәтінмен салыстыра отырып өңдей алатын редакторларға мұқтажбыз. Мұндай редакторлар – өкінішке қарай, жоқтың қасы, – дейді Шыңғыс Мұқан.

ҚОЛЖЕТІМДІ КІТАПХАНА ҚАЙДА БАР?

Ал ендігі мәселе, осы аздыкөпті жарық көріп жатқан шығармалар оқырманға қаншалықты қолжетімді? Жекеменшік кітап дүкендерінен бөлек, мемлекет тарапынан қандай жобалар іске асырылды?

Picodi.com талдаушыларының дерегіне сүйенсек, әлемдегі қоғамдық кітапханалардың қолжетімділігі жағынан Астана 22-орында тұр. Осы зерттеуге енгізілген қалалардың ішінде Брюссельдегі қоғамдық кітапханаларға қолжетімділік оңай. Қаланың әрбір 10 мың тұрғынына 1 кітапханадан келеді. Салыстыру үшін айтсақ, Ұлыбритания астанасы Лондонда бұл көрсеткіш – 0,39, ал Берлинде – 0,25. Ал елордада орналасқан қоғамдық кітапханаларды әрбір 10 мың тұрғынға шаққанда 0,15 кітапханадан келеді. Соңғы мәліметтерге сәйкес қалада тұратын 1,2 миллионнан астам адамға 18 мемлекеттік кітапхана қызмет көрсетеді.

Аймақтардағы ахуалға келсек, Көкшетауда бұл көрсеткіш – 0,78, Қызылордада – 0,72 және Талдықорғанда – 0,67. Алматы қаласында тұрғындардың көптігі себепті кітап алу әлдеқайда қиын, онда 10 мың тұрғынға тек 0,13 кітапхана қолжетімді.

Американдық кітапханалар қауымдастығының мәліметі бойынша қоғамдық кітапханалар қоғамдастық өмірінде маңызды рөл атқарады, тұрғындарға мәдени іс-шаралар өткізуге және кездесуге орын береді. Бүгінде біз де кітапханаларда түрлі мәдени шаралардың ұйымдастырылуы себепті креативті хабтарға айнала бастағанын көріп жүрміз. Бұл, бір жағынан, халықтың оқуға деген ынтасын арттырса, екінші жағынан, саланың өзге бағытта өркендей түсуіне сеп болады деп сенеміз.

ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН IT-ЖОБА

IT-Aiel бағдарламасы аясында 2 мың қазақстандық әйел тегін білім алады. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында Astana Hub басқарушы директоры Алина Әбдірахманова мәлімдеді.

Оның айтуынша, жоба ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, «Astana Hub», «TechnoWomen» коммерциялық емес ұйымы және «ITeachMe» қоғамдық қорының қолдауымен іске асырылады. Жоба 1 тамызда қазақ және орыс тілдерінде онлайн-форматта басталады.

Елімізде еңбекке жарамды жастағы 967 мың әйел бар болса, оның 34 пайызы жұмыс істемейді. Еңбекке жарамды жастағы әйелдердің 41,4 пайызы жоғары білімді.

– Қазіргі уақытта IT-Aiel бағдарламасы бойынша No Code School, Freelance School, компьютерлік сауаттылықтың негізгі курстарына оқуға жұмыссыз әйелдерден, декреттік демалыстағы әйелдерден, студенттер мен 18 жастан асқан кәсіпкерлерден 2307 өтініш келіп түсті, – дейді Алина Әбдірахманова.

IT-Aiel бағдарламасына қатысуға жұмыссыз әйелдерден 2307 өтініш түскен. Оның ішінде Астанада – 668, Алматыда – 371, Шымкентте – 63, өңірлерде 1205 үміткер бар.

COURSERA РЕЙТИНГІНДЕ 31-ОРЫНДАМЫЗ

Coursera онлайн білім беру алаңы Global Skills Report 2023 атты жаңа есебін жариялады. Онда платформада орналастырылған курстарға сұраныс және оларды тыңдаушылардың сәтті өтуі зерттелген.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің мәліметінше, Қазақстан жалпы әлемдік есепте 31-орынды иеленген. Баяндамада Қазақстанда білім алушылар технологиялық дағдылар бойынша жетістікке жетіп жатқаны, олардың көрсеткіші Technology санаты бойынша 96 пайызды құрайтыны атап өтілген.

«Рейтинг құраушылар мынадай білім санаттарын қарастырып отыр:

Business – менеджмент, коммуникация, қаржы және бухгалтерлік есеп сияқты бизнесті басқаруға қатысты дағдылар;

Technology – IT-жүйелер мен бағдарламалық жасақтаманы құру, қолдау және масштабтау үшін қажетті дағдылар;

Data Science – шешімдер қабылдау үшін немесе әзірленіп жатқан өнімдер мен қызметтерде компаниялар жасаған білімді жинау және пайдалану дағдылары.

2023 жылы зерттеу базасын әлемнің 100 елінен 124 млн студент құрады», – деп жазды министр.

Бұл рейтингтегі позицияны арттыруға ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 25 отандық жоғары оқу орнының білім беру бағдарламаларына 600-ден астам курсты енгізу арқылы цифрлық экономика үшін 20 000 студент пен оқытушыны даярлау жөніндегі бастамасы ықпал етуде.

Дәметкен СҮЛЕЙМЕНОВА, ғалым:

ЖАҺАНШАНЫҢ КӨЛІГІ ШАҒЫЛ ҚҰМЫНДА ҚАЛҒАН

Жымпитыға барған сапарымызда Жаһанша Досмұхамедов пен Халел Досмұхамедов бастаған алашордашылар үйіне арнайы соқтық. Бұл үй қазір «Алаш» музейіне айналған. Алаштықтар отырған үйде Жаһанша, Халел тұтынған заттар сақталған. Екі қабаттан тұратын үйдің тарихы тым әріде жатыр. Біз көрген-білгенімізді, көңілге түйгенімізді бөлек жаза жатармыз. Осы сапарда Батыс Алашорда тақырыбына қатысты алаштанушы, ғалым Дәметкен Сүлейменованың көптеген зерттеу еңбектерін көрдік. Сөйтіп, елордаға келе салысымен Дәметкен апайды іздеген едік. Апаймен әңгімеміз де Жымпитыдағы «Алаш» үйінен басталды.

– Алашорда тақырыбын сөз еткенде Шығыс Алашорданы көбірек қозғаймыз да, Батыстағы Жаһанша бастаған топ сырт қалып қоятын секілді. Мұның себебі неде? Әлде Батыс Алашорданы зерттеушілер аз ба?

– Астанаға көшіп келгеніме үш жылдай болып қалды. Алаш тақырыбына, Алашордаға қатысты жиындарға жиі қатысып тұрамын. Сондай кездерде Әлихан, Ахмет, Міржақып есімдері жиі аталады да, Батыс Алашорда, Ойыл уәлаяты, Жаһанша, Халел есімдеріне келгенде тымтырыс, үнсіз қалып қояды. Былтыр Жаһанша Досмұхамедовтің туғанына 135 жыл толды. Сол кісінің мерейтойын республикалық деңгейде атап өтейік деп «Ақ жол» партиясы басшыларына хат жаздым. Ғылыми-практикалық конференциялар өткізейік деген ой болған еді. Ешқандай хабар да жоқ, ешқандай мәлімет те болған жоқ. Сол хат ескерусіз қалып қойды.

Жаһаншаның мерейтойы Оралда, өзі туған аймақта дүркіреп өтті. Түрлі іс-шара ұйымдастырдық. Флешмобтар өткіздік. Менің жолдасым да тарихшы. Өмір бойы Хамза Есенжанов туралы зерттеп келе жатыр. Ол кісінің есімін жақсы білесіздер. Әйгілі «Ақжайық» трилогиясының авторы. Қуғын-сүргін көрген кісі. Бұрнағы жылы «Алжирге» бардық. Сенесіз бе, музейде Батыс Алашордаға қатысты ақпарат мардымсыз. Жалғыз Жаһаншаның суреті ғана тұр. Бұл тақырыпты зерттеп келе жатқаныма 27 жылдан асып кетті. 5 монографиялық еңбек жаздық. Батыс Алашорда десе, үнсіз қала алмаймын.

– Жалпы, Батыс алашордашылардың әйелдері «Алжирде» тұтқында болған ба?

– Болған жоқ. Себебі бұлардың көпшілігі орыстан әйел алды. «Алжирде» тек Сейітқали Меңдешовтің әйелі қамауда болған. Сейітқали Меңдешов – Бөкей Ордасынан шыққан адам. Ол кісі нағыз коммунист, Алашордаға қарсы болған. Сөйткен Сейітқали Меңдешов 1937 жылы «Халық жауы» болып ұсталып, 1938 жылы атылды. Қазақ мемлекетін құрамыз деген Әлихан, Ахмет, Жаһаншалар да 1937 жылы ұсталды. Олар да «Халық жауы» болып атылды. Міне, қараңыз: Кеңес үкіметіне қызмет еткен адам да жоқ, «оған қызмет етпейміз, Кеңес үкіметін мойындамаймыз, біз қазақ мемлекетін құрамыз» деген адамдар да жоқ. Сонда Кеңес үкіметіне бәрібір болып тұрғаны ғой. Оларды неге құртты? Себебі олардың бәрі өте білімді адамдар еді. Қазақта білімді адам болмауы керек сияқты. Өйткені қазақты мәңгүрт ретінде 70 жыл билеп-төстеу керек болды. Сондықтан білімді, зерек, халықты соңынан ертеді-ау деген адамдарды шетінен құртып жіберді. Мысалы, Әбдрахман Әйтиев. Ол кісі негізінен Жаһаншаларды қолдаған адам. Оларды ұстап әкеткен кезде де тірек болған кісі. Бірақ Кеңес үкіметіне қызмет етті. Сонысына қарамастан оны да «халық жауы» деп қуғындап, құртып жіберді. Кеңестік жүйенің саясаты – олар оқыған қазақты біріктірмеу керек екенін жақсы меңгерген. Сосын уақыты келгенде екі топты да жойып жіберді.

– Батыста Жаһанша мен Халел деңгейінде қызмет атқарған, аты көп айтылмай жүрген алашордашылар көп болған секілді. Олар неге ұзақ уақыт зерттелмей қалды?

– Ондай адамдар өте көп болған. Мәселен, Дәулетше Күсіпқалиев. Арғы атасы – хан тұқымы. Сөйте тұра, 1917 жылы земствоны басқарады. Ойыл қаласында өткен Орал қазақтарының 2-ші съезінде оны земство басшысы етіп тағайындайды. Өте білгір дәрігер болған. Ханның тұқымы болса да, үрім-бұтағымен Алашқа қызмет етті. Бақтығали Бисенов – алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі. Орал қазақтарының төртінші съезінде, яғни 1918 жылы 18 мамырда Ойыл уәлаяты құрылды. Жеті мүшесі сайланды. Басшысы – Жаһанша Досмұхамедов. Заңгер, бірнеше тілді меңгерген, жанып тұрған адам. Қарапайым отбасынан шыққан. Жаһанша жасынан зерек болған, бес жасында атқа мінгізіп, ислам дінін қабылдатып, молдаға оқуға береді. Екі жыл молдадан дәріс алады. Одан кейін Оралда ашылған орыс-қазақ мектебінде білім алып, кейінірек әскери училищеге оқуға түседі. Сонда жүріп неміс, орыс, латын тілін меңгереді. Мәселен, Халел Досмұхамедов. Полиглот емес пе? Бірнеше тілде сөйлеп қана қойған жоқ, лингвистикалық сингармонизм заңын ашып тұр. Ал өзінің мамандығы – дәрігер. Бұлар неге шетінен білімді болды? Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, білім беру жүйесі өте мықты дамыған. Патша үкіметі қазақтардың балаларын оқытпауға тырысқан. Соған қарамастан сол жылдары Орал әскери-реалдық училищесінде 18 бала білім алған екен. 1903 жылы осы училищені Халел бітіріп шықса, 1905 жылы Жаһанша бітіреді.18 баланың бәрі стипендия алып отырған. Оның бірін руды, елді басқарып отырған сұлтандар төлеген. Екіншіден, бұлар Орал губернаторының стипендиясымен оқыған. Оларға бір емес, бірнеше стипендия төлеген. Қазір біз білімді, мықты студентке осындай жағдай жасай аламыз ба?

Патша үкіметі кезінде қазақ балалары аз оқыған. Бірақ аз оқығанымен, сол кездегі билер, сұлтандар, ел басқарып отырған қазақтар зерек, оқимын деген балаларды өз қаражатымен оқытып отырған. Байлар байлық деп дүние жинай бермей, сол дүниесінен инвестиция деп білімге ақша құйған. Өз баласына ғана емес, жоқ-жітіктің де балаларын оқытқан. Қазір қалталылардың балалары шетелдерде білім алуы мүмкін, бірақ қарапайым адамдардың балаларының білім алуына мүмкіндік жоқ. Ол заманда бай-кедей деп қарамай, кім зерек, соған инвестиция құйған.

– Жымпитыдағы Алашорданың батыс бөлімшесі отырған үйде Жаһанша бастаған топ қанша уақыт билік құрған?

–1918 жылдың мамырында Орал қазақтарының 4-ші съезінде Ойыл уәлаяты атты уақытша үкімет құрылды. Ойыл уәлаятын құрғаннан кейін олар бірден қазіргі мемлекеттік құрылым секілді жұмыс істеген. Ең алдымен территориясын бекіткен. Ойыл уәлаятының территориясына Торғай облысының бір бөлігі, Ақтөбе, Атырау, Орал өңірі кірген. Екіншіден, телефон, телеграф байланыстарын ұстаған. Бұл туралы Жаһаншаның Дутовқа жазған хаты бар. Оны біз тауып алдық. Сол хатында: «Ендігі беретін бұйрықтарыңыздың барлығын тек Жымпитыға бересіздер. Оның басшысы – Жаңғожа Мергенов. Сол кісімен хабарласып отырыңыздар» дейді. Бұл үкімет қыркүйекке дейін Ойыл уәлаяты деп аталған. Оны неге таратты? 1918 жылдың 8 қыркүйегінде Уфада уақытша үкімет басшыларының қатысуымен үлкен жиын өтеді. Оған Кеңес үкіметі ғана қатыспайды. Керенский, әскер – ақ гвардияшылар – Құрылтай жиналысы комитеті (Комуч), Алашорда үкіметі мүшелері келеді. Үлкен құрылтайға жиылғандар «жаңа үкімет құрылады» деп ойлайды. Уфадағы жиында алашордалықтарға тосынсый жасайды. Олар бірден «Алашорда үкіметін тарату керек» дейді. Осыдан-ақ олардың қазақтарға көзқарасы қандай болғанын байқауға болады. 1918 жылдың 11 қыркүйегі күні кешкісін Уфа қаласында төтенше съезд ашады. Осы съезде Алашорданың батыс бөлімі құрылып, Ойыл уәлаяты тарайды. Өзгелерге көз қылып, Ойылды таратады да, Алашорданы сақтап қалып отыр. Батыс Алашорданың жетекшісі қылып Жаһаншаны, оған көмекші болып Халел сайланады. Оған Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Бірімжанов қол қояды. Батыс Алашорданың орталығы ретінде Жымпитыны таңдайды. Съезде бекітілген тағы бір мәселе – Батыс Алашорда кез келген жағдай туса, шешімді өздері қабылдай береді. Ол кез қиын-қыстау, аласапыран кезең. Азамат соғысы жүріп жатыр. Бір жағында Колчак үкіметі бар. Орынборды Дутов әскерлері басып алған. Орал казактары тағы бар. Кеңес әскері Колчакпен соғысып жатыр. «Орал – қақпа. Ресеймен шектесіп жатыр, сондықтан билік өз қолдарыңызда» дейді. Жаһанша, Халел бастаған батыс алашордалықтардың қызметі нағыз қайнаған соғыстың кезінде, елдегі саяси жағдайдың өте күрделі уақытында осылай басталған.

– «Батыс Алашорда бөлініп кеткен» деген пікірлер де жиі айтылады. Неге?

– Рас, «Жаһанша – Халел бастаған Батыс Алашорда Әлихан бастаған топқа қарсы шығып, жеке бөлініп кетті» деген пікірлер айтылып келді. Бұл дұрыс емес. Себебі олар тарихи оқиғаны талдау керек. «Олар бөлініп кетіп, өз алдына мемлекет құрмақшы болды» деген жаңсақ пікір. Өйткені Әлиханның өзі қол қойып, Батыс Алашорданы құрып отыр. Әлиханның сөйлеген сөзіне дейін бар. Сол кездегі елдегі саяси ахуалдың күрделігіне байланысты Әлихан Бөкейханов бастаған Алашорда үкіметі дұрыс шешім қабылдай білді. Себебі бұлар Ресеймен шекаралас жатқан аймақта Алашорда үкіметін құрып, қазақ халқының мал-мүлкін талан-таражға салмай, соны қорғап қалды. Жаһанша мен Халелдің Батыс Алашорданы құрғандағы қызметі өте күрделі жағдайда өтті. Олар тіпті Оралдағы ақ казақтармен келісімшартқа отырады. Орынбордағы Дутовпен, Самарадағы Комуч үкіметімен келісімге келеді. Жаһанша Досмұхамедовке «Комучқа мүше болып кір» деп айтқан. «Әуелі жағдайға қарай көрейін» деген сырғытпа жауап қайырған Жаһанша кейін Батыс Алашорданы құрып алған соң Комучқа мүшелікке өтеді. Кейінірек бұл үкіметтің өзі тарқап кетеді. Алашорданың Батыс бөлімі Комучтан алатынын алып қалады. 600 винтовка, екі пулемет, 2 автомобиль алады. Қару-жарақ, ақшалай көмегі тағы бар. Алашорданың батыс бөлімін күшейту үшін қару-жарақ ауадай қажет еді. Мұны Жаһанша тиімді пайдаланды.

– Дәл осы кезде Батыс Алаш әскері құрыла ма?

– Ақ казақтың 25 офицерін өзіне келісімшартпен қызметке алады. Себебі қазақтар сайын далада еркін өскен. Олар мерген, аттың үстінде қылыш сермей біледі. Бірақ әскердің темірдей тәртібін біле бермейді. Жаһаншаға Алаш әскерін құру үшін олардың әдіс-тәсілін меңгеру қажет болды. Комучтан алған қару-жарақты игеру тағы бар. Сөйтіп, Алаш әскерін үйретуге ақ казақтың офицерлері көмекке келді. Жаһаншаның әскерін кім басқарғанын білесіз бе? Сабыр Сарығожин. Ол кісі Жымпитыда, яғни Қаратөбеде туған. Ол Мәскеуде император атындағы әскери академияны бітірген. Тілге өте жетік, әскери білімі күшті болғандықтан, оны патша үкіметі елге жібермей, өзіне алып қалған. Соғыс болып жатқан аймақтың бәрінде Сабыр басқарып отырған. Алашорда үкіметі құрылғанға дейін патша үкіметіне қызмет еткен адам. 1918 жылы келіп, Батыс Алашорда әскерінің басшысы болады. Бір жыл жұмыс істейді. Бір жыл ішінде Алаш әскерін дайындап, сықитып сапқа қойып кеткен. Көрдіңіз бе, бұлардың бәрі шетінен білімді адамдар болған.

– Неге бір жыл? Бір жылдан кейін Сарығожин қайда кеткен?

– 1919 жылы Сабыр Сарығожинді шетелге асырып жібереді. Жаһаншалар тықыр таянып келе жатқанын сезе бастаған ғой. Оны Кеңес үкіметінің аман алып қалдырмасын білген соң шетелге асырып жіберген. Оның кейінгі тағдыры белгісіз. 1925 жылы Германияда қайтыс болған деген ақпарат бар. Ол кісінің ұрпағы Қаратөбеде тұрады. Ол туралы деректерді жақындары іздеп, таба алмаған. Алаштанушы Елдос Тоқтарбай бірде маған «Сабыр Сарығожиннің құжаттарын таптым» деген еді. Кітап шығарып жатыр екен, соған қосамын деген. Бізде 1919 жылға дейінгі құжаттары ғана бар. Одан кейінгі тағдыры белгісіз. Жақын-жуықтары елде қалған. Өзі жалғыз кетіпті.

– «Батыс Алаш әскері екі мыңнан асқан» дейді. Әскер қатарында тағы қандай мықты азаматтар болды?

– Екі мың деген аз. Қазірдің өзінде екі мыңнан астам әскердің дерегін таптық. Бұл тақырып әлі жабық жатыр. Жалпы, Алаш әскерінің құрамы өте көп болған. 2000-нан астам адамның қанша тілектесі, ниеттесі болды. Соларға қызмет еткендер бар. Олардың бәрін алашордашылар деп құртып жіберді ғой.

– Бір кездері Берік Әбдіғалиұлы Алаш әскерін зерттеп, арнайы жинақ та жариялады. Ол кітапқа Батыс Алаш әскері туралы деректер толық енді ме?

– Екі мың адам деп енгізілген. Ол бер жағы ғана, оның саны одан да көп екенін зерттеп, тауып жатырмыз. Болат Мүрсәлім де бұл тақырыпты зерттеп жатыр. Жаһанша Досмұхамедовтің әскерін үйреткен, соған қызмет еткен Молданияз Бекімов деген кісі болған. Оралдың әскери училищесін бітірген, кейін Мәскеуге оқуға түседі. Сабыр Сарығожин сияқты оны да патша үкіметі ұысынан шығармай, өз әскеріне алып қалған. Оның да үрім-бұтағы Қаратөбеде тұрады. Бұл кісі Пушкиннің «Капитан қызын» қазақшаға аударған адам. Қазақ тілінде балаларға арнап, аңыз-әңгімелер жазған. Әскери адам болса да, бірнеше тілді жетік меңгерген. Бекімов те Жаһаншаның әскерінде қызмет еткен. Кейінірек Кеңес үкіметі жағына шығып кеткен. Ол жаққа не себепті өтті, ол туралы мәліметтер жоқ. Кейін Қытайға жіберіпті. Қытайға кеткеннен кейінгі өмірі белгісіз. Өте тұйық адам болған. Тағы бір мықты азаматтардың бірі – Жаңғожа Мергенов. 2017 жылы электронды поштама қызық хат келді. Хатта: «Менің әкем Жаңғожа Мергенов. Мен сол кісінің баласымын. Қазір жағдайым ауыр, ракпен ауырып жатырмын. Менің әкемді тарихи ізденіс жолына түсіруіңізді сұраймын. Суреті болса, тауып берсеңіз, жақсы болар еді» делінген. Дереу хабарластым. Онкологиямен ауырып, ауруханада жатыр екен. Әкесі туралы шағын кітап шығарыпты. «Сол кітаптың электронды нұсқасын жіберем» деді. Кітаптың жартысы келді, жартысы жоқ. Жаһаншаның өзін қорғайтын 100 адамнан тұратын әскері болған. Жаңғожа Мергенов сол мобильді топты басқарып отырған. Ол 1921 жылы қайтыс болады. Алашорда тарқап, көпшілік өз еркімен Кеңес үкіметі жағына шыққан уақытта Жаңғожа Мергенов еліне қайтып кетеді. Ол кісі құғын-сүргінге ұшырамаған, ауырып қайтқан секілді. Баласы әкесі туралы деректерді өмір бойы іздеген.

– Толық зерттелмеген Алаш қайраткерлері әлі бар ма?

– Алаш әскері, Алашорда мүшелеріне қатысты жабық тақырыптар әлі бар. Мүлдем зерттелмеген тұлға да көп.Архивке жиі барам. Әсіресе, Орал архивінде жиі отырамын. Ол жақта Айнамкөз деген мықты архивист қыз бар. Бірде Орал архивіне барғанымда Айнамкөз қолыма бір папканы ұстатты. Сыртында «1937-1940 жылдар аралығы, Ұлы Отан соғысы қарсаңындағы құжаттар» деп берілген. Ашып қалсам, ішінде ылғи Алаш әскері. Әдейі осындай керек құжаттың көбін басқа папкаларға салып жіберген. Ол папкаларды көп іздей бермейді. Оның ішінде жоқ деп ойлап, қарамай өтуін де мүмкін. Төрт кісінің дерегін жылдамдатып жазып алдым. Әйтпесе, көшіруге рұқсат бермейді. Ол адамдар туралы деректер еш жерде жоқ. Міне, осындай қиындықтарға қарамастан Алашқа қатысты, Алаш әскеріне қатысты деректерді табуымыз керек.

– Жымпитыға барған сапарымызда Жаһанша Досмұхамедовтің көлігін көміп кеткені туралы дерек естідік. Ол көлікті әлі күнге дейін таба алмағанын айтады. Ол сіз айтқан Самарадағы әскер – ақ гвардияшылар (Комуч) үкіметі берген көлік пе?

– Жаһаншаның көлікті көміп кеткені рас. Ол Комучтан екі автомобиль алған. 1919 жылы қараша айында Жымпитыдан Ойылға көшеді. Ойылға көшіп, ұзақ тұра алмайды. «Қызыл әскер Ойылға келе жатыр» деген хабар жеткен соң желтоқсанның басында Жаһанша үкіметті Қызылқоғаға көшіреді. Кейін Кеңес үкіметі жағына шығады. Ойылға көшкенде Жаһанша бір автомобильмен барады. Бір көлік қайда кетті? Майсақ деген Жаһаншаның атқосшысы болған. «Өте мұқият адам еді» дейді. Ол кісі сотталмаған. Өмір бойы ешкіммен сөйлеспей, біреуге тіс жармаған. Сол Майсақ өз ұрпағына: «Жаһанша бір автомобильді бүкіл құжатымен Шағылдың құмына көмді» деп айтып кетеді. Құм сусымалы, көшіп жүреді. Көшкен сайын автомобиль бата береді екен. Көлікті қалай көмген дейсіз ғой. Әуелі жылқыны сойып, киізді ішмайымен майлаған. Көлікті сол киізбен ораған. Жылқының ішмайына құрт-құмырсқа жоламайды екен. Сол көлікті әлі іздестіріп жатырмыз.

– Көлікте қандай құжаттар болуы мүмкін?

– Жаһанша Досмұхамедов – заңгер адам. Өте білімді, стратег кісі. Кеңес үкіметі жойып жібере ме деген қауіппен маңызды құжаттардың бәрін көлікке тыққан сияқты. Егер көлік табылса, біраз құпия құжатқа қол жеткізер едік.

– Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

Мемлекеттік тілдің аясы ешбір салада тарылмауы тиіс. Бұның аса күрделі сала – энергетикаға да қатысы бар. Қазір қоғамның кез келген бағыты мемлекеттік тілде сөйлейді. Осы ретте KEGOC акционерлік қоғамының Еңбек қатынастары және қоғаммен байланыс жөніндегі басқарушы директоры Жаңабай Бексарыдан қандай жұмыстар жүргізіліп жатқаны жайында сұраған едік.

ЭНЕРГЕТИКА ЖҮЙЕСІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ СӨЙЛЕЙДІ

– Жаңабай Мұратбекұлы, мемлекеттік тіл – ұлттың жаны. Ана тіліміз тұсауланбас үшін қоғам оны қажетсінуі керек. Елдегі энергетика жүйесінің көшбасында тұрған KEGOC секілді ірі компания мемлекеттік тілді дамытуда неге басымдық береді?

– Жалпы, компанияда мемлекеттік тілді енгізу жұмыстарын іске асырудың бағыт-бағдары KEGOC АҚ 2021–2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында белгіленген. Аталмыш құжат Қазақстан Республикасының тіл саясатын жүзеге асыру жөніндегі 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде әзірленді.

Бағдарламада мемлекеттік тілдегі құжат айналымын 97%-ға жеткізу міндеттелген. Біз бұндай көрсеткішке жету үшін, ең алдымен, компания қызметкерлеріне қазақ тілін оқыту дәрістерін жыл сайын өткізуді қолға алдық. Нәтижесінде, 2022 жылы 372 компания қызметкері, соның ішінде, 72 филиал қызметкері қазақ тілі дәрістеріне қатысып, арнайы сертификаттарға ие болды. Ал 2023 жылы жалпы 515 қызметкер, оның ішінде Атқарушы дирекциядан 300, өңірлік филиалдардан 215 қызметкер қазақ тілін оқып, меңгерді.

Сонымен қатар 2015 жылдан бері «ҚАЗТЕСТ» тілдік білімді бағалаудың деңгейлік жүйесі бойынша емтихан өткізу тәжірибесі енгізілген. Осыған орай, компанияда 2017 және 2019 жылдары сертификаттау тесті өткізілді. Атап айтқанда, 2019 жылы жалпы 677 қызметкер, соның ішінде Атқарушы дирекциядан – 235 қызметкер, өңірлік филиалдардан – 442 қызметкер сертификаттау тестісінен өтіп, 375 қызметкер (55%) сертификаттарын алды. Компания бұл көрсеткішті алдағы уақытта 60-70%-ға жеткізуді жоспарлап отыр.

Кезекті сертификаттау тесті өңірлік филиалдарда 2024 жылы, ал Атқарушы дирекцияда 2025 жылы өткізіледі деп күтілуде.

Сондай-ақ биылғы жылдың мамыр айында Ұлттық тестілеу орталығының өкілдері В деңгейі бойынша диагностикалау тестісін өткізді. Тестілеуге 99 қызметкеріміз қатысып, оның 88-і В деңгейінен жоғары (В1, В2, С1) нәтиже көрсетті.

– Компанияда қазақ тілінің өрісін кеңейтіп, қолданылу шегін ұлғайту үшін тағы қандай шаралар жолға қойылған?

– Компанияда Мемлекеттік тілді енгізу және аударма ісі жөніндегі бөлім тарапынан қызметкерлерге мемлекеттік тілде құжат әзірлеуде әдістемелік көмек көрсетіледі. Тұрақты түрде кеңес берутүсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Осыған орай, бөлім қызметкерлері «Мемлекеттік тілде іс жүргізу» әдістемелік құралын әзірлеп шығарды. Әдістеме барлық өндірістік бөлімдерге үлестірілген. Сондай-ақ компанияның ішкі порталында энергетика және өзге де салалар бойынша терминологиялық сөздік жасалынып, оған 5000-нан астам термин енгізілді. Алдағы уақытта қызметкерлердің ұсыныс-тілектері бойынша аталмыш сөздік толықтырылып, жаңартылып отыратын болады.

Кеңседе қазақ тілін оқытуға арналған кабинет жұмыс істейді. Ол тиісті оқу құралдарымен жабдықталған. Дәл осы кабинетте оқу дәрістері, тестілеу сағаттары, іс жүргізу мамандарына арналған семинарлар, ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тілдік емтиханға дайындық сабақтары өткізіледі. Атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижелі болуы үшін жылдың соңында қызметкерлер арасында оқу дәрістерінің сапасы мен тиімділігі жайында сауалнама жүргізіледі.

Сонымен бірге Мемлекеттік тілді енгізу және аударма ісі жөніндегі бөлім мемлекеттік тілдегі құжат айналымына ай сайын мониторинг жүргізеді. Төменгі нәтиже көрсеткен құрылымдық бөлімшелер мен филиалдар бойынша талдау-талқылау жұмыстарын жүргізеді. Олардың басшыларына мониторинг нәтижелері жіберіліп, электрондық құжат айналымы жүйесінде құжаттардың мемлекеттік тілде әзірленуі бақылауға алынады. Құжаттарды тіркеуге жауапты мамандар шығыс құжаттардың тіл туралы заңнама талаптарына сәйкестігін, мүмкіндігінше шығыс хаттардың мемлекеттік тілде ресімделуін қадағалап отырады. Жоғарыда айтқан талаптарға сәйкес келмейтін құжаттар тіркеуге қабылданбайды. Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде биылғы жылдың 1-тоқсанында Компания бойынша мемлекеттік тілдегі жалпы шығыс құжаттың пайыздық көрсеткіші 85%-ды, ал ішкі құжатайналымы бойынша 83%-ды құрады.

Кешенді жұмыстардың бір бағыты ретінде компанияның ресми веб-сайтының контентіне тоқталып өтуге болады. Веб-сайт бөлімдеріне жауапты құрылымдық бөлімшелермен орнатылған тиімді коммуникацияның арқасында сайт контентінің сапасы әсіресе қазақ тіліндегі ақпараттардың сапасы артты. Оған дәлел – 2022 жылы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың ресми интернет ресурстарындағы қазақ тілінің қолданысына жүргізген мониторинг нәтижесінде KEGOC жоғары ұпай жинаған ҚазТрансОйл, Бәйтерек, Даму, QazExpoCongress, Эйр Астана секілді ұйымдардың қатарына қосылды. Яғни, KEGOC АҚ қазақ тілі контентінің берілу көлемі мен сапасын бағалау критерийлері бойынша ең жоғары 10 ұпай жинап, сайтта орналастырылған материалдарының барлық тілдік нұсқаларының мазмұны мен сапасы бойынша ұлттық компаниялар арасында алдыңғы қатарға шықты. Оған қоса, ішкі корпоративтік порталдың интерфейсі қазақ тілінде жасалды. Сонымен бірге электрондық құжат айналымы жүйесінің интерфейсі де қазақ тіліне бейімделіп келеді.

Сондай-ақ биыл Тіл саясаты комитетінің ұлттық компаниялардағы құжат айналымының мемлекеттік тілдегі үлесін қорытындылау үшін KEGOC акционерлік қоғамында семинар өткізді. Семинар барысында квазимемлекеттік ұйымдарда мемлекеттік тіл саясатын жүргізу және құжатайналымдағы мемлекеттік тілдің үлесі бойынша мәселелер талқыланды. KEGOC АҚ, «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ, «Қазақстан Ғарыш сапары» ҰК» АҚ өкілдері мемлекеттік тілді дамыту мен қолданыс аясын кеңейту бағытындағы жұмыстары жайында баяндап, өзара істәжірибелерімен бөлісті.

Жалпы, компанияда қоғамдық іс-шаралар, өндірістік кеңестер, басшылықтың қатысуымен өткізілетін аппараттық кеңестер, жиналыстар мүмкіндігінше қазақ тілінде өтеді.

– Мемлекеттік тілдің компания мен қызметкерлердің өміріне дендеп енуі жоспарлы жұмыстармен ғана шектелмейді ғой?

– Әрине, компанияда қазақ тілін дамытуға арналған еркін форматтағы кездесулер, байқаулар және ұлттық салт-дәстүрлерімізді ұлықтайтын түрлі мерекелік шаралар да өткізіліп тұрады.

Сондай жарқын мысалдардың бірі – ұлттық әз-Наурыз мейрамын компания көлемінде атап өту. Компанияның жаппай барлық құрылымдық бөлімшелері жұмылдырылатын мерекені ұлықтау шарасы орталық кеңседе басталып, 9 өңірлік филиалда жалғасады. Биыл наурыз мейрамы командалар арасындағы байқау форматында ұйымдастырылды. Дәлірек айтқанда, компания қызметкерлері ұлттық тағамдардан әзірленген ақ дастарқан жайып, көз жауын алар ұлттық киімдерімен өзара сайысқа түсті. Бұл күні қызметкерлердің мерекелік қойылымдарды сахналап, өнерлерін ортаға салуына мүмкіндік туды. Байқауға компания басшылары мен басқарушы директорлар да қатысып, мерекелік шараның маңыздылығы мен ерекшелігін арттыра түсті.

Осындай мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға бағытталған кешенді жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Анарыс АҚЫЛМАН

Астанада «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің кезектен тыс құрылтайы өтіп, ұйымның жаңа президенті сайланды. Құрылтай делегаттарының ашық дауыс беруімен бұл қызметке журналист, қоғам қайраткері Рауан Кенжеханұлы сайланды.

БІРЛЕСТІККЕ ЖАҢА БАСШЫ САЙЛАНДЫ

Жиынға бірлестіктің басқарма және орталық кеңес мүшелері мен делегаттары, тіл жанашылары, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қатысты. «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің бұған дейін атқарған жұмысына қорытынды жасалып, алдағы жұмыс жоспары мен жаңа міндеттері талқыланды.

«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігі 1989 жылы 22 қыркүйекте құрылған. Ол – қазақ тілін дамытуға ынталы тіл жанашырларын біріктіретін еліміздегі ең ірі қоғамдық ұйым. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қолданыс аясын кеңейту, беделін арттыру, қазақ мәдениеті мен ұлттық құндылықтарын насихаттау, тілді қолдану мен оны үйретуде жаңа технологиялық әдістерді пайдалану бағыттарында қызмет атқарады. Қазақ тілін, сондай-ақ халқымыздың мәдениетін, әдебиетін, тарихын оқып-үйренуге, әдеп-ғұрпын сақтап, оны одан әрі дамытуға ынтызар елімізде және басқа мемлекеттерде тұратын қандастарымыз бен басқа ұлт өкілдерінің басын біріктіретін ерікті ұйым.

Құрылтайда ұйым президенті, қоғам қайраткері, Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының өткен кезеңдегі қызметі туралы баяндама жасады. Ол 2021 жылдың 26 қарашасында Түркістанда өткен қоғамның VI құрылтайында ұйымның президенті болып сайланған болатын.

«Бұл аралықта «Қазақ тілі» қоғамы Астана қалалық филиалының бастамасымен «Қазақ тілі мен мәдениеті» форумын өткізді. 1986 жылғы қасіретті оқиғаларға байланысты «Желтоқсан» деп аталатын кітап басып шығарды. «Алтын қыран» компаниясының демеушілігімен музыка сүйер ортада танымал Spotify қызметінің қолданба мәзірі мен интерфейсі қазақ тіліне аударылды. Сондай-ақ қоғамдық бірлестіктің филиалдар саны 135-ке дейін көбейіп, қоғамның бас кеңсесі Астана қаласына көшірілді. Қазақтілді тұтынушылардың қызмет алу құқығын қорғау мақсатында «Көрнекі» жобасы іске қосылды. Жоба кәсіпкерлік нысандардың тілге қатысты заңнаманы қатаң сақтауына ықпал етіп жатыр. Одан бөлек, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ұйымдастыруымен «Народные восстания в Казахстане в 1920-1930-е годы. Монография в документах» кітабы баспаға дайындалды. Аймақтарда да бірқатар жұмыс атқарылды», – деді бірлестік басшысы.

Берік Әбдіғалиұлы өзінің мемлекеттік қызметке ауысуына байланысты қоғамдық бірлестік басшылығына Bilim Media Group компаниясының басшысы, «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының директоры Рауан Кенжеханұлының кандидатурасын ұсынды. Құрылтай делегаттарының ашық дауыс беруімен Рауан Кенжеханұлы «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің президенті болып сайланды.

Рауан Кенжеханұлының бастамасымен интернеттегі қазақ тіліндегі мазмұнды дамыту және оған қолжетімділікті арттыруға бағытталған бірқатар жоба жүзеге асқан. 2011 жылы оның бастамасымен құрылған WikiBilim қоғамдық қоры «Қазақша Wikipedia» жобасын іске асырды. Екі жылдық жұмыс нәтижесінде Уикипедиядағы қазақша мақала саны 7 мыңнан 200 мыңға дейін артты. Қазір қазақша Уикипедия бөлімі айына 14-15 миллион рет қаралады. 2014 жылы Рауан Кенжеханұлының ұйымдастыруымен қазақ тілі Google Translate жүйесіне қосылды. Сондай-ақ қазақ тіліндегі кітап қорын, соның ішінде көркем және ғылыми әдебиетті цифрлы форматқа өткізуге бағытталған KITAP – Қазақстанның ашық кітапханасы, студенттерге арналған OPEN_U – «Қазақстанның ашық университеті» сынды ауқымды жобалар жүзеге асырылды. 2017-2021 жылдары Р.Кенжеханұлы басқарған «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясы аясында әлемнің ең үздік 100 оқулығын қазақ тіліне аударып таратты. Сонымен қатар қазіргі қазақ әдебиетінің антологиясын БҰҰ-ның 6 тіліне, Абай Құнанбайұлының шығармалар жинағы әлемнің 10 тіліне аударылып, әлемнің 100-ден аса еліне тарады. 500 мың сөз бен сөз тіркесінен тұратын OXFORD QAZAQ Dictionary (Оксфорд қазақ) сөздігі жасалды.

Жаңадан сайланған қоғам президенті білім беру саласындағы қазақ тілін оқыту сапасы, оқу сауаттылығын көтеру, қазақ тілінің кәсіпкерліктегі, ақпараттық технологиялардағы қолданыс аясын кеңейту, көпшілікке, соның ішінде балаларға қажетті қазақтілді мазмұнды арттыру, тілді үйренуге және біліктілігін жетілдіруге ниетті ортаға арналған көпшілік жобалар, қазақ тіліндегі мазмұнды цифрлы форматқа көшу мәселелеріне ерекше ден қоя отырып, қоғам мүшелерімен бірге жұмыс істейтінін айтты. Аталған міндеттерді іске асыруға қажетті ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық және ақпараттық шаралар мен жобалар кешені дайындалмақ.

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі бірлестіктің жаңа президентін қызметімен құттықтады.

«Мемлекет басшысы айтқандай, қазіргідей ақпарат пен жаңа технология қарқынды дамып жатқан кезеңде қазақ тілінің ұлтаралық және халықаралық тілге айналуына қызмет ету керек екені белгілі. Бұл орайда Рауан секілді Уикипедияны қазақша сөйлетіп, әдебиетімізді әлем тілдеріне аударған, тіліміздің мерейін көтеру үшін қыруар жобалар жасаған белгілі азаматтың бұл қызметті абыроймен атқаратына сенім мол», – деп жазды әлеуметтік желіде министр.

Сондай-ақ Құрылтай ұсынысы бойынша халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының орталық кеңесі мен басқарма құрамы жаңартылып, толықтырылды. Атап айтқанда, орталық кеңес және басқарма құрамына Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібінің министрі Бағдат Мусин, «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің басқарма төрағасы Дихан Қамзабекұлы, Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов, кәсіпкер-меценат, TAS Group компаниясының басшысы Дулат Тастекеевтер кірді.

Асыл ТҰМАР

Соңғы уақытта кванттық физика, кванттық байланыс, кванттық секіріс сынды терминдер жиі айтылып келеді. 1922 жылы дат ғалымы физик Нильс Бор атом құрылысының кванттық теориясын жасап, физика саласындағы Нобель сыйлығын алғаннан бастап бұл ұғым сәнге айнала бастады десек те болардай. Квант туралы көптеген ғылыми теория жазылып, неше түрлі әдеби шығармалар туды, жүздеген көркем фильм түсірілді. Әсіресе, Голливуд ұжымы бұл тақырыпты кеңінен қаузап, ғылыми-фантастикалық киноларды жауыннан кейінгі саңырауқұлақша қаптатты. «Матрица», «Интерстеллар», «Дежавю», «Люси», «Гаттака» («Планета Ка-Пэкс»), «Куб 2: Гиперкуб», «Бұлт атласы», «Мандела эффектісі» секілді фильмдер – осының айғағы. Сонымен, квант дегеніміз не?



КВАНТ БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ МЕ?

Наурызбек САРША

Осы сұрақ төңірегінде Еуразия ұлттық университетінің профессоры Айдар Морзабаевпен сөйлескенімізде, ол кісі қарапайым тілмен квант ұғымын былайша түсіндірді:

«Жалпы әлем макроорганизмдер мен микроорганизмдерден құралады. Макроорганизмдер – қолмен ұсталатын, көзге көрінетін дүниелер. Оны біз түрлі құралмен салмағын, көлемін өлшей аламыз. Ал микроорганизмдер – қолмен ұсталмайтын, көзге көрінбейтін дүниелер. Мәселен, бактериялар, атом, молекулалар, энергия деген сынды. Міне, осы ретте біз кванттық физиканың көмегіне жүгінеміз. Себебі олар мүлде басқаша заңдылықта өмір сүреді. Оған қарапайым классикалық физиканың қуаты жетпейді», – дейді профессор.

«ШРЕДИНГЕР МЫСЫҒЫ»

Техас университетінің профессоры, физик Алан Чодос:

«Егер біз бөлшектерге өлшеулер жүргізетін болсақ, бөлшектің нақты қай жерде екенін білу үшін барлық ықтимал позициялардың ішінен біз белгілі бір уақытта тек біреуін таңдай аламыз. Сол сәтте қалғандарының бәрі өмір сүруін тоқтатады», – дейді.

Кванттық физиканың қағидасы – бір бөлшек бір уақытта әртүрлі жерде болуы мүмкін, бірақ біз оны түзетуге тырысқан сәтте олардың біреуі ғана қалады. Ғылымда кеңінен танымал тағы бір мысал бар, ол – Шредингер мысығы. Бұл теорияның өзі – біршама қызық теория. Соңына дейін дәлелденбеген. Алайда әлі күнге дейін қолданыста жүрген мысал. Шредингер мысығы теориясы бойынша, күмәнді екі ойдың немесе шешімнің нәтижесі қорытынды шықпайынша, жария етілмейінше, тең дәрежеде, теңдей деңгейде болады. Осы ойды дәлелдемек болған Шредингер 1935 жылы тәжірибе жасайды. Оқиға ұлы физик Альберт Эйнштейн мен Нильс Бордың пікірталасы мен дау-дамайынан басталған. Эйнштейн кез келген шағын бөлшек бір уақытта ерекше эксклюзивті күйде болады деп дәлелдеуге тырысты. Ол үшін Эйнштейн Нобель сыйлығының лауреаты Эрвин Шредингерге жүгінеді. Бор мен Эйнштейн екеуі жаңа идеяны талқылап, өздігінен жанатын бөшкеге арналған бос ұнтақты қарастырып көреді. Тәжірибе нәтижесінде ұнтақ жарылған жоқ. Дегенмен кванттық механикаға сәйкес, ол бір жыл уақыт өткен соң жарылуы тиіс. Эйнштейн Шредингерге «іс жүзінде жарылғыш және жарылмаған зеңбіректің арасында өтпелі жағдай жоқ» деп дәлелдейді. Шредингер эксперимент нәтижесімен келісіп, Эйнштейн жағына өтеді. 1935 жылдың аяғында Шредингер Эйнштейн идеясын жақтап мақала жариялайды. Сонда ойша мынандай тәжірибе жасағанын айтады. Ол жәшіктің ішінде мысық пен радиоактивті материалды бірге салып, Гейгер есептегішін қойған. Жәшік ішіне салынған бөлшек кішкентай болғандықтан, бір атомның ядросы бір сағатта ыдырауы мүмкін деп болжам жасалды. Егер реактив ыдыраса, мысық өледі, ал ыдырамаса, өлмейді. Сонда Шредингер бұл тәжірибенің нәтижесін былай деп түсіндірді:

– Эксперименттің нәтижесі бір сағаттан кейін ғана белгілі болады. Ал оған дейін мысықтың жағдайы өлі де, тірі де! Яғни, бір сағаттың ішінде мысық өліп те қалуы мүмкін, тірі де болуы мүмкін. Яғни, мысықтың екі күйі бірдей.

Міне, осы мысалға қарай отырып, кванттық физиканың бүгінгі мәселесін көруге болады. Ғалымдар микроорганизмдерді зерттегенде белгілі бір теорияға келу қиындық туғызатынын айтады. Себебі бір бөлшектің күйі мен көлемін, жағдайын білу үшін оны көрген сәтте-ақ ол бастапқы күйін немесе орнын өзгерте қояды. Енді кванттық физика заңдарын бөлшекке немесе мысыққа қолданбай осы теорияны санамызға қолданып көрсек қалай болады?

АДАМ ОЙЫМЕН ӨМІРІН БАСҚАРА АЛА МА?

Кванттық физиканың дамуымен ғылымда көп өзгеріс болып жатыр. Соның бірі – адам ойының материалдық қуат екеніне қатысты түсінік. Иә, ой деген түрлі толқын туғызатын материалдық қуат екен. Кәдімгі радиотолқындар сияқты. Радиотолқындарды таратсаңыз, оны қабылдағыш арқылы қабылдаған адам сіз жіберген ақпаратты тыңдай алады. Жасыратыны жоқ, біз әлі де мидың қалай жұмыс істейтіні туралы көп біле бермейміз. Бірақ егер біз оны кванттық физика тұрғысынан қарастыруға тырыссақ ше? Себебі біздің санамыз бен эмоцияларымыз дәл оның заңдарына сәйкес жұмыс істейді. Бұл туралы қазіргі психологтер мен неврологтер түрлі пікір айтып келеді. Кванттық эмоциялар теориясы бізді депрессиядан арылтып, бақытқа жетелейтін болса ше?

Кванттық теория бойынша элементтер бір уақытта көптеген жерде болуы мүмкін екенін айтады. Сол сияқты бізде суперпозициялық сезімдер болуы мүмкін. Мәселен, біз бақыт, қуаныш, қайғы, ашу, қорқыныш, жиіркеніш, көңілсіздік, үміттену және басқа да көптеген эмоцияны бастан кешіреміз. Бірақ егер біз бір эмоцияны таңдап, соған назар аударсақ, квант теориясы бойынша қалғандарының бәрі жоғалады. Егер біз қайғыға назар аударсақ, бақыт жоғалады, ал бақытты таңдасақ, мұң екінші жоспарға түседі, өйткені екі сезімді де бірден сезіну мүмкін емес.

КВАНТТЫҚ СЕКІРІС

Неврологтер дәл қазір физиктермен бірге мидың жұмысын зерттеуде кванттық механизм сияқты жұмыс істейтін жаңа бағытты ашуда. Кванттық секіріс турасында бүгінде елімізде көптеген психолог ақылы курстар өткізуде. Олардың бағалары да аспандап тұр. Сондағы олардың айтатыны «қазіргі бақытсыз күйіңді өзгерт» дегенге саяды. Әлбетте, арасында ақылға қонбайтын дүниелерді де айтып жататындары жоқ емес. Әлеуметтік желілерде өздерінің жарнамаларын жасаған олардың шын мәнінде кванттық физикадан толық хабары барынан күмәнімізді де жасыра алмаймыз. Дегенмен бұл теория бұрыннан бар. Кванттық секіру дегеніміз – кванттық жүйенің (атомдар, молекулалар, атомдық ядро) бір күйден екінші күйге, бір энергетикалық деңгейден екінші энергетикалық деңгейге секіртпелі қозғалыс ретінде күрт ауысуы. Жүйе энергияны жұтқанда әлдеқайда биік энергетикалық деңгейге ауысады, ал жүйе энергияны жоғалтса, төменгі энергетикалық деңгейге өтеді. Өмірде көбі кванттық секіруді бастан өткереді. Мәселен, қоныс аудару, ортаны ауыстыру, мамандықты ауыстыру, өмір сүру деңгейіндегі өзгерістер, яғни басқа деңгейге өту.

Джон Кехоның «Түйсігіңмен ойлай біл» атты кітабында бұл туралы кеңінен жазылған. Кванттық секіріс туралы физик Крис Гилберт өз өмірінен мынадай мысал келтіреді.

«Анам бір жыл бұрын қайтыс болғанда мен қатты қайғырдым. Менің қуанышты күндерім келмеске кетті. Сосын көз жасымды құрғатып, бақытқа көңіл бөлуді шештім. Күйеуіммен бірге жаңа баспана сатып алдық. Бұл бізді одан сайын жақындата түсті. Мен өмірдегі барлық нәрсеге қуанышпен және сүйіспеншілікпен қарауды шештім. Мен саналы түрде таңдау жасап, нейрондар мен ойларымды бақыт пен махаббатқа қарай бағыттай алдым. Кванттық теория бойынша бір нүктенің бір орында тоқтайтыны сияқты қайғы, ашу, қорқыныш жоғалады», – дейді ол.

> *Сонымен қатар батырларымыз жауға шапқанда «Иә, аруақ!» деп аттандауы мен бұрынғы өткен ата-бабаларынан медет сұрауы да кванттық энергиямен байланысты деуге негіз бар. Мәселен, Қабанбай батырдың жауға аруақтап шапқанда жау көзіне бір өзі мың қол болып көрінген деген аңыз бар.*

БАБАЛАРЫМЫЗ КВАНТТЫ МЕҢГЕРГЕН БЕ?

Кейінгі уақыттарда осы кванттық секіруден бөлек, кванттық шиеленіс туралы да көп айтылады. Былтыр «кванттық шиеленісті» зерттеген физик ғалымдар Ален Аспе, Джон Френсис Клаузер, Антон Цайлингер Нобель сыйлығын алды. Квантты шиеленіс дегеніміз – бөлшектердің күйі бір-бірімен қаншалықты алыс екеніне қарамастан, тіпті мыңдаған шақырым болса да, бір-біріне әсер ету феномені. Эксперимент барысында таңдап алынған бөлшектер өздерін бір бүтін секілді ұстаған. Бір бөлшектің күйі өзгергенде, онымен байланысты басқа бөлшектер де өзгерген. Бұл құбылыс криптография, компьютерлік технологияларда, квантты телепортацияларда қолданылып жүр. Енді ол квантты механикада да дәлелденді.

Егер бұл жаңалықты адамдар арасындағы қарым-қатынасқа тарататын болсақ, басқа адам Жер шарының басқа нүктесінде жүрсе де, біздің ішкі күйіміз оған әсер ететінін көрсетеді. Егер осылай болатын болса, біз өзімізбен жұмыс істеп, ішкі жарықты күшейтіп, адамгершілікке концентрация жасасақ, басқа біреуге күйіміздің деңгейінде серпіліс жібере аламыз. Қазақ сөз қолданысындағы «кіндігің бір ма?» деген сөздің мағынасы осымен ашылады. Бұған қоса, әулиелер дұғасының, үлкендер батасының екінші адамға әсерін де осымен дәлелдеуге болады. Қазақтың «қарғыс алма, алғыс ал», «баталы ел арымас», «батаменен ел көгерер» деген сынды мақалдары мен мәтелдерінің сыры осыдан ашылатын сынды. Яғни, сөз бен тілек энергиясының сырын бабаларымыз әу бастан білген.

Біз ертеде өмір сүрген әулиелер мен әмбиелер туралы неше түрлі қиялғажайып оқиғаларды естиміз. Илана қоймаймыз. Мәселен, Бекет ата таң намазының екі бас сүннетін Оғыландыда оқып, екі бас парызын Меккеде оқып келген деген аңыз бар. Нильс Бордың «Элементар бөлшек А нүктесінен Б нүктесіне ол екі нүктенің арасындағы бірде-бір нүктеде болмай бара ала ма?» деген сұрағына қазіргі кванттық физика «иә!» деп жауап береді. Тіпті, элементар бөлшек бір мезгілде 3 000 нүктеде бола алатыны айтылып жүр. Ендеше кванттық физика фактілеріне сүйенсек, бір мезгілде Бекет атаның Оғыландыда да, Меккеде де болуы әбден мүмкін! Бекет атадан бөлек, әулие Мәшhүр Жүсіп пен Қожа Ахмет Ясауи туралы да осындай фактілерді кездестіреміз. Еш мүмкін емес көрінетін мұндай оқиғалардың дәлелін енді тек кванттық физика арқылы табуға болатындай. Сонымен қатар батырларымыз жауға шапқанда «Иә, аруақ!» деп аттандауы мен бұрынғы өткен ата-бабаларынан медет сұрауы да кванттық энергиямен байланысты деуге негіз бар. Мәселен, Қабанбай батырдың жауға аруақтап шапқанда жау көзіне бір өзі мың қол болып көрінген деген аңыз бар. Ғалымдардың зерттеуіндегі фотондардың бірі бірнешеге бөлінетіні де – осыған ұқсас жағдай. Әжелеріміз балалары мен немерелерін емдегенде «менің қолым емес, Бибіфатиманың қолы» деп айтуы да қосымша энергияны шақыру емес пе?! Иә, жарты әлемді билеген бабалардың кванттық әлемді меңгергеніне күмән жоқ.

КВАНТТЫҚ КОМПЬЮТЕРЛЕР

Біздің өмірімізді жеңілдетуде компьютерлердің еңбегі орасан. Дегенмен қазір қарапайым компьютерлердің техникалық мүмкіндіктерінің шекарасына біраз жақындап қалдық, оның үстіне, ғылым-білім саласында ең заманауи суперкомпьютерлердің де мүмкіндіктері жетпейтін жағдайлар кездесіп жатыр. Осы мәселеге балама шешім ретінде техникалық мүмкіндіктері мол, тіпті суперкомпьютерлерге қарағанда мүмкіндігі мың есе көп болатын кванттық компьютерлерді құрастыру бойынша ғалымдар белсенді жұмыс істеп жатыр.

Кванттық компьютерлердің дамуымен Жер бетінде бұрын болмаған есептерді шығару мүмкіншілігі туып тұр. Тіпті, бүгіннің өзінде, «ең бүлдіршін» кванттық компьютерлер қазіргі заманның компьютерлеріне қарағанда үлкен деректермен манипуляциялау әрекеттерін жүргізе алады.

Есептеу бойынша, 60 кубит кванттық компьютер бүкіл адамзаттың бір жылдағы жасаған деректерін кодтай алатын болса, 300 кубит кванттық компьютер бүкіл көзге көрінетін галактикаға тең ақпаратты сақтай алады екен.

Біздің заманауи компьютерлердегі процессордың транзисторлары ақпаратты 0 және 1 сандарымен кодтайды және өңдейді (яғни, 1 – транзисторда ток болған кездегі күй, ток болмағандағы күй – 0 болады). Бұны бір бит деп атайды. Бит бір уақытта бір позицияда ғана болуы мүмкін, яғни 0-де немесе 1-де. Басқаша болуы мүмкін емес. Ал кванттық есептеулерде биттердің орнына кубит қолданылады. Биттерден айырмашылығы, кубит бір уақыттың өзінде 1 де, 0 де болуы мүмкін және кванттық физикадағы бұл күй суперпозиция деп аталады. Егер қарапайым компьютерде 8 биттік ақпаратты кодтау үшін 8 уақыт бірлігі қажет болса, онда кванттық компьютерде бұл ақпаратты кодтау үшін 1 бірлік уақыт қажет және тағы сол сияқты. Қарапайым процессордың қуатын ондағы транзисторлар санын өсіру арқылы арттырған сияқты кванттық компьютердің өңдеу қуатын да кубит санын көбейту арқылы арттыруға болады. Мысалы, 10 кубит қолданатын кванттық компьютер бір уақыт бірлігінде 1023 санды кодтай алады. Ал 40 кубитті қолданса, бір уақыт бірлігінде миллионнан аса операция жасауға болады. Бұл дегеніміз – тіпті ең қуатты суперкомпьютер шешімін анықтау үшін 3,5 жыл қажет ететін математикалық есепті, кванттық компьютер 10 000 секундта шешіп бере алады деген сөз. Бұндай уақыт айырмашылығын техникада «кванттық басымдық» деп атайды. Яғни, «пәлен корпорация жасап шыққан кванттық компьютердің кванттық басымдығы мынанша екен» десе, дәл осындай уақыттан ұту туралы мәселені елестету керек. Қала берді, кванттық есептеулер адамзатқа бөлшектер физикасы, дәрідәрмектердің әсерін модельдеу және тағы басқа салаларда бұрын-соңды болмаған жаңа мүмкіндіктер ашады. Қысқасы, квант компьютерлері өркениет тарихында келесі бір жаңа технологиялық төңкеріс жасары сөзсіз.

P.S.

Біз квантты түсіну арқылы сөз, ой энергиясының материяға әсері барын білдік. Сонымен қатар біздің әрекетіміздің де қоршаған ортаға өз әсерін тигізетіні белгілі. Ендеше Шәкәрім ақынның:

«Біреудің мінін көргенше,
Жамандығын тергенше,
Өз ойыңды мазалап,
Өз бойыңды тазалап,
Өзіңмен күрес өлгенше!» **деген сөзі квант философиясына жауап беретінін байқаймыз.**



«Қармағымды қап, балық...»

«Алабұға, ақ балық, қармағымды қап, балық» деп, қолдағы қармақты құлаштап кеп суға лақтыратын едік бала күнімізде. Қазір балықшы көбейді, балық аулауға қызығатындар саны артты. Өйткені демалысын табиғат ортасында өткізгісі келетіндер қатары аз емес. Серуенді өзен-көл жағасында ұйымдастыратындықтан, балық аулауды таза ауаға шығудың бір бөлігі ретінде жоспарлайды. Әрі демалып қайтады, әрі балық ұстаса, олжасын қазанға салады. Осы орайда әуесқой балықшылық кәсіп пе, әлде бос уақытты қызықты өткізу ме, оның жабдығын қалай сайлау керек, ол нені білуі қажет деген сұрақ туындайды.

Жәнібек АМАНГЕЛДІ

БАЛЫҚ АУЛАУ БЕЛСЕНДІ ДЕМАЛЫС ТҮРІ ЕМЕС

Кәнігі балықшылар балық аулауға аттанатын сапарын белсенді демалыспен шатастырмауды сұрайды. Қазір әлеуметтік желі балық аулауды жеңіл кәсіп ретінде насихаттайды. Үлкен балық ұстап алғандарды көрген жан сол жетістікті қайталағысы келеді. Сонымен қатар балық аулаудың қыр-сыры туралы интернеттен егжей-тегжейлі ақпаратқа көп қанығуға болады. Ниеттеніп, бірқатар балық аулауға қатысты әдебиет пен еңбекті оқу арқылы төмен деңгейде болсын қажетті мағлұматқа қанығуға болады. Қазір нарық балықшы+++++ керек-жарағының барлық түрін бірнеше баға сегментінде ұсынады. Базарда немесе арнайы аңшы немесе балықшыға арналған дүкендерде сатушы немесе кеңесші қармақтың түр-түрін сіздің сұранысыңызға орай жарақтап береді, өз жанынан азды-көпті кеңес немесе тәжірибесімен бөліседі. Бұл саят түрінің аңшылыққа қарағанда құрал-сайманы арзан әрі бірнеше мемлекеттік органнан арнайы рұқсат құжатын талап қажет етпейді. Арзан бағада қармақ алып, балықтың қызығына бел шеше кірісіп кетсеңіз, кедергі жоқ. Әуесқой балықшыға резервтегі су қоймасынан бір жолы бес келіден аспайтын балық аулауына рұқсат етілген. Алайда көктемгі уылдырық шашу кезінде балық аулауға тыйым салынған. Шортан, ақмарқа, алабұға, көксерке, торта, аққайран балықтарын 20 сәуірден 20 мамырға дейін аулауға тыйым салынса, сазан, мөңке, жайын, қаракөз, оңғақ, теңге, табан балықтарын 20 мамырдан 30 маусымға дейін аулауға болмайды.

«Балықшы балықшыны алыстан таниды» демекші, осы кәсіпке ден қойсаңыз, табиғат туралы, су тіршілік иелерінің ерекшелігі туралы ақпаратқа қанығып, кәсіби хоббидің ортасына тап боласыз әрі ниеттес жаңа достар табасыз.

Тек соңғы жылдары балықшы қауымы елдегі су қоймаларында балық қорының азайып кетіп, бес жыл бұрынғы ұстайтын балық санына жете алмайтынын айтып қынжылады. Яғни, кез келген суға қармақ лақтырып балық ала беретін жеңіл дәурен өтіп кеткен. Балықтың азайып кетуін сарапшылар бірнеше себеппен байланыстырады. Біріншісі – жаһандық жылыну салдары, яғни елдегі өзен-көлдерде су деңгейі азайып, оларға келетін көктемгі су қарқыны бәсеңдеген. Салдарынан су қоймаларының тереңдігі төмендеп, ірі балықтың тіршілік етуі қиындай түскен. Балдыр түрлерінің және суасты өсімдігінің ыстықта қаулап өсуі оттегі жетіспеушілігіне әкелді. Екінші себеп – судың түрлі зиянды нәрселермен ластануы. Мамандар гидрологиялық ластануды кен өңдеу және ірі өндіріс кешендерінің пайдаланған суын жеткілікті тазартпастан су қоймаларына жіберуі, қала және қала агломерациясының суды шектен тыс пайдалануы кезінде жауапсыз кәсіпорындардың ластанған суды ағызуынан көреді. Бұл да ихтиофаунаның күрт азаюына әкелді. Әуесқой балық аулауға рұқсат етілген су қоймаларының дені ірі елді мекен маңында орналасатыны белгілі. Ал суы біршама таза су қоймаларының көбі қорық, табиғи парк аумағында әрі онда балық аулауға тыйым салынған.

БАЛЫҚШЫНЫҢ ЖАБДЫҒЫ АРЗАН ТҰРМАЙДЫ

Балықшы Еркеғали Бейсеновтің айтуынша, балық аулаудан тәжірибесі мол адам сирек. Балықтың қай түріне қандай қармақ сайлап, қайсы жем

қолдану керек екенін екінің бірі біле бермейді. Оның пікірінше, балықшы қазіргі заманауи күрделі қармақты пайдалану мен жарақтаудың қарапайым ережесін ескеруі керек.

«Бұл ретте қармақтың құрығы, бауы, шарғысы (катушка) бірін-бірі толықтырып тұруы шарт. Ол үшін құрығында көрсетілген тестіне орай, мысалы, 100 грамға дейінгі ауыртпалықты көтеретін фидерге 0,28 мм-ге дейінгі қармақбау мен оның 150 метрін орайтын орауышы бар шарғы таққан дұрыс. Ал жемсауыт салмағының 60 грамнан аспағаны маңызды. Өйткені қалған 20-30 грамм салмақты оның ішіндегі арнайы жемтік толықтырады. Егер жемсауыт пен жемтіктің қосылған салмағы қармақ тестінде көрсетілген 100 грамнан асып кетсе, оны құлаштап суға лақтырарда фидерді сындырып тындым дей беріңіз», – дейді Еркеғали Бейсенов.

Оның айтуынша, шортан, көксерке, алабұға, жыланбас, жайын сынды жыртқыш балықтарды аулайтын спиннингтің де түр-түрі бар. Оның құрығындағы тесті 0,5-1 грамнан 150-200 грамға дейінгі әртүрлі көрсеткіштерді қамтиды. Балықшының пайымдауынша, балықшының тәжірибесі молыққан сайын оның жабдығы кәсіби санатқа өтіп, құнды әрі сапалы түрін таңдауға өтуі тиіс.

«Шарғы, қармақбау және жалтырауық түрлерін де сол көрсеткіштерге байланысты таңдауыңыз қажет. Баса ескеруге тиісті бір жайт, егер балық аулауға жиі шығуды мақсат тұтсаңыз, онда сападан ақша аямауыңыз керек. Әлгіндей бірін-бірі толықтырып тұратын дүниелер қалтаға әжептәуір салмақ салады. Шамамен, қолыңыздағы бір қармақтың толыққанды құны кемінде 150-200 мың теңге болады десек, онда сіз – тәжірибелі балықшысыз. Қай балықты қандай қармақпен қалай аулау керектігін білесіз», – дейді Еркеғали Бейсенов.

Ол аушылықтың егжей-тегжейін білмейтін жаңа базардан қытайлық арзан, дайын қармақтың кез келгенін сатып алып, тәжірибелі балықшыларға еріп көруді ұсынады.

«Сонда қармақ құрылғыларын таңдау, монтаждау, ұстау, лақтыру, жағаға балықты шығару әдіс-тәсілдерінің бәрін меңгересіз. Бұл – өзен-көлдерді жағалау жағынан 30 жыл тәжірибесі бар балықшының кеңесі», – дейді ол.

БАЛЫҚ ТҮРІ МЕН ҚОРЫ ӨЗЕН-КӨЛДЕ ӘРТҮРЛІ

Балық аулағанда басты назарда ұстайтын жайт – баратын су қоймаларында аулауға рұқсат бар-жоғын білу. Елімізде өзен-көлдер су бассейндеріне бөлінеді. Ал әр су бассейніне байланысты инспекциялар бар. Сол аумақтық инспекциялардың жергілікті өзен-көлдің мәртебесіне

> *Әуесқой балықшыға резервтегі су қоймасынан бір жолы бес келіден аспайтын балық аулауына рұқсат етілген. Алайда көктемгі уылдырық шашу кезінде балық аулауға тыйым салынған. Шортан, ақмарқа, алабұға, көксерке, торта, аққайран балықтарын 20 сәуірден 20 мамырға дейін аулауға тыйым салынса, сазан, мөңке, жайын, қаракөз, оңғақ, теңге, табан балықтарын 20 мамырдан 30 маусымға дейін аулауға болмайды.*

қатысты деректері сайтында немесе әлеуметтік желідегі парақшасында жарияланады. Осы тізімге қарап қай көлде балық аулауға рұқсат берілген резервтегі су қоймасы екенін анықтаймыз. Ал кейбір көлдер заңды тұлғаларға жалға берілген. Онда меншіктеуші балық аулауға адам басына немесе көлікке ақы алып көл аумағында балық аулауға рұқсат береді. Бір жақсысы, мұндай көлде балық түрі мен қоры көбірек болуы мүмкін. Өйткені жалға алушы су қоймасын балықтандыруды жүргізеді. Ал оған балықшы қауымның қызығушылығы ескеріледі. Яғни, бұрын бұл көлде кездеспейтін шортан, жайын, ақсерке, ақмарқа, дөңмаңдай аулауға мүмкіндік туады.

Жекелеген су бассейндеріне келсек, балық қоры мол, бұл – Балқаш-Алакөл бассейні. Онда Балқаш көлі, Қаратал, Ақсу, Іле, Лепсі, Аягөз өзендері, Қапшағай су қоймасы, Сасыққөл, Қашқаркөл орналасқан. Одан кейін балықшы қызығушылығы жоғары Ертіс бассейні тұр. Онда Ертіс өзені, Зайсан көлі, Шүлбі су қоймасы, Павлодар облысы аумағындағы көлдер жатады.

Арал-Сырдария бассейні – Сырдария, Шардара су қоймасы, Кіші Аралға құяр саға – Сарышығанақ пен Бутакова бұғаздары, Арыс пен Келес өзендері.

Есіл бассейнінде: Есіл, Нұра, Сілеті өзендері. Нұра-Сарысу бассейні: Шалқар және Шалқаркөл. Тобыл-Торғай бассейні. Жайық-Каспий бассейнінде: Каспий теңізінің солтүстік бөлігі, Жайық, Қиғаш өзендері. Шу-Талас бассейнінде: Асы мен Шу, Талас өзендері жатады.

Елімізде жергілікті эндемик балықтармен қатар, жерсіндірілген кәсіптік балық саны көп. Биология ғылымдарының кандидаты Гүлназ Баринованың айтуынша, Қазақстандағы 156 балық түрінің біразы жерсіндірілген, бірқатары инвазиялық жолмен таралған. Оның қатарында кәсіптік маңызы бар көксерке, жайын, бекіре, солтүстік өңірлерге жіберілген ақсақа, еуропалық көкшұбар, пелядь балықтары бар. Аралға Балтық майшабағы, Сырдария мен Балқаш бассейндеріне – ақмарқа (амур), ақ дөңмаңдай, амур бұзаубасы жіберілген. Солармен бірге Амур жалған теңге балығы, атерина, көпқабыршақты анабарилиус, үш ерінді балық та араласып келген. Жыланбас, қырлықұрсақ балық, теңбілкекіре, Амур шабағы, қытай элеотрисі Өзбекстаннан Сырдария арқылы бізге келіп жетті. Шығыс Қазақстан су қоймаларына кәсіптік ихтиофаунаны мақсатты түрде қалыптастыру үшін сазан, тыран, көксерке және рипус, байқал омулы, пелядь, чир, муксун, тұқы, ханбалық, ақ амур, дөңмаңдайлар жерсіндірілген.

Трофей деп аталатын ірі балық аулауға Іле мен Балқаштың оңтүстік атырауы өте қолайлы. Қазақстанда ауланатын балықтың 25 пайызы Іле-Балқаш су алабынан алынады. Қапшағай, Іле, Балқаштан сазан, ақмарқа, жайын, көксерке, алабұға, мөңке, табан, тыран кәсіптік балықтар ауланады.

Шығыс Қазақстан облысындағы Зайсан көліне құятын Қара Ертістің алып шортандары аңызға айналған.

Каспий теңізі немесе оған құятын Жайық өзені бойында да көксерке, сазан, қарагөз, табан, жайын, батпақай (кефаль), ақсыла (жерех) бар. Бекіре балықтарын аулауға тыйым салынған. Тек күтімге (кейде құтыбалық) қатысты шектеу алынған.

Жоңғар Алатауындағы өзендерден көкбас (осман), ханбалық аулауға болады.

Батыс Алтайда Қара және Ақ Үбі өзенінде қара балық (хариус) кездеседі, сирек жағдайда қармаққа күмжі (таймень) түсіп қалуы мүмкін. Оны босатуға тура келеді. Өйткені осынау патша балық – Қызыл кітапқа енген, жойылып бара жатқан түр.

Елорда балықшылары қала маңындағы Есіл және Нұра өзені бойынан балық аулайды. Кейде Қорғалжын ауданына аттанады. Өйткені аудан аумағында 100-ден астам көл бар. Алайда көп су қоймасы қорық аумағына енетіндіктен қорғалады. Онда қысқы маусымда ғана балық аулауға рұқсат етіледі. Өйткені ондағы балыққа оттегі жетіспейтіндіктен, балықшылар көлдің әрі тұсынан үкі ойып, су асты жәндіктерінің оттегі тапшылығынан құтқарады.

Қысқасы, еліміздің өзен-көлдерінде өзі көбейіп жататын балық ресурсы – таусылмайтын байлығымыз. Алайда оның өсіп-өнуіне жағдай жасап, санының азайып кетуіне жол бермей, қамқор болуымыз керек.

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

БЕРЕКЕСІ КЕТКЕН Бидай жыры

Нәсібін жерден тапқан диқан қауымы мен ұн өндіруші диірменшілердің қазіргі жағдайы мәз емес. Нарықта бидай бағасы тым төмендеп кеткені шаруалардың шымбайына батып тұр. Алайда қысыжазы дамыл таппай еткен еңбегі құр босқа кетіп, көк тиын құны қалмаған шаруалар шарасыз қалып, банкротқа ұшырауы мүмкін екенін айтып дабыл қағып отыр…

Түйінді мәселе осыған дейін Парламент пен Үкіметте де талай көтерілген. Нан бағасы шарықтап, әр өңірде 150, кей аймақта 180-200 теңгеден саудаланып жатыр. Бірақ мемлекеттік органдардың тарапынан жүгенсіз кеткен бағаны бақылауға алып, тосқауыл қойғаны байқалмайды. Ұнның құны да қарапайым тұтынушының қалтасын қағып тұр. Бірақ астықты аймақтарда бидай бағасы тым төмен бағалануда. Бұл орайда Ресейден келетін контрабандалық астықтың елімізге өтуіне қатаң тыйым салынғаны да есте. Бірақ аймақтағы шаруалар іс жүзінде бәрі де керісінше болып жатқанына қапалы.

Сарапшылардың деректеріне сенсек, күн сайын Ресейден мыңдаған автокөлікпен ағыла жеткізіліп жатқан арзан бидайдың сапасы қазақ бидайына қарағанда әлдеқайда төмен болғанымен, жергілікті шаруаларды шаш-етектен шығынға батырған. Қазіргі бағасы шамамен 60-65 мың теңге сомасында ғана саудаланып жатқан ресейлік бидай елдегі ұн өндірушілердің де жағдайын ушықтыра түскен. Ақмола облысы Атбасар ауданында ондаған жылдан бері ұн өндірумен айналысатын Динмагомед Асаев та бидай бағасының шектен тыс құлауының салдарынан ұн өндірісі мүлде тоқтап қалғанын ашына жеткізді. Оның айтуынша, бағаның төмендігінің салдарынан мыңдаған тонна астық өнімдері құр босқа жатып, сапасын жоғалтуда.

– Үкімет тыйым салғанымен, Ресейден Қазақстанға автокөлікпен бидай ағылып жатыр. Өйткені Ресейдегі бидай бағасы бізден де төмен. Оны өткен айда Ресейге шыққанда өз көзіммен анық көрдім. Ресейден келіп жатқан бидай мен ұн біздегіге қарағанда әлдеқайда арзан. Яғни, 60-65 мың теңгеден ғана сатылып жатыр. Баға төмен болғандықтан шаруалар минусқа кетіп, шығындарын жаппаса да бидайын осы 70 мыңның айналасында ғана сатуға мәжбүр болып отырмын, – дейді Динмагомед Асаев.

Д.Асаев бірнеше жыл ішінде ғана ұн өндіруші диірмендердің тұралап, тіпті мүлде жабылып қалғанын да жеткізді. Оның айтуынша, осыдан бірнеше жыл бұрын елде 128 диірмен болса, қазіргі күні 80-ге жуық қана диірмен жұмыс істеп тұр. Олардың өзі де бидай мен ұн бағасының арзан болуы салдарынан зиян шегіп отыр.

Астық өндіруші компаниялар да астықтың арзандауы салдарынан бидайын өткізу қиынға соғып жатқанын жасырмады. Бұл орайда ресейлік бидай құнының төмен болуы мәселенің басты себебі екенін аграрлық шаруашылық серіктестіктері ашына айтады.

Астрахан ауданында 11 мың гектардан астам егістік алқабына егін салатын Руслан Экажев те бағаның төмендігінен былтырдан бері бидайын өткізе алмай отырғанын алға тартты.

– Расында да, бидайдың бағасы құлдырап кетті. Ресейден жеткізілетін контрабандалық бидай еліміздегі астық өндірісін тұралатып барады. Былтырдан бері бір тонна бидайды да өткізе алар емеспін. Қымбатшылық қос өкпеден қысып тұрған қазіргі күнде диқан қауымы әбден қиналып тұр, – дейді Руслан Экажев.

Өңірдің шаруа қожалықтары өнімдері бидай мен ұн, одан нан бағасының төмендеуіне ресейлік бидайдың ағылуымен қоса, басқа да факторлар әсер еткенін жеткізді. Мәселен, Қорғалжын ауданында егін егетін Бауыржан Әбілов шаруалар күні-түні киік күзетсе де, шығынға батып бара жатқанын жеткізді.

– Ресейден бидайдың толассыз ағылуы елдегі тауар бағасын шектен тыс түсіріп жіберді. Қазір әрі кетсе 70-75 мың теңгеден бағаланып жатқанын естідім. Қазір сата қоятын бидайым да жоқ. Оның үстіне, биыл көктен иімей жаңбыр да жаумай кетті. 18 мамырдан бері жаңбыр болмады. Қатты ыстықтың салдарынан көп егін күйіп кетті. Өз басым 600 гектар егін ексем, соның тең жартысы күйіп кетті. Өнім биыл аз болатын түрі бар. Бір жағынан, киіктерден жапа шегіп отырмыз. Күні-түні киіктерді қуып егінімізді таптатпаудың амалын жасаймыз. Бірақ көп шаруашылықтың егінін таптап кеткені рас, – дейді Бауыржан Әбілов.

Түйінді мәселені «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы былтырдан бері бірнеше мәрте көтеріп келе жатқанын, бірақ Ауыл шаруашылығы министрлігінен мәселеге қатысты нақты әрекет болмағанын айтады.

– Ресейден келіп жатқан контрабандалық бидайдың бағаны түсіргенін былтырдан бері көтергенбіз. Мәселе хат түрінде Ауыл шаруашылығы министрлігіне де жолданды. Бірақ министрліктегілер бұл тек шаруалардың айтуынан іс жүзінде контрабандалық бидай жөнінде еш әрекет істей алмайтынын жеткізген. Өткен қыстығүні бидайын өткізе алмай жатқан шаруалар болғанымен, қазіргі күнге палатаға ешқандай арыз-шағым түскен жоқ. Әр ай сайын комитетте жиын болғанымен, мұндай мәселе көтерілген жоқ. Тағы бір мәселе қазір көп егін жауын-шашынның болмауынан әрі қатты ыстықтың салдарынан күйіп кетті. Бұл алдағы егін орағы кезінде тағы көтерілетін мәселе болып тұр, – дейді «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Ақмола облыстық филиалы директорының орынбасары Гүлден Темірғалиқызы.

Облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, көктемгі егісте облыстың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 5,2 миллион гектар алқапқа дән салған. Жоғарыдағы факторлардың салдарынан қанша әрі одан шаруалар қандай сападағы өнім алатыны қазірдің өзінде аса өткір мәселеге айналып отыр.

Бұл орайда ел экономикасының негізгі драйвері ауыл шаруашылығының орасан шығынға ұшырап жатқаны Үкімет пен министрлікті қазірден бастап неге алаңдатпайтыны түсініксіз. Шаруалар Ресейден ағылып жатқан арзан бидайға тоқтау болмайынша, мәселе ушыға беретінін айтады. Сондықтан билік шекарамызды шегендеп, отандық ауыл шаруашылығы фермерлеріне қолдау көрсетпесе, істің насырға шабатын түрі бар.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

ҚҰМ ҚҰРСАУЫНДАҒЫ АУЫЛДАР

Атырау облысындағы ондаған ауылға құм басу қаупі төніп тұр. Басты себеп – теңіздің тартылуы мен құрғақшылық. Соның салдарынан, толассыз көшкен қызыл құм ауыл ішіндегі үйлерді басып қалуы мүмкін.

Қазір Атырау облысындағы Исатай ауылы құмның құрсауында қалды. Ауыл тұрғыны Фаруза Сұлтаналиева үреймен өмір сүріп жатқандарын айтады.

«Құмның толассыз басуы ауыл ішіндегі қозғалысты қиындатып жіберді. Кез келген уақытта құм үйімізді басып қала ма деп қорқамыз. Толассыз көшкен құмға аңызақ жел қосылғанда, қайда кетеріміздің білмейміз. Терезелерді ашып, желдету арман болып қалды», – дейді ауыл тұрғыны.

Исатай ауылының әкімі Аслан Ғұбаштан білгеніміздей, қазір ауылда жағдай қауіпті. Құм тоқтату мақсатында сексеуіл егу жұмыстары қолға алынғанымен, мердігер компания бұл шаруаны аяқсыз қалдырған.

«Былтыр құм тоқтату жұмыстарына 115 млн теңге бөлінді. 27 мың түп сексеуіл егілді. Бірақ мердігер компания жұмысты салғырт ұйымдастырғандықтан, нәтиже болмады. Бүгінде ауылдың ішіндегі қызыл құмды далалық жерге арнайы көліктермен шығару жұмыстарын ұйымдастырып отырмыз. Бірақ дамылсыз көшіп жатқан құм бой бермей тұр», – дейді Исатай ауылының әкімі Аслан Ғұбаш.

Құм басу қаупі төніп тұрған ауылдардың қатарында Зинеден, Сағыз, Қарабау, Нарын, Қаракөл, Жасқайрат елді мекендері бар.

Атырау облыстық Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Нұргүл Қалиеваның айтуынша, соңғы 10 жылда облыста құм көшкіні белең алып бара жатыр.

«Сексеуіл егу жұмыстары тапсырылған «Қайсар» ЖШС кепіл хат беріп, алдын алу бағытындағы жұмыстарды аяқтауға уәде етті. Жұмыстар нәтижелі атқарылмаған жағдайда сотқа жүгінеміз. Ал егер Исатайда қолға алынған жұмыс жемісін берсе, шағылға көмілген елдімекендердің іргесіне сексеуіл егу жалғасатын болады», – деді Нұргүл Қалиева.

Жалпы, құм көшкіні бүгін ғана пайда болған проблема емес. Осы ретте біз ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Бақтыбек Таубаевтан мәселеге байланысты пікірін сұрап көрдік.

«Құм көшкінін тоқтатудың екі амалы бар. Біріншісі – ауылды біртіндеп қолайлы аймаққа көшіру. Екіншісі – жауапкершілікті қолға алып, нақты шаралар қабылдау. Бұл екі жолдың екеуі де орасан қаржыны қажет етеді. Бірақ ауылдарды бәрібір құм көшкінінен құтқару керек», – дейді профессор.

Ғалымның пікірінше, сексеуіл егумен бірге, ауылдардың маңын жасыл оазиске айналдыру да маңызды.

«Құм басу проблемасы осыдан біраз жыл бұрын Маңғыстау облысында болды. Маңғыстаулықтар Алматыдағы География институты ғалымдарымен бірлесіп, үлкен жұмыс атқарды. 2007 жылы Маңғыстау облысындағы Сенек ауылының маңында шамамен 400 гектардай тоғай пайда болып, құмның жылжуы тоқтатылды. Осылайша, Маңғыстаудың шөл даласында тұңғыш рет бір ауылдың маңы жасыл алқапқа айналды», – дейді ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Б.Таубаев.

Иә, қазір Атырау облысында ауылдардағы құм көшкінін тоқтату үшін сексеуіл егу, ағаштардан қорған тұрғызу бағытында жұмыстар атқарылып жатыр. Бірақ әңгіме жұмыстарды үйлестіруі тиіс мердігер мекеменің істі салғырт ұйымдастыруында болып отыр. Сексеуіл егу басқа да, оны күту – басқа жұмыс.

«Мәселен, мердігер мекеме былтыр ауылға сексеуіл егіп кетті. Бірақ ол суарылмады. Суаруға өзіміз араласайық десек, ауылда техника жоқ. Ал мердігер мекеме жауапкершілік алғаннан кейін, ағашты егумен шектелмей, оны суарып, әрі қарай өсуіне де жауапты болуы керек», – дейді Зинеден ауылының әкімі Ерлан Ескендірұлы.

Қалай десек те, құм көшкінін тоқтатуға қалың өскен ағаш көмектесе алады. Мердігер мекеме ағашты еккен күннің өзінде, әрі қарай оған күтім тұрақты көрсетілуі керек. Осы ретте шалғай ауылдарды қажетті техникамен қамтамасыз ету мәселесі де назардан тыс қалмаса дейміз.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

ШЫҒЫНҒА БАТҚАН ШАРУА АЙЫППҰЛ арқаламақ

Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы Томар ауылында жер дауы туындады. Мәселе шаруа қожалықтарының қуаңшылыққа байланысты егін екпей қалуынан болып тұр. Ал сол жерді емген диқандар «айыппұл төлейсіз» деген шенділердің сөзіне наразы. Томар ауылдық округіне қарасты «Томар» ауыл шаруашылығы өндірісі кооперативі және «Бахтияр» шаруа қожалығы басшылары ақиқатты іздеуде.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Қарқаралы ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің берген ақпаратында аталмыш аудан бойынша былтыр 33 шаруа қожалығы жалпы көлемі 37 187 гектар жер учаскесін мемлекеттік қорға қайтарғаны айтылады.

«Қазақстан Республикасының Жер кодексіне және қолданыстағы жер заңнамасы негізінде, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мониторингін ұйымдастыру мен жүргізу қағидасына сәйкес, аудан бойынша жалпы көлемі 197 496 гектар (оның ішінде егістік – 33 949, жайылым – 163 547) болатын жер учаскелерін мақсатты түрде пайдаланбай отырған 54 шаруа қожалығы анықталып, құжаттары Қарағанды облысының Жер ресурстарын басқару департаментіне жолданды», – деп толықтырады ары қарай.

Осының нәтижесінде департамент өз тарапынан 21 шаруа қожалығына тексеріс жүргізіп, тексеріс барысында жер пайдаланушыларға жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы бір жыл мерзімді көрсете отырып, нұсқамаларын берді және қолданыстағы заңнамаға сәйкес, пайдаланылмай жатқан жерлерге базалық салық мөлшерді 20 есеге ұлғайтқан.

Сонымен қатар былтыр «Ғарыш Сапарының» JerinSpektr платформасы арқылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін пайдаланбаудың немесе ұтымсыз пайдаланудың уақытылы жолын кесу және алдын алу, бақылау субъектісіне анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру және оған әкімшілік жүктемені азайту мақсатында 23 шаруа қожалығына (60 827,5 гектар) бақылау субъектісі ретінде бармай, профилактикалық бақылау жасалып, жерлерін игеру бойынша осы жылдың 1 қарашасына дейін нұсқаулар берілген.

«Осы мерзімге дейін игермеген жағдайда бұл шаруашылықтарға қатысты тексеру шаралары тағайындалып, заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қабылданатын болады», – деген екен ауданның жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі.

Осыған байланысты Томар ауылдық округіне қарасты «Томар» ауыл шаруашылығы өндірісі кооперативінде барлығы 47 202,082 гектар жері бар, оның ішінде жайылымы – 39 735,482 гектар, егістігі – 885 гектар, «Бахтияр» шаруа барлығы 2 255,1979 гектар жері бар, оның ішінде жайылымы – 1 908,1 979 гектар, егістігі – 341 гектар.

Осы аталған «Томар» АӨК және «Бахтияр» ШҚ жалға алған егістік жерлерін кейінгі 5 жылда игермей отыр. Сол себепті оларға қатысты заңнамаға сәйкес мемлекеттік бақылау шаралары жүргізілген.

Дау осы жерден туындайды. Томар ауылының тұрғындары «Томар» ауыл шаруашылығы өндірісі кооперативі басшысы Қапан Мұқтаров пен Нұрлан Мақсуре жерді мемлекет алғанымен, әлі күнге дейін игерілмегенін, сонымен қатар жерлері қуаншылықтың зардабын шегіп жатқанын айтты.

– Құрғақшылық кесірінен жерімізге егін сала алмай отырғанымызға төрт-бес жыл болды. Қапан ағамыздың жасы 85-те. «Томар» кооперативін басқарып отыр. Егістік жер – менде 341 гектар, Қапан ағамыздың шаруашылығында – 800 гектар, – дейді «Бахтияр» шаруа қожалығының құрылтайшысы Нұрлан Орынғазыұлы.

Қапан ақсақал Томар ауылын 40 жыл басқарған. Банкрот болып тұрған «Прогрессті» миллионер совхоздардың қатарына қосқан. Еңбегі еленіп, «Құрмет белгісі» ордені, басқа да орден-медаль иегері атанған.

– Бұрын жақсы өнім алушы едік. Егін салдық, мемлекетке өткізіп тұрдық. Соның арқасында шаруашылыққа керекті техника алып, паркті жаңарттық. Құрылыс та салынды. Мұның бәрі астықтың арқасы еді. Міне, соңғы жылдары құрғақшылық салдарынан қиыншылыққа ұрындық, – деп мұңын шақты.



Төрт-бес жылдағы қуаңшылық шаруаларды әбігерге салуда. Егін салсақ күйіп кетеді. Пайдасынан зияны көп болып тұр. Соның кесірінен «егістік жерді игермедіндер» деп 20 еселенген айыппұл салып жатыр.

Нұрлан Мақсуренің айтуынша, қазір егін түгілі шөп шабындығы да бас ауыртар мәселеге айналған.

– Шыны керек, мал бағу, асырау да проблемаға айналды. Төрт-бес жылдағы қуаңшылық шаруаларды әбігерге салуда. Егін салсақ күйіп кетеді. Пайдасынан зияны көп болып тұр. Соның кесірінен «егістік жерді игермедіндер» деп 20 еселенген айыппұл салып жатыр. Мәселенің түп төркініне бажайлап қарап жатқан ешкім жоқ. Бармаған тау, баспаған жеріміз қалмады. Әкімдікке, прокуратураға, Салық комитетіне бардық, басқа да мемлекеттік органдардың есігін тоздырдық. Негізгі айтарымыз, «Қарқаралыдан 145 шақырым жердегі Томар елді мекеніндегі егістікті жайылым ретінде қалдырыңыздар» деп өтінген едік. Алайда заң тармағында жазылғандай, «егістік жерлер мемлекеттікі» деген желеумен жауапқа тартылып отырмыз, – дейді Нұрлан Мақсуре.

Бірнеше жыл жауын жаумай, жер қуарып, өнім шықпай, шығынға батқан шаруа айыппұл арқалағанына наразы.

– Егер біз сол жерден пайда көретін болсақ, айырыламыз ба? Жоқ. 3-4 жыл егін егіп, банкротқа ұшырағаннан кейін доғардық. Қазір егістік емес, малға шабатын шөп – проблема. Енді келіп, қуаңшылық қысқан кезде «сен егін екпедің» деп айыппұл салғанына түсінбей отырмыз. Менің өз басыма 145 мың теңге, Қапан ақсақалдың қожалығына 1 миллионнан астам айып салынған. Үкіметтің егістік жерді қадағалағаны дұрыс. Бірақ әр аймақтың жағдайына қарауы керек емес пе?! Кейде Қарқаралының орталығына жауған жаңбыр Томарға жоламайды. Томардың жері басқа аудандардағыдай құнарлы емес. Соны түсінуіміз керек емес пе?! – дейді «Бахтияр» шаруа қожалығының құрылтайшысы.

Шаруаның жанайқайын түсінуге болады. Тың жер деп «тырнағын» басқан кеңес дәуіріндегі егістікке айналған жерлердің біразы бүгінде құнарсыз. Бір ғана Қарағанды облысының Нұра, Осакаровка аудандарында жерге таяқ тыға салса, тал болып шықса, Қарқаралы мен Ақтоғай аудандарының жері шынымен де егістікке келмейді. Шырылдап жүрген шаруаның айтары да осы.

Бір қызығы, ауылдағы шаруа айыппұл салынатыны туралы ескерту келгенде ғана дәл осындай заң барын білген. Шалғайдағы ауыл тұрғындарына интернет те толық жетпеген. Бұл енді басқа әңгіме...

Қарағанды облысы

БАСПАНА БАС АУРУҒА АЙНАЛДЫ

Атырау қаласына қарасты Талғайраң ауылында осыдан екі жыл бұрын пайдалануға берілуі тиіс көпқабатты үйлер әлі күнге дейін қаңырап тұр. Оған себеп – инфрақұрылымның жоғы. Қоғам белсенділері тіпті салынған үйлердің сапасы сын көтермейтінін айтуда. Мердігер компания әне-міне деп түлкібұлаңға салып жүргенде Атырау қаласының өзінде 29 мың тұрғын көрінгеннің пәтерін жалдап, үй кезегін күтіп жүр.

Көпшіліктің ашуын туғызған жағдайға Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Әділ Жұбанов та араласып, мәселеге алаңдап отыр.

Депутат соңғы жылдары облыста тұрғын үй кезегінің баяу жылжуы және кезектегілер үшін әлеуметтік тұрғын үй құрылыстарының тоқтап қалуы тұрғындардың наразылығын тудырып отырғанын айтты.

«Қазір Талғайраң елді мекенінде құрылысы 2019 жылы аяқталған 24 тұрғын үй қаңтарылып тұр. Ол жерде 1 080 отбасы орналасуы керек еді. Бірақ инженерлік-коммуникациялар толықтай жүргізілмеуі себепті 2021 жылы қолданысқа берілуі тиіс үйлер әлі күнге дейін бос тұр», – дейді Мәжіліс депутаты Әділ Жұбанов.

Депутат бұл жағдаймен әу бастан етене таныс болып шықты.

«2018 жылы Атырау облыстық мәслихат депутаты болған уақытымда Талғайраңда көпқабатты тұрғын үйлер салуға қарсы екенімді, қажетті коммуникация тартылмаған аумаққа жаңа шағынаудан, әлеуметтік нысандар салуға болмайтынын айтып, мәслихат сессияларында қарсы шығып, бірнеше мәрте хат та жолдаған болатынмын. Нәтижесі өздеріңіз көріп отырғандай. Құрылыс жұмыстары жылдар бойы жалғасып, қазіргі жергілікті атқарушы орган қызметінің тиімділігіне тікелей әсер етіп отыр. Бюджет тапшылығы болған өткен жылдарда миллиардтаған қаржы осы шағынауданға коммуникация тартуға жұмсалып, күні бүгінге дейін аяқталмай келеді. Ең сорақысы, тұрғын үйге кезекте тұрған адамдар баспаналы болуды жылдар бойы күтуде», – дейді Мәжіліс депутаты Әділ Жұбанов.

Атырау қалалық әкімдігі бұл жағдайдан хабардар. Шенділер инженерлік коммуникация толық тартылып біткеннен кейін «музейге» айналған үйлердің жыл аяғына дейін пайдалануға берілетінін айтты. Қазір бұл мақсатқа бюджеттен 3,1 млрд теңге бөлініп отыр.

«Атырау қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің өкілі Нұрболат Бөлековтің айтуынша, бүгінде Атырау қаласына қарасты Талғайраң елді мекеніндегі, Спутник кентінде магистралды, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы жүріп жатыр.

«Бұдан басқа, Талғайраң елді мекеніндегі 24 бес қабатты үйде ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде», – деді Нұрболат Бөлеков.

Атырау облысының әкімі Серік Шәпкеновтің айтуынша, қазір Атырау қаласында 52 тұрғын үй салынуда. Биыл 10 тұрғын үй пайдалануға беріледі. Келесі жылы 32 тұрғын үй тапсырылады. Оның 24-і кезекте тұрғандарға беріледі. Бұдан басқа, өңірде халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған «Атырау жастары», «Бақытты отбасы – Атырау» бағдарламалары іске асырылуда. Десе де, үй кезегінде тұрған 29 мың адамның сұранысын қанағаттандыруға бұл құрылыстар жеткіліксіз болып тұр.

Тұрғын үй кезегінде тұрғандардан бөлек «мұнайлы астанада» әлі күнге дейін апатты үйлер проблемасы өткір тұр. Қазір облыста тозығы жеткен 112 көппәтерлі апатты үй есепте тұр. Оның 82-сі – Атырау қаласында. Қалғандары – аудандарда.

Бұдан бөлек, құрылысы басталмай жатып тоқтап тұрған үйлер проблемасы атыраулықтарға жақсы таныс. Мәселен, Атырауда жүздеген үлескерден ақша жинап алып, үш жылдан бері құрылысы тоқтап тұрған бірнеше үй бар.

«Атамекен Тұрғын Үй», Baisanat Residence және Saraishyq Invest Group кооперативтерінің үстінен қазір қылмыстық іс қозғалып жатыр. Жақында ғана «нарықтағы бағадан айтарлықтай арзан үй салып береміз» деген жарнамамен 271 адамның ақшасын жинап алған «Ақмаржан» және «Жібек жолы» тұрғын үй-құрылыс кооперативінің құрылтайшылары сотталды.

«Егер қарапайым азаматтарға арналған әлеуметтік тұрғын үйлер көптеп салынса, мүмкін алаяқ кооперативтерге алданушылар болмас па еді?! Мен Saraishyq Invest Group кооперативіне 6 миллион теңге ақшамды берген адаммын. Анам екеуіміз бір бөлмелі ескі баракта тұрамыз. Әкемнен қалған ескі үй андамында көшіп, пәтер жалдаудан пана болып тұр. Бірақ уақыт бір орында тұрмайды ғой. Әлеуметтік үйлер көбірек салынса, арзандау үйді ипотекаға оңай рәсімдеп алар едік. Енді, міне үй де, ақша да жоқ. Тесік табақпен қалып отырмыз», – дейді баспаналы болудан әбден күдерін үзген Атырау қаласының тұрғыны Альберт Аманжолов.

Ал жылдар бойы тұрғын үй кезегінде тұрып, жаңа баспана кілтін сарыла күтіп жүргендердің жыры – өз алдына бөлек тақырып. Шынайы картина сол, бүгінде Атырауда 29 мың «квартирант» тұрғын үй кезегінде тұр.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

Бауыржан Жақып – арда туған атпал азамат! Ол биыл алпысқа толды. Баукең бұл алты асуды алқынбай-ақ, жұлқынбай-ақ алды. Осы алты белеске желе жортып, жеңісті де жемісті жетті. Ал бұл жеңіс пен жеміске құрбы-құрдастары қызыға да қызғана қарайтыны тағы да рас. Өйткені толағай табысқа ие болу – екінің бірінің майдайына жазыла бермейтін бақ. Ал енді сол бақты көтеріп жүру де оңай емес.

АРДА ТУҒАН АЗАМАТ

Ел аузында мынадай тәмсіл бар: «Бақ әуелі адамның аяғына ілінеді. Аяғына келген бақты көтере алмаған, аяғын шалыс басып, жүрісінен жаңылады. Егер аяғына келген бақты көтере алса, бақ өрлеп белге келеді. Белге жеткен бақты көтере алмаған не ұрпақсыз қалады, не өзінен тараған ұрпағына кесірі тиеді. Егер беліне келген бақты көтере алса, бақ өрлеп кеудеге келеді. Кеудеге келген бақты көтере алмағанның кеудесіне нан піседі. Өзгеден гөрі өзін жоғары санағыш болып, менмен, өркеуде болады. Ондайдан бақ кетіп қалады. Егер кеудеге келген бақты көтере алсаң, бақ өрлеп аузыңа келеді. Бұл кезде айтқаныңа ел ұйиды. Адамда ауыз – біреу, құлақ – екеу, яғни айтпас бұрын көп тыңдауымыз керек. Бірақ көзіміз құлағымыздан жоғары орналасқан, сондықтан көрмей тұрып, естігенімізге сенбеуіміз қажет. Ал адамның миы бәрінен жоғары тұр. Демек, көргеніміз бен естіген өсегімізді айтпас бұрын ойлануымыз керек. Аузындағы бақты ұстағанның ендігі кезегі – көзінде. Көзіне келген бақты көтере алмағанның көзін шел басып, бар мен жоқты, жақсы мен жаманды айыра алмайтын халге жетеді. Көздегі бақты көтере алсаң, бақ жоғарылап басыңа орнайды. Кетпес бақ деп соны айтады. Басына бақ қонған адам – дана адам». Ендеше Баукең де басына кетпес бақ қонған дана адам десек, әсте қателесе қоймаспыз.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді атам қазақ. Сол айтқандай, Баукеңнің жақсылығын айтып, нұрын тасытатын кез келген секілді. Ол – қазақ әдебиеті мен журналистикасының һәм руханиятының отымен кіріп, күлімен шығып жүрген жаны жайсаң жампоз журналист-жазушы.

Арғымақ аттың құйрығы –
Әрі жібек, әрі қыл.
Ер жігіттің белгісі –
Әрі мырза, әрі құл, –

деп осы азаматқа арнап айтса жарасады.

Бауыржан Өміржанұлы – менің әрі ұстазым, әрі кураторым. 1988 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультетіне оқуға түскен күннен бастап, ағалы-інілідей сыйласып келеміз. «Аға болсаң – ақыл айт, ақыл айтсаң – мақұл айт» демекші, ылғи да бауырына тартып, ағалық ақылын айтып, қолдан келген көмегін берді. Ол тек маған ғана емес, екінші топқа, тіпті бүкіл курс студенттеріне қамқорлық көрсетті. Бірінің басынан сипаса, екіншісінің арқасынан қақты. Оқу корпусында, №5 жатақханада өтетін түрлі әдеби-мәдени шаралардың басы-қасында жүрді. Өзі дәріс оқыған 1-курс пен 5-курс студенттерінің бәрінің аты-жөндерін жатқа білетін. 2013 жылы біз 20 жылдық, 2023 жылы 30 жылдық кездесу өткіздік. Осы екі бас қосуда да бізбен бірге болды. Сонда да бәрімізді шатастырмай, аты-жөнімізді толық атап отырды. Айтпақшы, 20 жылдық кездесу кезінде «Қолтаңба» атты кітап шығардық. Сол жинаққа Баукең алғы сөз жазып, бүкіл курс студенттеріне шамашарқынша сипаттама беріпті. Тіпті, басым көпшілігінің қай жерде, қандай қызмет атқаратынына дейін атап көрсеткен. Бұл не деген жады?! Қайран қаламын!

Тағы бір айта кететін жайт, өзім білім нәрін алған Қара шаңыраққа келіп, дәріс оқуыма себепкер болған да – осы Баукең. «Саған базар жағалаған жараспайды. Одан да шәкірт тәрбиеле» деп жеке кәсіппен айналысып жүрген жерімнен қоярда-қоймай шақырып алды. Ол кезде Баукең Мерзімді баспасөз кафедрасының меңгерушісі еді. Кейін декан болды. Бұл кезде де марапаты мен шарапатын аяған жоқ. «Балғабек Қыдырбекұлы – публицист» деген кандидаттық диссертация тақырыбын бекітіп беріп, өзі жетекшілік етпек болды. Бірақ мен «Айқын» газетіне қызметке ауысып кетіп, дер кезінде кандидаттық диссертациямды қорғай алмай қалдым. Оған Баукең емес, өзім кінәлімін. «Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау» деген осы шығар, бәлкім!

Жоғарыда айтып өткенімдей, студенттік шақта да, кейін бірге қызмет атқарған кезде де, Баукеңнің үйінде талай рет болып, Махаббат жеңгеміздің қолынан шай іштік, ет жедік. Отбасы боп араластық. Әлі есімде, алғашқы курстардың бірінде оқып жүрген кезімізде Баукең білім жетілдіру мақсатында Мәскеуге оқуға аттанды. Сонда жақын туған-туыстарын шақырып, ас берді. Сол жиынға курстас досым Мұхтар Атабек екеумізді шақырды. Бұл – бізді өз бауырындай жақын тұтқанының белгісі. Әйтпесе, Баукеңнің бізден басқа шақыратын адамы жоқ деймісіз?!

«Ауылын көріп, азаматын таны» дегендей, 2000 жылдардың басында Баукеңнің еліне барып, Өміржан ағамыздың 60 жылдық мерейтойын, кейін тағы бір барғанымда Ержан деген інісінің үйлену тойын басқардым. Бұл тойға Алматыдан қазақтың ақиық ақыны Төлеген Айбергеновтің асыл жары Үрниса жеңгеміз, қызы Салтанат Айбергенова, Журналистика факультетінің деканы Намазалы Омашев, Баспа ісі және редакциялау кафедрасының меңгерушісі Қайрат Сақ тағы басқа құда-жекжаттары мен құрметті қонақтар келген болатын. Той үш күнге ұласты. Сол сапарда Баукеңнің асыл анасының қолынан дәм татып, әкесінің ақ батасын алдым. Негізі, Өміржан ағамыз ел басқарған, ауылда атақ-абыройы зор атпал азамат еді. Ол – қазақтың көрнекті ақыны Төлеужан Ысмайыловтың зиратына ескерткіш орнатып, өз ауылы мен көрші ауылға қос бірдей балабақша салып, пайдалануға берген кісі. Ауыл тарихын жазып, кітап етіп шығарған шежіреші. Сондай-ақ өзі туып-өскен ауылдан аспан асты дала мұражайын ашқан да – осы Өмекең. Ал ондай кісіден туған баланың осал болуға қақысы жоқ. Баукеңнің «Туған үй» деп аталатын өлеңінде:

Сен неткен жарық, нұрлы едің,
Арманым тұнып тұрған үй.
Жарқылдап балғын күндерім,
Сауық пен сайран құрған үй, – деп келетін шумағы бар. Ақынның өлең арнаған осы үйінде бір аптадай аунап-қунап жатқаным әлі есте. Айтпақшы, сол тойда Баукеңнің «Социалистік Қазақстан» деген ауылының атауын «Капиталистік Қазақстан» деп атап, әзілдегенім бар еді. Сөйтсем, кейін бүкіл ауыл тұрғындары ауыл атауын «Капиталистік Қазақстан» деп атап кетіпті. Оны маған Баукеңнің өзі айтып: «Аузың дуалы екен» деп күлгені бар.

«Аға болсаң – ақыл айт, ақыл айтсаң – мақұл айт» демекші, ылғи да бауырына тартып, ағалық ақылын айтып, қолдан келген көмегін берді. Ол тек маған ғана емес, екінші топқа, тіпті бүкіл курс студенттеріне қамқорлық көрсетті. Бірінің басынан сипаса, екіншісінің арқасынан қақты. Оқу корпусында, №5 жатақханада өтетін түрлі әдеби-мәдени шаралардың басы-қасында жүрді. Өзі дәріс оқыған 1-курс пен 5-курс студенттерінің бәрінің аты-жөндерін жатқа білетін.

Сол сияқты Баукең де менің туған жерім – Түркістанда болып, аға-інілеріммен жақын танысып, туған бауырдай араласып кетті. «Сыйластықты найза бойламайды» дейді дана халқымыз. Сол айтқандай, әлі де ынта-ықыласымыз сондай ыстық. Осы сапарында ол «Түркістан», «Қожа Ахмет Ясауи», «Тайқазан», «Қылует», «Қанағат» атты өлеңдер циклін жазып, «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялады. Кейін ол жеке өлеңдер жинағына енгізілді.

«Жолдасы жоқ жігіттің – олжасы жоқ» дейді атам қазақ. Сол сияқты «Жолдасы көптің – жорғасы көп» деген де сөз бар. Егер осы қағидаға сүйенер болсақ, Баукеңнің жолдасы да, жорғасы да, олжасы да көп. Кезінде арқалы да ақиық ақын Жұматай Жақыпбаев талапты да талантты жас ақындардың басын қосып, қағанат құрған болатын. Сөйтіп, олардың талабы мен талантына һәм жасына қарай шен берген екен. Мәселен, Қажытай Ілиясов – кеңесші, Мейірхан Ақдәулет – илхан, Әуесхан Қодар – гоан, Әбубәкір Қайран – саид, Бауыржан Үсенов, Есжан Айнабеков, Нұрлан Мәукенұлы, Светқали Нұржанов, Темірғали Көпбаев, Қайрат Әлімбеков, Гүлнар Салықбай, Қазыбек Иса, Кәдірбек Құнпияұлы, Айсұлу Рүстемова және Бауыржан Жақып – бәрі жаужүрек нояндар болыпты. Бұдан кейін Баукең әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, «Қазақ энциклопедиясы» баспасында, Қазақстан Жазушылар одағында қызмет атқара жүріп, қаншама дос арттырды. Бірін – аға, енді бірін – іні етті. Олардың бәрі – мықты ақындар, жампоз журналист-жазушылар, қысқасы, қазір олар қазақ әдебиеті мен журналистикасының дамуына сүбелі үлес қосып жүрген қабырғалы қаламгерлер. Осыған қарап-ақ Баукеңнің кім екенін пайымдай беруге болады.

Абайдың Қасқабұлағы,
Қырық өрім таспа бұлағы,
Аспанның аспа бұлағы,
Отыз жыл ойран салса да,
Қырық жыл қырғын болса да,
Мөлдіреп жатыр суы әлі,
Абайдың Қасқабұлағы! – деп өзі жырлағанындай, Бауыржан Жақып 1963 жылы бұрынғы Семей облысы Абай ауданы Аққора ауылында туған. Бұл – қасиетті Меккеде қазақ үшін мешіт салдырған Құнанбайдың, ұлы даланың дара да дана данышпаны Абайдың, одан қала берсе, Мұхтар Әуезовтің, Шәкәрімнің, Тәттімбеттің, Әміренің, Сапарғали Бегалиннің, Төлеужан Ысмайыловтың, Камен Оразалиннің кіндік қаны тамып, өсіп-өнген жері.

Баукең осы ұламалар мен қабырғалы қаламгерлердің рухани қазынасынан нәр алды. Мұнан кейін қазіргі Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетін бітірген соң Қазақ теледидарының әдеби-драмалық хабарлар бас редакциясында еңбек етіп, «Дидар», «Халық қазынасы», «Жыр жазамын жүрегімнен», «Сұхбат» әдеби хабарларын, ал «Алатау» телеарнасы арқылы «Өлең – сөздің патшасы», «Баспасөзге шолу» циклді хабарларын жүргізді. Сондай-ақ «Айтыс» хабарын жасауға да қатысты. Мұнан кейін «Жалын» баспасында редактор болып жұмыс істеді.

1986–2001 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушы, аға оқытушы, деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары, Журналистік шеберлік және әдеби редакциялау кафедрасының меңгерушісі, Баспа ісі кафедрасының, Мерзімді баспасөз кафедрасының меңгерушісі, Журналистика факультетінің деканы болып абыройлы қызмет атқарды. Осы жылдары мыңдаған шәкірттер тәрбиеледі. Олардың бәрі қазір ұлан-байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде еселі еңбек етіп жүр.

«Даналық ойдан дән ізде» деген қағиданы ұстанып, 1994 жылы профессор Тауман Амандосовтың жетекшілігімен «Мұхтар Әуезов – публицист» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын, ал 2004 жылы академик Зейнолла Қабдоловтың жетекшілігімен «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» деген тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Осы жылдар аралығында екі жүзден аса ғылыми мақалалар жазып, 1997 жылы доцент, 2005 жылы профессор ғылыми атағына ие болды. 2006 жылдан бастап, Қазақстан Журналистика академиясының академигі, 2007 жылдан бастап, ҚР Жоғары мектеп ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, 2011 жылдан бастап, Халықаралық Шыңғыс Айтматов академиясының академигі. Қазір ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі. Бұл атақ-дәреженің барлығы табанақы, маңдай термен келгені анық.

2009 жылы «Қазақ энциклопедиясының» бас директор – бас редакторы болып тағайындалды. Осы баспаны басқарған кезінде «Қазақстан ғылымы», «Балалар энциклопедиясы», «Қаныш Сәтбаев», «Математика», «Психология», «Жас шахматшы», «Қазақстан табиғаты», «Атамекен», «Айбын» атты энциклопедияларды жарыққа шығарды. Мұнда да оның ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігі анық байқалады.

«Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың» деп хакім Абай айтқандай, 2015 жылдың наурызынан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ректорының кеңесшісі – «Өнегелі өмір» сериялық басылымы бас редакторының орынбасары қызметін атқарады. Ал 2018 жылдан бері Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары болып ерен еңбек етіп келеді. Әрі Қазақ ұлттық университетінде дәріс оқиды. Бұл – өзі үшін емес, елі үшін қызмет атқарудың үлгісі! Әрбір азамат дәл осылай қызмет атқарса, Қазақ елі әлдеқашан дамып кетер еді.

«Ғылымды үйреніп, оны өмірде қолданбаған кісі – жерін айдап, дәнін сеппеген адамға ұқсас» деген екен Сағди ұлама. Бұл жағынан келгенде Баукеңнің ұпайы түгел. Өйткені ол өлең де, ғылыми еңбек те жазды. Қос салада қаламын қатар тербеді. Сөйтіп, қазақ әдебиеті мен ғылымының дамуына зор үлес қосты. Оның «Аудитория», «Баспалдақтар», «Бір кеменің үстінде», «Парусь времени», «Аралым – арым, Балқашым – бағым», «Көзімнің нұры», «Айдындағы аспан», «Мұхтар Әуезов – публицист», «Ақ лақ», «Қолтаңба», «Уақыт ұршығы», «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары», «Публицистикалық шығармашылық негіздері», «Қызыл қайың», «Абайдың Қасқабұлағы», «Еліккөрген», «Менің далам» атты әдеби һәм ғылыми еңбектері тасқа басылды. Ал таңдаулы жырлары «Екі мың жылдық дала жыры» антологиясына, «Жыр маржаны» атты он томдық қазақ поэзиясының антологиясына енгізілді. Туындылары орыс, түрік, украин, македон, түркімен, қырғыз тілдеріне аударылды.

Бауыржан Жақып – «Дарын» мемлекеттік және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлықтарының лауреаты. Елімізде және шетелде өткен бірнеше байқаулардың жеңімпазы. «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері. Мұның бәрі – жоғарыда біз атап өткен әдеби және ғылыми еңбектерге берілген жоғары баға.

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ

АТЫРАУДА ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТЕР КӨБЕЙДІ

Атырау облысының білім саласында жағымды жаңалықтар мол. Биыл Атырауда алғаш рет әскери бағыттағы «Сармат» мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты және елімізде танымал саналатын BINOM мектептер желісінің екеуі ашылып отыр.

Әскери бағыттағы «Сармат» мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты болашақта мамандығын әскери қызметпен байланыстырғысы келетін балаларға үлкен мүмкіндіктер ашады. Мектеп директоры Ерлан Дайрабайұлының айтуынша, биыл 1-2 шілде күндері «Сармат» мамандандырылған мектеп-лицейінде білім алушыларды қабылдау бойынша конкурстық іріктеу аяқталған.

«Әскери мектепте білім алуға ниет білдірген 500-ге жуық атыраулық оқушы екі кезеңнен тұратын емтиханға қатысты. Конкурстық іріктеудің бірінші күнінде олар қазақ тілі мен математикадан тестілеуге қатысса, екінші күні денешынықтыру қабілеттерін бағалаудан сынға түсті», – деді Ерлан Дайрабайұлы.

Белгілі болғанындай, биылғы оқу жылында 7-8-9-сыныпқа барлығы 120 оқушы қабылданады. Әр сыныпта 20 баладан білім алады.

«Яғни, екі 7-сынып, екі 8-сынып және екі 9-сынып болады. 2025 жылға қарай мектептегі бала санын 300-ге дейін жеткізу мақсаты тұр. Ата-аналар мен оқушылар жедел ақпарат алуы үшін sarmat.edu.kz ресми сайтын және Facebook пен Instagram әлеуметтік желілерінде арнайы парақшаларымызды іске қостық», – деп нақтылады мектеп директоры Ерлан Дайрабайұлы.

Атырау қаласына қарасты Жаңаталап округінде бой көтерген білім беру нысанының құрылысы биыл аяқталды. 300 орынға есептелген мектепте балалар толыққанды күндізгі ауысыммен білім алады. Мұнда облыс аудандарынан келген балалар үшін жатақхана да бар.

Мұндағы оқушыларға 6 мезгіл тамақтану, төсек орны, әскери киім үлгілері, оқу-құрал саймандары мен спорттық жабдықтары тегін қарастырылған. Әзірге мұндай үлгідегі мектеп еліміздің санаулы ғана аймақтарында бар.

Білім саласындағы тағы бір ірі жаңалық – Атырауда биыл екі бірдей BINOM мектебі ашылады. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы салынып отырған заманауи мектептердің әрқайсысы 2 000 орындық.

Қазір Атырау қаласындағы Нұрсая, Сарыарқа ықшамаудандарында салынған екі BINOM мектебінде оқушылардан құжат қабылдау жүріп жатыр. Бұл мектептерде екі ауысымда 8 мың бала білім алатын болады.

Заманауи дизайнда тұрғызылған, қажетті материалдық-техникалық базамен жабдықталған мектептерде қазақ және орыс тілдерінде оқытылады. Мектептерде жаратылыстану-математикалық және жаратылыстану-гуманитарлық бағыттар жоспарланған.

Әл-Фараби атындағы BINOM мектебінің директоры Өнербек Әскербекұлының айтуынша, бұл мектептерде STEAM оқу кабинеті қарастырылған. Яғни, жалпы мемлекеттік стандартқа сай білім берумен бірге, бұл мектептерде оқушылар техника, инженерия, өнер, математика, жаратылыстану ғылымдары бойынша заманауи форматта қосымша білім алады.

«Әр мектепте 92 кабинет, оның ішінде физика, химия, биология пәндерінен 6 кеңейтілген зертхана және лаборанттық бөлмесі бар 8 информатика кабинеті, 2 спорт залы, 48 орындық мультимедиялық сынып, 320 орындық акт залы, ойын залдары, кітапхана, 75 орындық моноблоктары бар «Таным» шығармашылық технологиялар орталығы, асхана және медициналық пункт бар.

BINOM мектептерінде тәжірибелер жасауға арналған 3D принтері, металл және ағаш ою шеберханалары, мата өңдеу және технология шеберханалары, аспаздық шеберханалары, робототехника кабинеті бар», – дейді әл-Фараби атындағы BINOM мектебінің директоры Өнербек Әскербекұлы.

Атап өтерлігі, мектептер аумағында натуралистік аймақтар, жүгіру жолы бар футбол және баскетбол алаңдары, work-out алаңдары, бастауыш сынып оқушыларына арналған түрлі ойын кешендерімен жабдықталған ойын және кәсіпқой спорт алаңдары бар. Биометриялық қауіпсіздік жүйесіне толық басымдық берілген. Мұнда инклюзивті сыныптар да бар.

Атырау облысы әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиевтің айтуынша, қазіргі уақытта аймақта 200 жалпы білім беретін мектепте 143 481 оқушы білім алуда. «Барлығы 4 апатты мектеп тіркелген. Осы орайда, 4 мектеп салынып жатыр. Өңірде 11 үш ауысымды мектеп бар. Бұл мәселе әрқайсысы 2 мың орындық екі BINOM мектебі ашылған кезде шешіледі. Сондай-ақ Береке ықшамауданында 1 200 орындық мектеп пайдалануға берілді. Ал жыл соңына дейін екі мектептің құрылысын аяқтау жоспарланған. Сондай-ақ №3, №16, №17 мектепте әрқайсысы 250 орындық үш жапсаржай құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы жасақталуда», – деді Жасұлан Бисембиев.

Ерекше атап өтерлігі, 2022 жылы облыс бойынша 25 мектепке модернизация жасалды. 2025 жылға дейін ауылдардағы 128 мектеп қосымша жабдықталады. «Яғни, пәндік кабинеттер жасақталады, кітапхана мен асханаға жөндеу жұмыстары жасалады. Жиһаздар жаңартылады. Өйткені мектептердің материалдық-техникалық жағынан жабдықталуы – оқушылардың пәндерді түсініп, игеруіне ықпал ететіндігі белгілі», – дейді Жасұлан Бисембиев.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

ҚУРАҒАН АҒАШТАР АЛАҢДАТЫП ТҰР

Алматыға айтылар мадақ сөздердің басым көпшілігі әсем табиғаты, биік таулары мен жасыл желегімен байланысты екені рас. Қала көрінісіне бояу беріп, көркіне көрік қосқан да осы – ағаштар. Алайда олардың бәрі бірдей жайқалып тұр деуге келмейді.

Алматылықтар ескі ағаштардың көптігі оқыс оқиғаларға апарып соғуы мүкін екенін айтып шағымданады. Әсіресе, қатты жел тұрған кезде ағаш бұтақтары құлап, ауладағы көлікті басып қалуы, я болмаса ойнап жүрген баланың не өтіп бара жатқан жүргіншінің үстіне құлап, бір жерін майып қылуы мүмкін. Тіпті соңы адам шығынына алып келген оқиғалар да аз емес. «Мұндай ағаштардың астынан өту – басымызды қатерге тіккенмен бірдей» дейді жергілікті тұрғындар.

Бүгінде шаһарда жалпы саны 4 миллионнан астам ағаш өседі. Соның ішінде 84 мың ағаш – әбден қураған. Оның 35 мыңы көше бойларында болса, 49 мыңы аулаларда орналасқан. Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының мониторинг бөлімінің басшысы Нұрлан Құттыбаевтың айтуынша, ағаштарды тізімдеу жұмысы 2019 жылы жүргізілген. Нәтижесінде, қала тұрғындарының өміріне қауіп төндіретін шіріген ағаштар анықталған. Әбден қураған ағаштарды кесу жұмысы былтыр басталған. Басқарма биыл 16 925 ағашты кесуді және оның орнына 169 250 көшет отырғызуды жоспарлап отырғанын айтады. Қызметке 33 бригада тартылса, оның ішінде 180-нен астам адам жұмыс істейді. Ал Жасыл экономика басқармасының бөлім басшысы Олжас Жаныспаевтың дерегіне сүйенсек, діңі бұзылған ағаштардың басым бөлігі XX ғасырдың 60-70 жылдары отырғызылған. Қатер төндіруі мүмкін ағаштарды зерттеп, анықтау үшін әр ауданда қоғам қайраткерлері мен жасыл желекке бейжай қарамайтын азаматтардан тұратын «Жасыл комиссия» құрылған. Олардың қатарында экологтар мен биологтар да бар. Алмалы ауданындағы «Жасыл комиссияның» басшысы Омар Нұрхайдаров ағаш кесу жұмыстары Алматы қаласының экономикалық жағдайын жақсартып, әлеуетін арттыруға үлесі барын алға тартады:

– Адамдар біздің апатты ағаштар тізімін жасауда нені негізге алатынымызды, жасыл жапырақты ағаштың қалай апатты болып саналатыны жайлы сұрақтарды жиі қояды. Түбі шіріген ағаш үйге, балалар алаңына, машинаға құлауы әбден мүмкін ғой. Сондықтан біз ағашты түбімен алып тастау қажет екенін түсіндіреміз, – дейді ол.

Сондай-ақ Омар Нұрхайдаров Алмалы ауданында қанша ағаш кесу жоспарланып отырғанын атап өтті:

– Алмалы ауданында барлығы 2200 ағаш кесу көзделген. Біз жасыл желектерді өзіміз зерттейміз әрі арнайы барып көреміз. Қажет болған жағдайда ҚазҒЗИ қызметкерлерін тартамыз, – дейді «Жасыл комиссияның» басшысы.

Ал ішкі өзегі зақымданған ағашты қалай анықтайды? Осы мәселе турасында Жазкен Жиембаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының өсімдікті биологиялық қорғау бөлімінің басшысы Нұржан Мұхамадиев айтып берді. Оның сөзінше, апатты ағаштарды анықтауға арналған арнайы құрыл-

ғы бар. Құрылғы арқылы ағаштың діңін бұрғылап, шіріктің бар-жоғын біле аласыз.

– Қаламызда ағаштың көбі кәрі. Жасыл кеңістіктің жасы табиғатқа қарағанда төмен. Себебі қалада ағаштар ауыр металдарды сіңіреді, әртүрлі механикалық зақымға ұшырайды. Сондықтан жасыл қорды үнемі жаңартып отыру керек. Құрылғымен бұрғылаудан кейін біз ағаштан бактериологиялық егіс алып, зерттеуден кейін қорытынды шығарамыз. Жыл сайын шамамен 200-300 жасыл желекті тексереміз. 84 мың апатты ағаш бар болса, бірнеше жылдан кейін апатты ағаштар қатарына қосылатын ауру ағаштар тағы бар, – дейді ғылыми-зерттеу институты өкілі.

Еске салайық, жақында алматылықтар қарағаш қандаласының көбейгенін айтып дабыл қаққан еді. Ескі ағаштар тұрғындардың тынышын алған қандаланың ошағына айналған. Мамандар өткен ғасырда отырғызылған ағаштардың көптігі, дұрыс күтім жасалмауы зиянкестердің шоғырлануына негізгі себеп екенін ескертті.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

«СӘТТІ ЖҰЛДЫЗ» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАЛАРЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДЕ

«Сәтті жұлдыз» лотореясы «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына бүгінге дейін 2,3 миллиард теңге аударды. Ел тұрғындарының қаржылай сыйақы, көлік немесе пәтер ұтуына мүмкіндік беріп, қуаныш сыйлап жүрген ұлттық лотерея ұдайы қайырымдылық жасап, спорт, білім беру, әлеуметтік жобаларға қолдау көрсетеді.

Биылдан бастап «Лотореялар және лотерея қызметі туралы» заң жаңа норма бекітті, оған сәйкес ұлттық лотерея «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына табысы мен сыйақы қорының арасындағы айырма соманың 10 пайызын аударуға міндеттелді. Айта кету керек, аталмыш норма күшіне енбей тұрып, 2022 жылы ұлттық лотерея бұл қорға ерікті түрде 101 миллион теңге бөлген болатын. Биылғы жылдың екі тоқсанындағы нәтиже бойынша «Сәтті жұлдыз» лотореясы «Қазақстан халқына» қорына 2,3 миллиард теңге аударды.

Бұдан бөлек, жоғарыда аталған заңға сәйкес, ұлттық лотерея табысы мен сыйақы қорының арасындағы айырма соманың 10 пайызын денешынықтыруды дамыту ісіне бағыттайды, бұл салада қаражат бөлуді реттейтін бірыңғай оператор – «Спорт қорына» бүгінге дейін 7,1 миллард теңге аударылды.

Ұлттық лотерея Qazaqstan Barysy, Qazaqsha kures және тағы басқа әртүрлі

спорттық шараларға және онымен айналысатын бірқатар ұйымдарға үнемі қолдау көрсетіп келеді. Мәселен, биылғы маусым айында Астана қаласында Qazaqstan Barysy Grand Slam атты дзюдодан әлемдік турнир өтті. Аталмыш додаға дүниежүзінің 45 мемлекетінен 400-ден астам спортшы қатысты. Әлемдік және олимпиадалық рейтингтің бір бөлігі саналатын аламан жарыста беделді спорт саңлақтары ел намысын қорғады.

Биыл ұлттық лотерея «Интеллектуальный класс – конструкторы» әлеуметтік жобасына қолдау көрсетті. Гиннес рекордтар кітабына есімі енген атақты қазақстандық спортшы Сергей Цырульников жасаған бұл бастама ауылды елді мекендерде интеллектуалды ойындарды дамытуға бағытталған. Басқа да танымал спортшылар, депутаттар, қоғам қайраткерлері қолдаған жоба шеңберінде ашылған шахмат, тоғызқұмалақ сыныптары жеткіншектердің, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балақайлардың таным көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік береді. Еліміздің әр облысында 400-500 баланы және 200-300 ауыл тұрғынын қамтитын 10-15 кабинет ашу жоспарланған. Мұнда аптаның бес күнінде балалар мен жасөспірімдерге, ал демалыс күндері ересектерге дәрістер өтеді.

«Сәтті жұлдыз» Цырульниковтің тағы бір бастамасына қолдау көрсетті: «100 ауыл» жобасы ауыл мектептерін спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ бұл бастама шеңберінде ауыл жастарына әртүрлі шеберлік сыныптарын, ашық аспан астында спорт шараларын, мотивациялық дәрістер өткізу жоспарланған.

Сондай-ақ ұлттық лотерея көпбалалы, аз қамтылған, мүгедек бала асырап отырған отбасыдан шыққан мектеп түлектерін қолдауға бағытталған білім беру бағдарламаларын жүзеге асырып келеді. Мәселен, жақында «Сәтті жұлдыз» еліміздің техникалық білім ордаларында оқуға мүмкіндік беретін 10 грант бөлді. Бұл бастама былтырдан бері жалғасып келеді.

Ұлттық лотерея ойынқұмарлықпен күресу мақсатында еліміздің тұрғындарына арналған «Жаңа өмір» жобасын жүзеге асырып келеді. Бұл бастама шеңберінде жыл бойы кәсіби мамандар еліміздің аймақтарында құмар ойынға тәуелді азаматтар және олардың отбасыларымен кездесіп, психологиялық көмек көрсетеді.

«Сәтті жұлдыз» еліміздің эстетикалық топтық гимнастика федерациясымен бірлесіп, «Сұлу – бақытты балалық шақ мекені» жобасын дайындады. Мұнда ауылды елді мекендерде тұратын 6-10 жастағы қыздар гимнастика үйреніп, жаттыға алады. Сондай-ақ ауылды жерлерде жаттықтырушылар даярлау көзделген. Жоба аясында еліміздің дамушы үш аймағында 960 қыз бен 12 жаттықтырушыны қамту жоспары бар. Бағдарлама гимнастикаға қажетті құрал-жабдықтар, музыкалық аппарат, балаларға арналған спорт киімі, сондай-ақ, жаттығу методикасымен толық қамтамасыз етеді.

Ұлттық лотерея қайырымдылық мақсаттағы жобаларын жалғастыра береді. Жақын уақытта әлеуметтік маңызы бар жаңа бастамаларға қолдау көрсетпек. Атап айтар болсақ, мемлекеттік тілді қолдау және дамыту, «Дара» қорының зағип балаларды балабақшаға үйрету үлгісі дамытуға бағытталған арнайы жобасы – «Открываем мир: раннее развитие» бастамасын қолдау, Жекпе-жек өнері ассоциациясын, «Бақытты отбасы», Batyrs Battle's жобаларын қолдау жоспары бекітілген.

Асыл ТҰМАР

Қасиетті Әулиеата өңірі – аңыз-әпсаналарға бай мекен. Мұнда есте жоқ ескі заманнан сыр шертетін тарихи орын көп. Міне, сондай аңызбен астасқан аймақтың бірі – Жуалы ауданындағы Жолбарысқамал бекінісі. Ұлы жүздің ханы Жолбарыс Абдоллаұлы 1733-1734 жылдары осы қамалда тұрақтаған. Алайда Жолбарысқамал бекінісі туралы тарихтың ақтаңдақ беттерінде аңыз да, ақиқат та аз емес.

Аңызбен астасқан ЖОЛБАРЫСҚАМАЛ

Саятхан САТЫЛҒАН

Жалпы, Жолбарыс хан 1720-1740 жылдары өз билігін жүргізген. Соның бір жылын Жолбарысқамал бекінісінде өткізеді. Ханды бұл жердің табиғаты, қазақ жасақтарын орналастыруға ыңғайлылығы, өзара қимыл үйлестіруге қолайлылығы қатты қызықтырады. Сондықтан ол жан-жаққа хабаршы жіберіп, Жолбарысқамал сайында мықтап әзірленіп, қаруланып, қалмақтарға соққы беруге бел буады. Жолбарыс ханның бұл жоспарын Орта жүздің ықпалды биі Ескелді қолдайды. Ол Жолбарысқамалға жақсы қаруланған бес жүз қаралы жасақты көктем шыға жөнелтуге уәде етеді. Ескелді би жасақты бастап баруды талай сынақтан өткен Балпық батыр Дербісәліұлы, Қабан жырау Асанұлы, немере ағайынды Малтабар мен Құлжан батырларға тапсырмақ болады. Бірақ бұл жоспар іске аспай қалады. Себебі 1735 жылы қыс ерте түсіп, Жуалы жұртын қыспаққа алады. Қар адам бойындай болып қалың жауып, оған ұйытқыған батыстың желі қосылады. Ханның айналасындағы ел-жұрт пен азын-аулақ әскер осы қалың қардың құрсауында қалады. Осылайша, қыстан әзер шыққан Жолбарысқамалдағы хан ордасына көктем келе жоңғарлардың қанқұйлы қолбасшысы Сары-Манжы шабуыл жасап, басып алады. Жолбарыс хан қарсылық көрсете алмай, беріледі. Жоңғарлар ханды Ташкентке әкеліп, сол жердің билеушісі етіп қояды. Жолбарыс хан Ташкенттің билеушісі деген аты болмаса, жоңғарлардың алым-салық жинаушысына айналады. Ал Жолбарысқамалды басқыншылар иемденіп алады. Бұл туралы тарихшы Ұзақбай Доспанбетов:

«Жолбарыс хан тұрған Жолбарысқамал мен Қаратаудың бойындағы адам мен малға жайлы өзге де жерлер қалмақтардың мекеніне айналады. Шөбі шүйгін, суы бал, аң мен құсы садақ жебесіне өзі кеп ілігетін Жолбарыс ханның мекеніне қалмақтар орнықты. Сөйтіп, қазақтардың желкесіне мініп, саптаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қараған сипатта еді», – деп жазады.

Жолбарысқамалдағы бұл оқиғаны жазушы Бақтияр Әбілдаұлы:

«Қаратаудың ең құйқалы, қордалы жайлауын кезінде Ұлы жүздің ханы Жолбарыстың өзі жайлайтын. Жолбарыс хан өлген соң бұл жайлауды жоңғарлардың хонтайшысы Қалдан-Сереннің өзі иемденіп алды. Сірә, сонау жоңғарлардың астанасы Ұрғадан Ташкентке дейінгі ұлан-ғайыр жерден дәл осындай саялы жұмақ таппаған болар. Хонтайшы келмесе, бұл жерді соның атынан билейтін тайшы жайлайды...», – деп баяндайды.

Жолбарысқамал – Қаратаудың теріскейіндегі Жуалы ауданының Түркістан облысымен шектесетін тұсындағы үлкен сай. Оның бас жағында осы саймен жалғасқан Кемпірөлген және Ақжар аталатын жыралар бар. Сай табанында жан-жақтан қосылатын бұлақтардың суы кішігірім өзенге айналады. Жолбарысқамал сайының екі қапталындағы жартастардың жалпақ беттерінде сонау бағзы замандардан қалған петроглифтер бар. Түрлі адам мен аңдардың әртүрлі қимылын бейнелейтін суреттер көне дәуірдегі бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарына қалдырған мұрасы іспетті.

Сай табанындағы шағын өзеннің жағасында итмұрын, шеттік, қара долана, жабайы алма, қаратал, жалбыз сияқты өсімдіктер өседі. Жолбарысқамалдың күнгей бетінде жусан, бетеге, тобылғы, тасжарған сияқты өсімдіктер жыл он екі ай мал жайсаң да мұрты бұзылмай тұтасып тұрады. Әсіресе, көктем айларында беткейде қызғалдақтар құлпырады. Жазы шыбын-шіркейсіз қоңыр салқын. Жолбарысқамалдың табиғаты керемет. Алайда қыс айларында көрсетіп қалатын мінезі бар. Батыстан шығысқа қарай азынап жел соғады. Жел бір күн тоқтамаса, үш күнге, ұзаса, жеті күн борандатады.

Осы Жолбарысқамал туралы ерте заманнан ел есінде қалған аңыз да бар. Бұл жерде бұрын ит тұмсығы өтпейтін ну қамыс болған екен. Сол қалың қамыс арасын жолбарыстар мекендепті. Төрт түлікке қырғидай тигеннен кейін бабаларымыз олардан құтылмақ болып, қырып салған. Сонда өлген жолбарыстардың ішінен қызыл түлкі шығыпты. Сол қызыл түлкі қайта қызыл жолбарысқа айналып, барша қазақтың киесіне айналған деседі.

> *Жолбарысқамал сайынан қазірдің өзінде шайқас үнін естігендер бар. Сондай-ақ сай табанынан аққан өзеннен қалың қол әскер атының тұяғы өткен іздерді кезіктіргенін малшылар айтады. Тағы бір таңғаларлығы, ай толық туған түнде өзенде сықылықтап күліп, шомылған қыздардың да дауысы естіледі екен. Бұл – әрине, ел ішінде жүрген тылсым әңгіме. Оның ақиқатпен қаншалықты астасатынын тап басып айту қиын.*

Жолбарысқамал сайынан қазірдің өзінде шайқас үнін естігендер бар. Сондай-ақ сай табанынан аққан өзеннен қалың әскер атының тұяғы өткен іздерді кезіктіргенін малшылар айтады. Тағы бір таңғаларлығы, ай толық туған түнде өзенде сықылықтап күліп, шомылған қыздардың да дауысы естіледі екен. Бұл – әрине, ел ішінде жүрген тылсым әңгіме. Оның ақиқатпен қаншалықты астасатынын тап басып айту қиын.

Жолбарыс хан Ташкентке билеуші болып тағайындалғаннан кейін, ол шаһарға 1740 жылдың мамыр айына дейін билік құрады. Сөйтіп, 49 жасында өмірден өтеді. Жолбарыс ханның өлімі туралы түрлі дерек бар. Қазыбек Тауасарұлы оны Шахрух бидің қызметшісі, тәжік жігіті Файыз өлтіргенін айтады. Шахрухтың Әбдірахым, Әбдікәрім деген балалары Жолбарыс ханға көптен бері өшігіп жүреді. Файыз солардың жұмсауымен ордасында жатқан ханды бауыздап кетеді. Тарихшы Ұ.Доспанбетов болса, Жолбарыс хан салық төлеуші өзбек ақсүйектерінің сөз ұстарлары әкелген шараптан ішіп, уланып өлгенін айтады.

«Ақтабан шұбырындының үркіншілік жылдарында Төле би бастаған Ұлы жүздің біраз тайпасы Өзбекстан, Қарақалпақстан жеріне өтіп кетеді де, Ташкент жаудан азат етілген соң атажұртқа қайта оралады. Бұл кезде Ұлы жүздің қаласы Ташкентті және оның төңірегін Жолбарыс хан иемденіп алады. Бұған төзбеген Төле би Жолбарыс ханнан қаланы қайта тартып алады. Осы соғыста ол ауыр жараланып, сол жарақаттан қайтыс болады. Төле би оны кешегі ата жауым демей, ханды құрметпен Түркістанға апарып жерлейді» – деп жазады жазушы Ә.Бақтияұлы.

Негізі, Жуалы өлкесінің Қошқарата аймағындағы Жолбарысқамал аталатын жер – Жолбарыс ханның құрметіне қойылған атау. Мағынасы «Жолбарыс ханның қар құрсауында қамалған жері» дегенді білдіреді. Осы Қошқарата аймағындағы бірқатар жер-су атауы қалмақтардан қалған. Мысалы, «Боралдай» атауы – қалмақша «лай су» дегенді, «Тұра» сөзі – «қақпа» деген мағынаны, «Шаян» сөзі – «шығыс», «Өгізарал» сөзі «сулы жер» деген мағынаны білдіреді деседі.

Жолбарыс хан туралы тарих бүгінгі күнге дейін түрліше сөйледі. Бір деректе ол қалмақтардың алым-салық жинаушысы ретінде Төле биге қарсы шыққан хан ретінде айтылса, енді екінші деректерде 1728 жылы Төле би мен Әбілқайырмен бірге Қаратау өңірін, Талас, Шу бойын жоңғарлардан азат еткен шайқастарға басшылық еткені баяндалады. Сондай-ақ Жолбарыс хан 1729 жылы Аңырақай шайқасына да қатысқан. Жолбарыс хан кейін Абылаймен қосылып, жоңғарларға қарсы күрес ұйымдастырған. Соның нәтижесінде Ташкент, Шымкент, Сайрам, Түркістан қалаларын жоңғар басқыншылығынан азат еткен.

«Тарихты жеңімпаздар жазады» дейді ертеден келе жатқан қағидат. Сондықтан бізге жеткен тарих жылдар бедерінде сан бұрмалануы бек мүмкін. Жолбарыс хан туралы әлі де мұрағаттардан зерттеуді қажет етеді. Ең бастысы, Жолбарыс хан мекен еткен «Жолбарысқамал» бекінісі Жамбыл жерінде қалып отыр. Осының өзі – кейінгілерге мол мұра.

Жамбыл облысы

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН АҚСАҚАЛ

Қарағанды облысына қарасты Шет ауданында тұратын 74 жастағы Дәрібай Оспанов есімді ақсақал жақында пауэрлифтингтен өткен Азия, Океания және Африка чемпионатында ардагерлер арасында екі мәрте жеңіске жетіп, екі рекорд жаңартты.



Жарыс оңайға соқпады. Өйткені оған әлемнің 80 елінен келген спортшылар қатысқан болатын. Бұл жарыста Дәрібай Оспанов 83 келі салмақ дәрежесінде пауэрлифтингтің екі түрімен ардагерлер арасында М-4 (70 жастан асқан) кіші топта бақ сынасты. Классикада ол отыруда – 130 келіні, жатып сығымдап көтеруде – 120 келі және бітімге тартуда 150 келіні, жалпы 400 келіні бағындырды. Осылайша, жалпы есепте I орынды иемденді. Жабдықты түрде отыруда – 140 келіні, жатып сығымдап көтеруде – 150 келіні, бітімге тартуда – 160 келіні, жалпы есептегенде, 450 келіні ырқына көндірді. Сайыстың бұл кезеңінде де бас жүлдегер атанып, ардагерлер арасында Азияның абсолютті чемпионы ретінде танылды. Ал жабдықты түрде 150 келіні жатып сығымдап көтергені және 450 келіні көпсайыста көтергені үшін Азияның екі рекордын орнатты.

– Мен спортқа ойламаған жерден келдім. Ауыр жаттығулардың арқасында Азия мен әлемнің бірнеше дүркін чемпионы атандым. 63 жасымда халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алдым. Әлемдік рекордты 2021 жылы 72 жасымда Теміртауда өткен Қазақстан чемпионатында қайталадым. Гонконгтағы чемпионатқа төрт ай дайындалдым. Әрине,

қиын болды, бірақ жақсы нәтиже көрсеттім. Сегіз медаль жеңіп алдым, қазір он дүркін Азия чемпионы, әлемнің үш дүркін күміс жүлдегерімін, – дейді Дәрібай аға.

Ақсақалдың бұған дейінгі жарыс жолындағы еңбегі жоғары бағаланып, ақпан айында Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан алғысхат, сағат және Бурабайдағы демалыс үйіне жолдама табыс еткен болатын. Дене шынықтыру және спорт басқармасы ақсақалды спорттық құрал-жабдықтар сертификатымен марапаттады.

Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, пауэрлифтингтен Азия мен әлемнің екі дүркін чемпионы, Еңбек сіңірген жаттықтырушы Дәрібай Оспанов 1949 жылы теміржолшылар отбасында дүниеге келген. Ол ата-анасының ізін басып, бүкіл өмірін теміржолға арнаған. Спортпен жас кезінен айналысқан. Соңғы 18 жылда пауэрлифтингке қатты қызығушылық танытқан. Ол өзінің алғашқы жеңісін 2010 жылы Филиппинде өткен Азия чемпионатында қанжығалапты, бұл додада салмағы 140 келі штанганы көтерген.

Дәрібай Оспанов үш бала тәрбиелеп, олардың барлығының спортқа деген сүйіспеншілігін оятқан. Кенже ұлы Қараманды 13 жасынан бастап өзі жаттықтырады. Нәтижесінде, Қараман Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, пауэрлифтингтен халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанды. Ол жарыстарда өнер көрсетіп қана қоймай, туған ауылы Ағадырда балаларды жаттықтырады.

Үлкен ұлы Алмаз Оспанов – халықаралық дәрежедегі спорт шебері, жоғары санатты жаттықтырушы. Ортаңғы ұлы Манас Оспанов спорт шебері. Әулеттің жастары да үлкендерінен үлгі алуда. Дәрібай Оспановтың немересі Айтас – пауэрлифтингтен сайыстарға бірнеше мәрте қатысқан, спорт шебері нормативін орындаған.

Дәрібай Оспанов мұнымен тоқтап қалмайтынын айтады. Ол аптасына бес рет жаттығуды жалғастырып, ұлдарымен бірге биылғы халықаралық жарыстарда Қазақстанның намысын қорғауға әзірленіп жатыр.

– Қазан айында Моңғолиядағы әлем біріншілігіне қатысуды жоспарлап отырмыз, ал маусым айында Үндістанға барамыз. Жарысқа тұрақты түрде дайындаламыз. Спорттағы ұзақ өмір сүрудің басты құпиясы – жата бермей, үнемі денешынықтырумен айналысу, жақсы қан айналымы үшін сыртта жүгіру қажет. Сонымен қатар алдымызға мақсат қойып, оларға қол жеткізуіміз керек. Менің мақсатым – еңбек сіңірген спорт шебері атағын алу және бірнеше рет чемпион болу, – дейді спорт ардагері.

Спортпен шұғылданып қана қоймай, әлемдік біріншіліктерде атой салып жүрген Дәрібай ақсақалдың жеңісті де жемісті жолы жастарға үлгі...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN апта
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Асқар БЕК – Сайттың бас редакторы
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4328
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар – Айхан ШӘРІП, Наурызбек САРША